

www.freedomholdingcorp.com



2024

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

01

КІРІСПЕ	3
• Есеп туралы.....	4
• Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директорының үндеуі.....	5
• Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі.....	6
• Компанияның даму тарихы.....	7

02

FREEDOM HOLDING CORP. БҮГІНГІ ТАҢДА	8
• Компания туралы.....	9
• Қызмет географиясы.....	10
• Цифрлық экожүйені жасау.....	11
• Мүдделі тараптармен өзара әреке.....	13

03

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	17
• Тұрақты дамуды басқару тәсілі.....	18
• Тұрақты дамудың басты нәтижелері.....	20
• Маңызды тақырыптарды анықтау.....	21
• БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі үлесі.....	22

04

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	25
• Корпоративтік басқару жүйесі.....	26
• Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау.....	32
• Іскерлік этика және комплаенс.....	34
• Кері байланыс механизмдері.....	37

05

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ	38
• Қызметкерлерді басқару жүйесі.....	39
• Адам құқығы.....	46
• Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау.....	48

06


ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕС	49
• Жергілікті қоғамдастықтар мен қызмет көрсету өңірлерінің дамуына көзқарас.....	50
• ТДМ 3: Жақсы денсаулық және әл-ауқат.....	51
• ТДМ 4: Сапалы білім беру.....	54
• ТДМ 9: Индустрияландыру, инновация және инфрақұрылым.....	57
• ТДМ 13: Климаттың өзгеруіне қарсы күрес.....	59
• Өзге жобалар.....	60

07

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	61
• Экологиялық әсерді басқару әдісі.....	62
• Климаттың өзгеруі.....	63
• Энергия тұтыну және энергия тиімділігі.....	67
• Су ресурстарын пайдалану.....	68
• Қалдықтарды басқару.....	69

08

ҚОСЫМШАЛАР	70
• 1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі.....	71
• 2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі.....	86
• 3-қосымша: Есеп беру кезеңінен кейінгі оқиғалар.....	88
• 4-қосымша: Глоссарий.....	90
• 5-қосымша: Тәуелсіз аудит мәлімдемесі.....	91
• 6-қосымша: Негізгі акционердің қосқан үлесі.....	92



SEC-ке тапсырылған жылдық 10-К есебін оқу үшін төмендегі кодты сканерлеңіз:



КІРІСПЕ

Есеп туралы	4
Freedom Holding Corp Бас атқарушы директорының үндеуі.....	5
Freedom Holding Corp. Турақты даму жөніндегі бас директорының үндеуі.....	6
Компанияның даму тарихы.....	7



ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 2-3

Бұл Тұрақты даму туралы есеп (Есеп) Freedom Holding Corp. компаниясының (бұдан әрі – Компания) екінші есебі болып табылады, және де Компанияның 2023 жылғы 1 сәуірден 2024 жылғы 31 наурызға дейінгі есептік кезеңдегі тұрақты даму саласындағы қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды. Тұрақты даму көрсеткіштері бойынша мүдделі тараптарды ақпараттандыру мақсатында және көрсетілетін деректердің сапасы мен салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін Есеп тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі Жаһандық бастаманың (Global Reporting Initiative, GRI) Consolidated Set of the GRI Standards 2021 стандарттарына және тұрақты даму саласындағы есепке алу стандарттары жөніндегі Кеңестің (SASB) стандарттарына сәйкес дайындалды. Сонымен қатар Есептің мазмұны келесі бастамаларға сәйкес ақпаратты ашады:

- БҰҰ Жаһандық шарты (БҰҰ ЖШ);
- БҰҰ-ның 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму жөніндегі күн тәртібі.

ЕСЕП ШЕКАРАЛАРЫ

GRI 2-2

Деректер қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға елеулі әсер ететін еншілес ұйымдар бойынша шоғырландырылды және келесі ұйымдарға (бұдан әрі – Есептік топ) қатысты жарияланды:

- Freedom Holding Corp.;
- «Фридом Финанс» АҚ;
- Freedom Finance Global PLC;
- Freedom Finance Europe Ltd.;
- «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ ¹;
- «Freedom Life» ӨСК» АҚ;
- Freedom Technologies LLP;
- «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ;

¹ Есептік кезеңнен кейін атауы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ атауына өзгертілді.

- Freedom Telecom Holding Ltd.;
- «Arbuz Group» ЖШС;
- «Freedom Shapagat» КҚ.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдары, есеп беру шегінен тыс ұйымдарды қоса алғанда, бұдан әрі Топ деп аталады.

СЫРТҚЫ КЕПІЛДІК

Freedom Holding Corp. 2024 жылдың 31 наурызында және 2023 жылдың 1 сәуірінен 2024 жылдың 31 наурызы аралығында Компанияның Тұрақтылық есебіндегі тұрақтылық ашықтығына шектелген кепілдік беруді жүзеге асыру үшін Deloitte, LLP компаниясын тартты. Толығырақ мәліметтер үшін 5-қосымша: Тәуелсіз аудит мәлімдемесін қараңыз.

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН МӘЛІМДЕМЕЛЕР

Осы есепте Компанияның ағымдағы болжамдары мен күтулеріне негізделген кейбір болашаққа бағытталған мәлімдемелер бар. Бұл мәлімдемелер әдетте «мақсат қою», «күтіледі», «сенеміз», «міндеттенеміз», «мүмкін», «қозғау», «бағалау», «мақсатқа жету», «ниет», «болуы ықтимал», «іздейміз», «нысана» және «болады» сияқты сөздермен немесе ұқсас тіркестермен бірге беріледі. Есептегі негізгі болашаққа бағытталған мәлімдемелерге Компанияның тұрақтылыққа қатысты мақсаттары, міндеттері және бағдарламалары; әлеуметтік мақсаттары, бағдарламалары және міндеттері; ESG тәуекелдері мен мүмкіндіктерінің ауқымы мен әсері; сондай-ақ үшінші тараптардың стандарттары мен күтулері кіреді.

Барлық болашаққа бағытталған мәлімдемелер 1995 жылғы Жеке бағалы қағаздар бойынша сот ісін жүргізу реформасы туралы заңның өзгертілген нұсқасындағы болашаққа бағытталған мәлімдемелерге арналған қорғауды қамтиды. Freedom Holding Corp. болашаққа бағытталған



мәлімдемелер үшін негіз бар деп сенгенімен, нақты нәтижелеріне, соның ішінде мақсаттарына, міндеттеріне немесе уәделеріне жетуі едәуір өзгеше болуы мүмкін. Бұл болашаққа бағытталған мәлімдемелер негізінен Компания күтулері мен пайымдауларына негізделді және олардың көпшілігі күтпеген және Компанияның бақылауынан тыс тәуекелдер мен белгісіздіктерге ұшырауы мүмкін. Бұл тәуекелдерге Компанияның көрсетілген ESG және тұрақтылық мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігі, сондай-ақ 10-К нысаны бойынша соңғы жылдық есебінің және кейінгі тоқсандық есептердің 1А тармағында анықталған тәуекелдер, деректерді жинау мен талдау әдістерінің дәлдігі кіреді. Мұндай ақпаратқа қосымша белгісіздіктер жатады, өйткені деректерді жинау мен талдау әдістерінде шектеулер бар. Компания сыртқы ресурстар мен кеңесшілерден алынған ақпаратты сенімді деп санаса да, оның дәлдігіне жауапкершілік алмайды.

Осы есепте қамтылған ақпарат сондай-ақ Компанияға ішкі және сыртқы көздерден алынған

есептіліктің сапасы мен толықтығына байланысты, сондықтан шамамен алынған және/немесе болжамды мәндер болуы мүмкін. Бұл есептің әр бөліміндегі деректердің қолжетімділігі әртүрлі екенін атап өту маңызды. Компанияның мақсаттарына және міндеттемелеріне бірнеше жыл немесе онжылдықтар қажет болуы мүмкін үлкен мақсаттар кіреді. Компания кез келген болашаққа бағытталған мәлімдемелердің көрсеткен немесе болжанған нәтижелері орындалатынына немесе егер олар орындалса да, сол нәтижелер болжамды немесе күтілетін салдарларға ие болатынына кепілдік бере алмайды. Компания болашаққа бағытталған мәлімдемелерді бағалауда жоғарыда аталған барлық тәуекелдер мен белгісіздіктерді мұқият қарастыруға шақырады. Компанияның есеп берудегі болашаққа бағытталған мәлімдемелер жасалған күнінде өзекті болып табылады және Компания жаңа ақпаратты, кейінгі оқиғаларды немесе жағдайларды көрсету үшін немесе өзге де себептермен осы мәлімдемелерді жаңартуға міндеттеме алмайды.



ТИМУР ТУРЛОВ

Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры

FREEDOM HOLDING CORP. БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-14



Құрметті акционерлер, клиенттер және әріптестер!

Өткен жыл, бұрынғы жылдардай, Freedom Holding Corp. үшін маңызды жетістіктерге жету кезеңі болды. Біз бизнестің рекордтық көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, нарықтағы орнымызды айтарлықтай нығайтып, қаржылық тұрақтылығымызды арттырдық.

Біз цифрландырудың алдыңғы қатарында бола отырып, клиенттерімізге заманауи технологияларға негізделген өмір салтын қолдауға мүмкіндік беретін ең үздік цифрлық шешімдер арқылы жоғары деңгейлі қаржылық қызметтерді ұсынуды жалғастырамыз. Біз брокерлік және банктік қызметтерден бастап электронды саудаға дейін клиентке бағытталған қызметтерді дамытып жатырмыз, сонымен қатар Қазақстан телекоммуникация нарығына кіру арқылы жаңа жетістіктерге қол жеткізудеміз. Біздің нақты мақсатымыз – бірыңғай интерфейс арқылы маңызды қызметтердің толық жиынтығын ұсынатын бірегей қаржы-техникалық экосистеманы құру. Freedom Holding Corp. жаһандық кеңейтуді жалғастыруды мақсат етеді, соның ішінде АҚШ-та инвестициялық банкинг, капитал нарықтары бойынша кеңес беру және аналитиканы одан әрі дамыту, сондай-ақ Еуропа мен Орталық Азияда өсім мүмкіндіктерін іздеуді жоспарлап отыр.

Жалпы, Freedom Holding Corp. жай ғана ірі компания емес, нарықтың жүйелі маңызды ойыншысына айналуда. Тұрақты даму, беделді басқару және біздің қатысу аймақтарындағы негізгі мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынас орнату үшін компаниямыз ESG күн тәртібін белсенді түрде енгізуде. Осылайша, біз қызмет көрсететін елдердің ұзақ мерзімді тұрақты дамуына деген міндеттемемізді көрсетеміз. Біздің әлеуметтік инвестицияларымызды бақылап отырған серіктестеріміз біз ортақ болашаққа инвестиция салып жатқанымызды түсініп, бізге деген сенімдерін арттырады.

Жаһандық маңызы бар әлеуметтік бастамаларға қатыса отырып, біз толыққанды ESG трансформациясын жүзеге асырамыз және корпоративтік басқару жүйемізді үздіксіз жетілдіреміз. Компанияда тұрақты даму жөніндегі бас директор лауазымы бекітілді, ал өткен жылдың тамызы айында біз «Freedom Sharepat» Корпоративтік Қорын құрдық.

Біз қолдайтын жобалардың тізімі кең және оған маңызды спорттық бастамалар секілді жобалар кіреді. Біздің қаржылық және ұйымдастырушылық ресурстарымыздың арқасында Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі мыңдаған жастар қазір кәсіби шахмат пен футбол мансабын жалғастыруға мүмкіндік алды. Оған қоса, бірнеше экологиялық жобалар жүзеге асырылды, оның ішінде тартылып жатқан Арал теңізінің су деңгейін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мен үшін Орталық Азиядағы БҰҰ Жаһандық шарты Консультативтік комитетінің Төрағасы лауазымына сайлануым үлкен мәртебе болды. Бұл менің өмірімде ғана емес, сонымен қатар заманауи, әлеуметтік жауапты жаһандық компания ретінде бүкіл Freedom Holding Corp. өміріндегі маңызды кезең. Біз адамдарға тек қамқорлық, тең мүмкіндік пен қолайлы орта жасау арқылы жауапты жұмыс беруші бола алатынымызға сенеміз.

Біздің осы стратегиялық маңызды бағыттағы белсенділігіміз тек арта түсетінін сеніммен айта аламын. Ақша табу және оларды дұрыс басқару қабілеті Freedom Holding Corp.-тың әрдайым ерекшелігі болды. Біз ESG бағыты бойынша белсенділігімізді күшейте отырып, өте маңызды және құнды іс атқарып жатқанымызды түсінеміз. Біздің ортақ міндетіміз – Freedom Holding Corp.-тың негізгі қағидаттарына адал бола отырып, заман талаптарына сай болу. Біз осында ұзақ уақытқа қалуға ниеттіміз.

Құрметпен,
Тимур Турлов



БАГЛАНА МУСИНА

Freedom Holding Corp. Тұрақты даму жөніндегі
Бас директоры

FREEDOM HOLDING CORP. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-14



Қадірлі достар!

Сіздердің назарларыңызға
2024 жылдың 31 наурызында
аяқталған қаржы жылына

арналған Тұрақты даму туралы есебін ұсынамыз. Есепті жариялау операциялық қызмет туралы мәліметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін, сондай-ақ мүдделі тараптардың Компанияның тұрақты даму саласындағы саясаты туралы хабардар болуын арттыру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Жыл сайынғы ашық қаржылық емес есептілік реттеуші қаржылық есептіліктің дәстүрлі нысандарын толықтыра отырып, Freedom Holding Corp. қызметі туралы ақпаратты ашудың тиімді құралына айналады.

Freedom Holding Corp. компаниясындағы тұрақты даму тек бір кәсіби командаға байланысты емес, Топтың барлық ұйымдары мен әріптестеріміздің бірлескен күш-жігеріне тәуелді.

Есепті кезеңде біз жоғарғы басқару, ESG мамандары және көптеген қызметкерлер арасында тұрақты дамуды түсінуді арттыру және дағдыларды дамыту

үшін кешенді шаралар қабылдадық. Сонымен қатар, біз компанияның ESG әсерлерін басқару тәсілдерімізді жетілдіріп, ресми түрде бекіттік, нәтижесінде ESG саясатын және Адам құқықтары саясатын қабылдадық.

Біз тұрақты даму саласындағы халықаралық қауымдастықтарға белсенді қатысамыз және біз таңдаған Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу саласында оң әсерді күшейту мақсатында жаһандық стратегиялық серіктестіктер орнату үшін негізгі мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаймыз. БҰҰ Жаһандық шартына қол қоюшы бола отырып, біз өз қызметімізді адам құқықтары, еңбек қатынастары, экология және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бастамада баяндалған әмбебап қағидаттарға сәйкес құруға міндеттенеміз.

Жыл сайын Топ жарияланатын ақпараттың сапасы мен егжей-тегжейлілігін жақсартуда. Ағымдағы есеп GRI талаптарына сәйкес дайындалып, SASB салалық стандарттарына сай ашылымдарды қамтиды. Ерекше назар кадрлық есеп, адам құқықтары, климаттың өзгеруі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша көрсеткіштерді кеңейтуге аударылды. Сонымен қатар, іссапар шығындылары мен банк секторының қаржыландырылатын шығындыларын

қамтитын Score 3 шығарындыларының қосымша санаттары есептелді.

Жалпы, өткен қаржы жылында қойған барлық мақсаттарымызға қол жеткіздік. Келесі қаржы жылында біз толыққанды ESG стратегиясын және әлеуметтік саясатты әзірлеуге, сондай-ақ ESG факторларын тәуекелдерді басқару жүйемізге интеграциялауды жалғастыруға ниеттенеміз.

Біз теріс әлеуметтік және экологиялық әсерді барынша азайтып, мүдделі тараптармен стратегиялық әріптестікті нығайта отырып, Топтың бизнесін тұрақты ұзақ мерзімді дамытуды қамтамасыз ету үшін тәжірибелер мен құралдарды одан әрі жетілдіруді жалғастыруға ниеттіміз.

Құрметпен,
Баглана Мусина

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Компанияның ізашары Юта штатында (АҚШ) тіркелген.

«Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ Қазақстанда брокерлік компанияны сатып алды, ол кейінірек «Фридом Финанс» АҚ болып өзгертілді.

Еуропада брокерлік компания құрылды.

Компания кері жүту туралы келісім жасады және өз атауын BNB Munai Inc. атауынан Freedom Holding Corp. атауына өзгертті және Freedom Finance Europe Ltd., «Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы» ЖШҚ (Ресей) және «Фридом Финанс» АҚ (Қазақстан) сатып алды.

Freedom Finance Europe Ltd. тұрақты лицензиялауды аяқтап, реттеуші орган лицензиясын алды (20.05.2015 жылы Бағалы қағаздар және биржалар туралы Кипр комиссиясы (CySEC) берген CIF 275/15 лицензиясы).

Freedom Holding Corp. акциялары Nasdaq-та листинг үшін мақұлданып, 15 қазанда олардың саудасы басталды.

Компания екі сақтандыру компаниясын сатып алу бойынша мәмілені аяқтады: ««Freedom Finance Insurance» СК» АҚ және «Freedom Life» ӨСК».

Арменияда және Әзірбайжанда брокерлік компанияларды ашты.

2024 жылы Компания Қазақстандағы телекоммуникациялар нарығына кіру жоспарын жүзеге асыруды бастады, Freedom Telecom Holding Limited («Freedom Telecom») атты еншілес компанияны құрды.



2 Украинада операциялар тоқтатылды.

FREEDOM HOLDING CORP. БҮГІНГІ ТАҢДА



Компания туралы.....	9
Қызмет географиясы.....	10
Цифрлық экожүйені жасау.....	11
Мүдделі тараптармен өзара әрекет.....	13

- Топтың географиялық ауқымын кеңейту;
- Цифрлық экожүйемізді дамыту;
- Инновациялық цифрлық өнімдерді жасау;
- Мүдделі тараптармен белсенді өзара әрекеттесу.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

GRI 2-1, 2-6


Freedom Holding Corp. — бұл Невада штатында тіркелген, акциялары қор биржасында саудаланатын холдинглік компания. Есептік топтың негізгі нарығы — Қазақстан. Freedom Holding Corp. өз еншілес ұйымдары арқылы халықаралық деңгейде жұмыс істейді, олар кең ауқымды қаржылық қызметтерді, соның ішінде бағалы қағаздар брокерлігі, клиенттер үшін және Топтың өз есепшоты үшін бағалы қағаздармен мәмілелер, маркет-мейкинг қызметтері, инвестициялық зерттеулер, инвестициялық кеңес беру, инвестициялық банкинг қызметтері, бөлшек және коммерциялық банкинг, сақтандыру өнімдері, төлем қызметтері және ақпаратты өңдеу қызметтерін ұсынады. Компания сондай-ақ телекоммуникация, туризм, билет сату, медиа, жарнамалық және цифрлық нарықтар сияқты қаржы секторынан тыс бірнеше жобаларды іске асыруда. Есептік топтың өнімдері мен қызметтерін ұсынудағы мақсатты клиенттері — жеке тұлғалар және шағын және орта бизнес.

КОМПАНИЯ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЛИСТИНГІ

Компанияның акциялары Nasdaq Capital Market, Қазақстан қор биржасында және Астана халықаралық биржасында саудаланады.

1-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КОМПАНИЯ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЛИСТИНГІ

		
<p>ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ (KASE)</p>	<p>АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИРЖАСЫ (AIX) ³</p>	<p>NASDAQ ҚОР БИРЖАСЫ</p>
<p>Тикер: FRHC_KZ</p>	<p>Тикер: FRHC</p>	<p>Тикер: FRHC</p>




³ Компания 2024 жылғы шілде айында өзінің құнды қағаздарын AIX-ке орналастырды.

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ ⁴

2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Компанияның Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Әзірбайжанда, Арменияда, Түркияда, Еуропалық Одақта, Біріккен Араб Әмірліктерінде, АҚШ-та, Германияда және Кипрде жұмыс істейтін еншілес компаниялары болды, сондай-ақ Кипрдегі брокердің Австрия, Болгария, Грекия, Франция, Испания, Италия, Польша және Нидерландыдағы өкілдіктері бар.

■ Компания кеңселері

■ Компания клиенттері



Топ әлем бойынша

> **160** кеңселерде

өз қызметін көрсетеді.

⁴ Деректер осы Есептің шекарасына кірмейтін Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарын ескере отырып, ұсынылған.

ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ЖАСАУ

Топ құрамындағы барлық компаниялар арасында ынтымақтастықты нығайту – Компанияның негізгі міндеттерінің бірі. Берік цифрлық экожүйені құру Компанияға нарықтағы бәсекелестік артықшылықты сақтауға және цифрлық операцияларды үздіксіз кеңейту, мемлекеттік дерекқорлармен жүйелерді біріктіру және Big Data-ны пайдалану арқылы өсу қарқынын жеделдетуге көмектеседі.

1-СУРЕТ. ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ЖАСАУ



Freedom Holding Corp. қаржы секторындағы ағымдағы трендтерден озық болуға ұмтылады. Компанияның негізгі мақсаттарының бірі – өнімдер мен қызметтерді цифрландыру, оларды мемлекеттік және банк қызметтерімен біртұтас интеграциялау арқылы клиенттеріне жаңа мүмкіндіктер ашу. Есептік топ цифрландыруды үздіксіз жетілдіре отырып, деректердің құпиялылығының қатаң стандарттарын сақтайды.

Freedom Holding Corp. Қазақстанда енгізілген инновациялық интеграцияланған қаржы технологияларын әлемнің басқа нарықтарына да кеңейтуді жоспарлап отыр. «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-нің цифрлық ипотека өнімдері, мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен компания ұсынатын басқа да кредиттеу бағдарламаларының клиенттеріне қажетті ақпаратқа тиімді қол жеткізу үшін 90- нан астам GovTech ⁵ деректер базасымен өзара әрекеттеседі. Есептік топтың технологиялық платформалары көптеген қызметтерді оңай қол жеткізуге болатын қосымша құнды қызметтер жиынтығына біріктіріп, брендке деген адалдықты нығайтады.

Freedom Pay төлем жүйесі жергілікті және халықаралық карталар, Apple Pay, Google Pay, электрондық әмияндар, хабарламалармен алмасу қосымшалары және т.б. төлем жасауға мүмкіндік беретін Есептік топтың көптеген өнімдері мен қызметтерімен оңай біріктіреді. Freedom Pay жетілдірілген инфрақұрылымы арқасында жоғары өткізу қабілетін, жылдам және қарапайым интеграция әдістерін, әртүрлі пайдаланушы қолдауын және алаяқтыққа қарсы ішкі шешімін ұсынады, бұл барлық еншілес компанияларға онлайн төлемдерді өңдеуге мүмкіндік береді.



2011 жылы іске қосылған Arbutz.kz онлайн супермаркеті жаңа піскен азық-түлік, тұрмыстық тауарлар және косметика жеткізумен айналысады. Оның миссиясы – клиенттердің уақытын үнемдеу және оларды күнделікті жұмыстардан босату. Клиенттер компанияның веб-сайты мен мобильді қосымшасы арқылы жеткізу уақытын ыңғайлы түрде таңдай алады. Супермаркет үнемі жеңілдіктер, акциялар және промокодтар ұсынады. Денсаулыққа пайдалы тағамдарды қамтамасыз етуге ұмтылған компания үнемі жаңа диеталық, глютенсіз және өсімдік негізіндегі өнімдердің ассортиментін кеңейтуде. 2024 жылы супермаркет жергілікті өндірушілердің органикалық өнімдерін қамтитын Arbutz Select желісін іске қосты. Қатты пластик қалдықтарын азайту үшін клиенттер қағаз және пластик пакеттерді қайта

өндеуге тапсыру үшін жеткізу қызметкерлеріне қайтара алады. Freedom Telecom заманауи телекоммуникациялық компания ретінде Қазақстан Республикасындағы әрбір үйге жоғары жылдамдықты интернет қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін құрылmaq. Компания клиенттерге жоғары сапалы интернет байланысы, мобильді виртуалды желі операторы (MVNO) қызметтері, WiFi қолжетімділігі және басқа да телекоммуникациялық қызметтердің кең спектрін ұсынатын болады. Компанияны басқару үшін мобильді телекоммуникациялар саласында кең тәжірибесі бар сарапшылар тобы тағайындалды, бұл Freedom Telecom-ды Қазақстанда қаржылық қызметтер мен телекоммуникацияларды біріктіретін экожүйені сәтті іске асыруға жоғары дәрежеде дайындады.

⁵ GovTech термині стартаптар, инновациялық компаниялар және мемлекеттің өзі жаңа технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік өнімдер мен қызметтерді цифрлайтын бағытты білдіреді.

ЦИФРЛЫҚ ӨНІМДЕР

ЦИФРЛЫҚ БАНК ӨНІМДЕРІ:

Цифрлық ипотека. 2021 жылдың шілдесінде «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ онлайн режимінде 24 сағат ішінде қарыз алуға мүмкіндік беретін жоғары цифрлық ипотекалық өнімді іске қосты. Бұл цифрлық ипотекалық өнім «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-ның Қазақстан нарығындағы жетекші ипотекалық несиелер берушілердің біріне айналуына ықпал етті.

Цифрлық автосенесі. 2022 жылдың маусым айында «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ автосенесіні онлайн алуға мүмкіндік беретін цифрлық өнімді іске қосты. Платформа автокөлікті сатып алу процесін неғұрлым ашық әрі тиімді етіп, сондай-ақ қаржылық алаяқтық немесе жеке деректерді ұрлау қаупін азайтады. 2024 жылдың 31 наурызына қарай «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-мен серіктестікте 305 автосалон жұмыс істеген, олардың кейбірі көлікті бөліп төлеу арқылы сатып алуға мүмкіндік береді.



Шағын және орта кәсіпорындарға арналған цифрлық несиелер. Компания заңды тұлғаларға жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуді және нарықтағы бизнесті қолдауды мақсат етеді. 2023 жылдың басынан бастап шағын бизнеске несиені небәрі бір күнде және құжаттарды физикалық түрде тапсырмай-ақ алуға мүмкіндік беретін цифрлық бизнес несиелер қызметі іске қосылды. «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ сонымен қатар кәсіпкерлерге өз бизнесін дамыту үшін жеңілдетілген мөлшерлеменен несиелер алуға мүмкіндік беретін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мемлекеттік бағдарламасының қатысушы болып табылады. Несиеге өтінімдерді цифрлық бизнес несиелер өнімі арқылы онлайн беруге болады.

САНДЫҚ БРОКЕРЛІК ӨНІМДЕР:

Tradernet – активтерді басқарудың бірегей эжожүйесін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерге бай сауда платформасы. Ол CRM жүйесін, сауда терминалын, бэк-офисті және ЕО Қаржы құралдары нарығы туралы ережеге (MIFIR) және Еуропалық нарықтық инфрақұрылым туралы ережеге (EMIR) сәйкес есептілікті біріктіріп, барлық фронт, орта және бэк-офис процестерінің үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Tradernet платформасында пайдаланушы 10 минут ішінде онлайн түрде брокерлік есепшот аша алады және iOS немесе Android қосымшасы не веб-нұсқасы арқылы әмбебап мультивалюталық есепшотта активтерін тиімді түрде басқаруға мүмкіндік алады. Платформа NYSE, NASDAQ, London Stock Exchange, Borse Frankfurt, Hong Kong Stock Exchange, Kazakhstan Stock Exchange, Astana International Exchange биржаларында және басқа әлемдік алаңдарда бағалы қағаздармен сауда жасауға мүмкіндік береді.

Tradernet акциялар, облигациялар, ETF, опциондар және репо сияқты 1 000 000-нан астам қаржы құралдарымен сауда жасау мүмкіндігін береді. Tradernet-тің аналитикалық құралдары нақты уақыт режимінде қаржылық активтерді қадағалауға, бағалы қағаздардың жеке тізімдерін жасауға және максималды ыңғайлылықпен сатып алу-сату сауда тапсырыстарын орналастыруға мүмкіндік береді.

Платформа интерфейсі 16 тілде 6 қол жетімді. Қосымша қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді – барлық маңызды операциялардың алдында жеке басын растау үшін пайдаланушыны анықтау, Face ID және Touch ID үшін бейне тексеру жүргізіледі.

INVEST CARD және жинақтаушы D-шот.

Freedom Broker 7 клиенттері брокерлік шотқа байланысты бірегей банктік картаны шығара алады. Ақшаны кез келген уақытта сауда-саттық емес D-шоттан бағалы қағаздарды сатып алу үшін сауда-саттық шотына аударуға болады. Аударым лезде жүзеге асырылады және комиссияны қажет етпейді. Содан кейін ақшаны картаға қайтаруға және бүкіл әлем бойынша сатып алулар үшін төлеуге болады. INVEST CARD картасын Apple Pay, Google Pay немесе Samsung Wallet-ке қосуға болады.

SOFR және EURIBOR мөлшерлемелеріне байланысты ұзақ мерзімді инвестициялау.

Өнім пассивті кіріс алуға мүмкіндік береді және

банктік депозиттің баламасы болып табылады. Инвестор ақшаны 3, 6 немесе 12 айға сақтауға қоя алады. Freedom Broker бағалы қағаздармен РЕПО мәмілелері арқылы клиентке пассивті табыс әкеледі. Кіріс американдық SOFR мөлшерлемелеріне және еуропалық EURIBOR мөлшерлемелеріне байланған.

ЦИФРЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ

DTP.kz – 2022 жылы іске қосылған сандық өнім. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бұл шешім сақтандыру жағдайы басталған кезде клиенттің сақтандыру компаниясымен өзара әрекеттесуін толық цифрландыруды ұсынатын Қазақстан нарығындағы бірден-бір платформа болып табылады. Бүкіл процесс ашық, жылдам және пайдаланушыға ыңғайлы. Бұған қоса, платформа Қазақстанның кез келген сақтандыру компанияларының клиенттері үшін Еуропаттама ресімдеуге мүмкіндік береді.



6 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша.

7 «Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC ортақ Freedom Broker брендімен қызмет көрсетеді.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ

GRI 2-29

Компания барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен үміттерінің маңыздылығын түсінеді және жыл сайын өзара әрекеттесу процестерін жетілдіру үшін жұмыс атқарады. Компанияның көзқарасы ашықтық, сенім және өзара сыйластық қағидаттарына негізделген.

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Freedom Holding Corp. мүдделі тараптардың мүдделерін олардан келіп түскен сұрауларға және кері

байланысқа жауап беру арқылы қорғауға ұмтылады. Көрсетілетін қызметтердің кең спектрін, күрделі ұйымдық құрылымын және ауқымды қызметін ескере отырып, Компания жергілікті, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарды қамтитын мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара әрекеттеседі.

Freedom Holding Corp. мүдделі тараптарды анықтау және олармен жұмыс істеу – бизнестің

іскерлік беделін жақсартуға, Компанияның капиталдандырылуына, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі екенін түсінеді. Жауапты функционалдық және құрылымдық бөлімшелер мүдделі тараптардың негізгі топтарын анықтаумен және олармен өзара әрекеттесуді үйлестірумен тұрақты негізде айналысады. Өзара әрекеттесудің негізгі құралдары корпоративтік

есептілік, Есептік топ ұйымдарының веб-сайттары, реттеушілердің жұмыс топтарына қатысу, сондай-ақ форумдарға, кездесулерге және өзге де іс-шараларға қатысу, БАҚ-та және Есептік топ компанияларының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау болып табылады.



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ТОБЫ

Акционерлер мен инвесторлар



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ КОМПАНИЯҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

- Экономикалық тиімділік, экономикалық пайда;
- Таза активтердің құны (Net Asset Value); және
- Нарықтардағы үлес және қатысу.

Менеджмент және қызметкерлер

- Жұмыспен қамту, қызметкерлердің қарым-қатынасы және басшылық;
- Кемсітушілікке жол бермеу;
- Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер;
- Оқыту және білім беру;
- Корпоративтік мәдениет деңгейін арттыру.



ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ МЕХАНИЗМДЕРІ

- Компания акционерлері мен Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жиналысы;
 - Жылдық прокси мәлімдемесін дайындау;
 - Сауалнама жүргізу;
 - АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі Комиссиясы үшін жылдық және тоқсандық есептерді дайындау;
 - Инвесторлар үшін презентациялар дайындау;
 - US GAAP стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізу;
 - Қаржылық емес есептілікті үнемі жариялау.
- Қызметкерлерді марапаттаудың әділ және ашық шарттарын қамтамасыз ету;
 - Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бойынша шараларды іске асыру;
 - Қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндік беру;
 - Қызметкерлерді компанияның қызметі, екіжақты коммуникациялар, әлеуметтік желілер және Компанияның корпоративтік веб-сайты арқылы кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы хабардар ету;
 - Корпоративтік коммуникация арналарының және Компанияның корпоративтік веб-сайтының жұмыс істеуі.



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ТОБЫ



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ КОМПАНИЯҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ



ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Клиенттер

- Нарықтағы өнімдер мен қызметтер желілерінің сапасы мен қолжетімділігі.
- Клиенттерге қызмет көрсету және өнімдерді ұсыну (соның ішінде цифрлық арналар арқылы);
- Клиенттердің әртүрлі санаттары үшін компанияның қаржылық қызметтері мен өнімдері туралы ақпаратты тарату;
- Клиенттердің қанағаттануы мен күтуін бағалау (NPS);
- Байланыс орталығы, цифрлық арналар және әлеуметтік желілер арқылы байланыс;
- Корпоративтік хабарландыруларды жариялау (баспасөздер);
- Қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша білім беру бастамаларын іске асыру;
- Қаржылық нәтижелерді және елеулі қаржылық емес ақпаратты жариялау.

Мемлекеттік органдар

- Талаптарға сәйкестік, бизнестің тұрақтылығы мен төзімділігі;
- Жұмыс орындарын құру және сақтау.
- Қолданыстағы талаптар мен заңнама нормаларын сақтау бойынша ақпаратты толық және уақтылы жариялау;
- Қаржы секторын дамыту жөніндегі кеңестер мен кездесулерге қатысу;
- Заңнамамен талап етілетін барлық төлемдер мен салықтарды төлеу;
- Қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, қорытындыларды алу, заңнаманы сақтау; және
- Қаржылық нәтижелерді және елеулі қаржылық емес ақпаратты ашу.

Қор биржалары

- Листинг ережелерін сақтау;
- Қаржылық есептілікті және өзге де ақпаратты уақтылы ұсыну.
- Қор биржаларының өкілдерімен тұрақты коммуникацияны жүзеге асыру;
- Компанияның корпоративтік веб-сайтында және биржалық реттеушіде ақпаратты ашу;
- АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы, Nasdaq және аймақтық биржалар үшін тоқсан сайынғы және жылдық есептерді дайындау және шығару.

БАҚ

- Ашықтық және адалдық;
- Мүдделі тараптар үшін маңызды аспектілер бойынша ақпаратты уақтылы ашу.
- Компанияның корпоративтік веб-сайтында ақпаратты жариялау;
- Корпоративтік хабарландыруларды жариялау (баспасөздер).

Үкіметтік емес ұйымдар

- Компанияның халықаралық келісімдерге, бастамаларға қатысуы.
- Конференцияларға, форумдарға және жыл сайынғы кездесулерге қатысу;
- Қол қойылған келісімдер, келісімшарттар немесе меморандумдар шеңберінде серіктестікке, демеушілікке және ынтымақтастықтың басқа да нысандарына қатысу;
- Тақырыптық немесе жобалық жұмыс топтарына қатысу;

Жеткізушілер

- Лайықты еңбек жағдайлары;
- Ашықтық пен адалдық;
- Бизнесті сапалы жүргізу;
- Нормативтік-құқықтық актілердің сақталуы, реттеушінің талаптарына сәйкестігі.
- Тұрақты даму мәселелері туралы жеткізушілердің хабардарлығын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу.

Рейтингтік және бағалау агенттіктері

- Капиталды жеткізушілерге арналған инвестициялық шешімдерді ақпараттандыру.
- Несиелік және ESG рейтингтерін тағайындауға/қайта қарауға өтінім;
- Рейтингтік агенттіктер қолданатын талаптар мен әдістемелердің тұрақты мониторингі;
- Рейтингтік агенттіктердің өкілдерімен және олардың зерттеушілерімен белсенді қарым-қатынас, компанияның баға алуы үшін қажетті деректерді ашу.

СЫРТҚЫ БАСТАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА МҮШЕЛІК

GRI 2-28

Freedom Holding Corp. БҰҰ Жаһандық шартына, өз қызметін БҰҰ ЖШ-ның адам құқығы, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет салаларындағы он қағидатына сәйкес құратын компаниялар үшін стратегиялық бастамаға қол қоюшы болып табылады. Қол қоюшы ретінде Компания өз қызметіне келесі қағидаттарды енгізу бойынша міндеттеме алады:

1. Адам құқықтарын қорғау:

- Компания халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуді және құрметтеуді мақсат етеді;
- Компания өз қызметі барысында адам құқықтарының бұзылуына мүлдем төзбеушілік танытады.

2. Еңбек қатынастары

- Компания бірлестік бостандығын қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын мойындайды;
- Компания мәжбүрлі еңбекке, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілік нысандарына қарсы;
- Компания балалар еңбегін пайдаланбайды;
- Компания еңбек қатынастарындағы кемсітушілікті айыптайды.

3. Қоршаған ортаны қорғау

- Компания сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;
- Компания қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған ішкі және сыртқы бастамаларды қабылдайды;
- Компания тұрақты дамуға ықпал ететін технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі;



4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

- Компания сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа төзбеушілігі туралы мәлімдейді.

Freedom Holding Corp. ұлттық және халықаралық қауымдастықтарға белсенді қатысу арқылы өз салаларындағы кәсіпқойлардың ауқымды қауымдастығына қол жеткізеді және негізгі мүдделі тараптармен, соның ішінде басқа корпорациялармен, инвесторлармен, қаржы сарапшыларымен және реттеушілермен ынтымақтастық үшін байланыс орнатады. Белгіленген ынтымақтастық стратегиялық серіктестікке, білім алмасуға және озық тәжірибеге ықпал етеді.

WE SUPPORT



Freedom Holding Corp. Жаһандық шартқа қол қоюшы болып табылады.

ҚАРЖЫ ЖӘНЕ САУДА ҰЙЫМДАРЫ

Астана халықаралық биржасы (AIX)



Қазақстан аумағында жұмыс істейтін Компанияның брокерлік және банктік еншілес ұйымдары кәсіби қатысушылар болып табылады; оған қоса, Орталық депозитарийдің мүшесі болып табылады.

Төлем ұйымдарының қауымдастығы



Freedom Technologies LLP қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы



Қазақстан аумағында операциялық қызметті жүргізетін Компанияның қаржылық еншілес ұйымдары қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Еуропаның Қаржы Нарықтары Қауымдастығы



Freedom Finance Europe Ltd. қауымдастықтың қауымдастырылған мүшесі болып табылады.

Қазақстан қор биржасы



Қазақстан аумағында операциялық қызметті жүргізетін Компанияның брокерлік және банктік еншілес ұйымдары кәсіби қатысушылар болып табылады; «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ және «Фридом Финанс» АҚ валюталық операцияларды жүргізуге құқылы.

Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры



«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қордың қатысушысы болып табылады.

Афина қор биржасы



Freedom Finance Europe Ltd. қашықтықтан сауданың қатысушысы болып табылады.

ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН БИЗНЕС БІРЛЕСТІКТЕРІ

Қазақстандағы Американдық Сауда палатасы



«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ палатаның мүшесі болып табылады.

Қазақстанның автомобиль бизнесі қауымдастығы



«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Кипрдегі Халықаралық бизнес қауымдастығы



Freedom Finance Europe Ltd. қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН БИЗНЕС БІРЛЕСТІКТЕРІ

Кипр-Қазақстан
бизнес-қауымдастығы



Freedom Finance Europe Ltd. қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

«Атамекен» Қазақстан
Республикасының
Ұлттық Кәсіпкерлер
Палатасы



«Freedom Life» ӨСК» АҚ палатаның мүшесі болып табылады.

«ДАМУ» кәсіпкерлікті
дамыту қоры



«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ 2022 жылдан бастап микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасының операторы болып табылады.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР

Цифрлық Қазақстан
Қауымдастығы



«Arbuz Group» ЖШС қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Fintech және
Insurtech Испандық
қауымдастығы



Freedom Finance Europe Ltd. қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Кипр Techisland
технологиялық
қауымдастығы



Freedom Finance Europe Ltd. қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Өзбекстан ҚаржыТех
қауымдастығы




Freedom Technologies LLP. қауымдастықтың мүшесі болды.

Қырғызстанның
электрондық
коммерция
қауымдастығы



Freedom Technologies LLP. қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

Қазақстан Байланыс
Операторларының
Қауымдастығы



Freedom Telecom Holding Ltd. қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

ITS – халықаралық
сауда жүйесі



Freedom Finance Global PLC ITS аланының мүшесі болып табылады.

Астана Халықаралық
Қаржы Орталығы



Freedom Finance Global PLC лицензияланған фирма болып табылады; «Фридом Финанс» АҚ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ және Freedom Finance Europe Ltd. АХҚО мүше емес қатысушылары болып танылған.

ESG ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Қазақстан
Республикасының
Ұлттық ESG-клубы



Freedom Finance Global PLC клуб мүшесі ретінде Қазақстанда ESG қағидаттарын ұжымдық ілгерілетуге қатысады.

САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР

Сақтандыру
омбудсменінің кеңсесі



«Freedom Life» ӨСК» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ Сақтандыру омбудсменінің Кеңсесінде өкілдер кеңесінің мүшелері болып табылады.

Сақтандыру
төлемдеріне кепілдік
беру қоры



Компанияның сақтандыру еншілес компаниялары Қордың қатысушылары болып табылады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тұрақты дамуды басқару тәсілі.....18

Тұрақты дамудың басты нәтижелері.....20

Маңызды тақырыптарды анықтау.....21

БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі үлесі.....22

- Тұрақты дамуды басқару механизмдерін орнату;
- Маңызды ESG тақырыптарын анықтау;
- Компанияның ESG нәтижелері.



ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 2-14, 2-23, 2-24, 3-3

Компания өзінің экономикалық дамуға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер етуінің маңыздылығын мойындайды. 2023 қаржы жылы тұрақты дамуды басқару жүйесін құру бойынша жұмыс басталды, онда жауапкершілік Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде бекітілген. Директорлар кеңесі экологиялық, әлеуметтік және экономикалық әсерді қадағалау процестеріне қатысады және тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелеріне бақылауды жүзеге асырады. Есепті кезеңде тұрақты даму жөніндегі Бас директор қызметіне кірісті, оның міндеттеріне Топтың тұрақты дамуын қадағалау және стратегиялық басқару кіреді ⁹.

Тұрақты дамудың әртүрлі бағыттарын басқару міндеттері функционалдық бағыттарға сәйкес деректерді жинауға, шоғырландыруға, сондай-ақ қазіргі заманғы ESG күн тәртібінің критерийлеріне жауап беретін іс-шараларды іске асыруға жауапты Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарының департаменттері арасында бөлінеді. Топ деңгейінде тұрақты даму мәселелерін басқаруды жалпы үйлестіру жауапкершілігі тұрақты даму жөніндегі Бас директорға функционалды түрде есеп беретін ESG басқармасына – мамандандырылған бөлімшеге жүктелген. (Толық ақпарат ESG саласындағы мәселелерді басқару бойынша жауапкершілікті тапсыру бөлімінде берілген).

2023 қаржы жылынан бастап Компания Жаһандық есеп беру бастамасы (GRI) стандарттарын қолдана отырып, жыл сайын тұрақты даму туралы есептілікті шығарады. Тұрақты даму туралы есептілікті дайындау процесіне Директорлар кеңесін тарту Компанияның маңызды

тақырыптары мен Тұрақты даму туралы есебін қарауды және жариялауға бекітуді қамтиды.

2023 жылдың жазында «Freedom Shapagat» Корпоративтік Қоры (бұдан әрі – Қор) құрылды, ол тұрақты дамуды ілгерілетуге байланысты Компанияның қайырымдылық және демеушілік қызметін орталықтан жүзеге асырады. Қор Есептік топ қатысатын өңірлерде спорт, мәдениет және білім беру саласындағы жобаларды қаржыландырады және іске асыруға жәрдемдеседі. Стратегиялық инвестициялар мен әртүрлі ұйымдармен серіктестік арқылы Қор Freedom Holding Corp. позицияларын әлеуметтік жауапты компания ретінде нығайтуға ғана емес, сонымен қатар жергілікті қоғамдастықтардың дамуына айтарлықтай үлес қосуға тырысады.

Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесуден басқа, Компания корпоративтік оқытуға ерекше назар аударады. Есепті кезеңде тұрақты даму саласындағы жоғары буын басшыларының хабардарлығын арттыру үшін ESG басқарма мамандары оқыту іс-шарасын өткізді. Сессияға Freedom Holding Corp. жоғарғы басшылығы, оның ішінде Бас атқарушы директор Тимур Турлов және Топ ұйымдарының бірінші басшылары қатысты.

Компанияның тұрақты дамуын басқару жүйесінің негізгі компоненттері:

- Мүдделі тараптармен өзара әрекет;
- Стратегия және мақсат қою;
- Тәуекелдерді басқару;
- Корпоративтік басқару;
- Құжаттандыру;
- Есептілік;
- Реттеуші талаптарға сәйкестігі;
- Беделді басқару.



⁹ Толық ақпарат ESG саласындағы мәселелерді басқару бойынша жауапкершілікті тапсыру бөлімінде берілген.



Freedom Holding Corp. ESG басқаруды реттейтін негізгі құжаттар болып табылады:

1. ESG саясаты, Компаниядағы ESG мәселелерін басқарудың негізгі қағидаттарын анықтайтын негізгі құжат. Саясат Компанияның қоршаған ортаға, қоғамға жағымсыз әсерлердің алдын алу және азайту, корпоративтік басқарудың жауапты тәжірибелерін енгізу тәсілін сипаттайды және ESG мақсаттарын тұжырымдайды. Freedom Holding Corp. саясатының ережелеріне сәйкес өз қызметі шеңберінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- Этикалық және жауапты бизнес жүргізу;
- Сенімділік және ашықтық. Қағидат Компанияның есептерде және басқа да тиісті құжаттарда ақпаратты толық, уақтылы және дәл ашуды

қамтамасыз ету міндеттемесін растайды;

- Заңдар мен реттеуші талаптарды сақтау;
- Компанияның мүдделі тараптары үшін ұзақ мерзімді қосымша құндылық құру. Бұл қағида Компанияның акционерлік құнды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар алдындағы міндеттемелерді орындауға және жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатына үлес қосуға деген ұмтылысын растайды;
- Адам құқықтарын, теңдікті сақтау және тең мүмкіндіктерді ынталандыру;
- Қоршаған ортаға ұқыпты және жауапкершілікпен қарау. «Сақтық қағидатын» ұстана отырып, Компания экологиялық тәуекелдерді басқаруды жақсартуға, көміртегі ізін азайтуға, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға және қалдықтарды мұқият басқаруға ұмтылады;

- Тұрақты қаржыландыру қағидаттарын ілгерілету. Қағидат компанияның тұрақты қаржыландыру өнімдері мен қызметтерін әзірлеуге және ESG тәуекелдерін басқарудың кешенді тәжірибесін біріктіруге деген ұмтылысын растайды.

2. Адам құқықтары жөніндегі саясат.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жалпыға бірдей декларациясына сәйкес Компанияның адам құқықтарын сақтауға деген көзқарасын рәсімдейтін және міндеттемесін растайтын Адам құқықтары жөніндегі саясат. Саясат Компанияның адам құқықтарын құрметтеуді қамтамасыз етуге көмектесу және олардың қызмет шеңберінде бұзылуын болдырмау тәсілін сипаттайды. Саясатта Компанияның қызметкерлерге, клиенттерге, бизнес серіктестерге, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарға қатысты міндеттемелері көрсетілген.

Қызметкерлерге қатысты Компания міндеттемелерді растайды:

- Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- Балалар еңбегіне жол бермеу;
- Зорлық-зомбылық пен харассменттің кез келген түрін қабылдау және оған қарсы тұру;
- Лайықты еңбек жағдайларын, сөз бостандығын және әділ еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету;
- Кәсіптік оқытуға инвестиция салуға ұмтылу;
- Деректердің құпиялылық құқықтарын сақтау.

Клиенттер мен бизнес-серіктестерге қатысты Компания келесі қағидаттарды ұстануға міндеттенеді:

- Әділеттілік және клиенттердің құқықтарын құрметтеу;
- Қазіргі құлдықтың кез келген түріне жол бермеу;
- Тұтынушы деректерінің құпиялылығын қамтамасыз ету;
- Жеткізу тізбегіндегі адам құқықтарының сақталуы.

Компания операциялық қызмет іске асырылатын өңірлерде жергілікті қоғамдастықтардың құқықтарын сақтауға өзінің бейілділігін растайды және сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді өзіне қалады. Адам

құқықтарына қатысты мәселелерді басқаруға Freedom Holding Corp. тәсілі туралы қосымша ақпарат Адам құқықтары бөлімінде берілген.

3. Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі.

Корпоративтік веб-сайтта орналастырылған этика және іскерлік мінез-құлық кодексі. Құжат компанияның өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі қағидаттарының тізімін анықтайды, сонымен қатар іскерлік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге Freedom Holding Corp. тәсілін қалыптастырады. Атап айтқанда, Кодекс мүдделер қақтығысын басқару тәсілін анықтайды.

4. Комплаенс саласындағы есептілік саясаты.

Компаниядағы шағымдар мен өтініштерді қарау тетіктерінің жұмыс істеуін реттейтін комплаенс саласындағы бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясат. Саясат іскерлік этика, корпоративтік саясаттар саласындағы бұзушылықтарға, қаржы аудиті және бухгалтерлік есеп саласындағы алаяқтыққа, сонымен қатар қолданыстағы заңнама мен нормативтік актілердің басқа бұзушылықтарына қатысты шағымдар мен өтініштерге қатысты Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдары таралады.

5. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты.

Ақпараттық қауіпсіздікке байланысты қызметті басқару саласындағы Компанияның жетекші нұсқаулықтарын тұжырымдайтын Ақпараттық қауіпсіздік саясаты. Саясатта келесі қағидаттар жазылған: нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету, тәуекелге бағдарланған тәсіл, үздіксіз оқыту және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін қызметкерлердің хабардарлығын арттыру.

2025 жылдың 31 наурызында аяқталатын фискалдық жылда тұрақты даму саласындағы процестерді одан әрі жетілдіру жоспарлануда. Компания қызметкерлердің, клиенттердің және басқа да мүдделі тұлғалардың дербес деректерін қауіпсіз өңдеуге көзқарасты қалыптастыратын құпиялылық саясатын әзірлеу және енгізу бойынша мақсат қояды.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТЫ НӘТИЖЕЛЕР



E

ҚОРШАҒАН ОРТА

- Парниктік газдар шығарындылары туралы бастапқы деректерді жинау және есепке алу жүйесін ұйымдастыру бойынша жұмыстар орындалды.
- Алғаш рет Есептік топ қызметкерлерінің іссапарларына байланысты парниктік газдар шығарындыларын есептеу жүргізілді.
- Алғаш рет «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қаржыландыратын парниктік газдар шығарындыларының есебі жүргізілді.
- Freedom Holding Corp. және Арал теңізінің құрғаған түбіне қара сексеуіл және басқа да тұзға төзімді өсімдіктерді отырғызуға бағытталған Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясы арасындағы ынтымақтастықты жалғастыру туралы Меморандумға қол қойылды.
- «Araldy saқта» депозиттік картасы Халықаралық Аралды құтқару қорының пайдасына жіберілетін 10% жоғары кэшбекпен шығарылды.



S

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

- Freedom Holding Corp. Адам құқықтары жөніндегі саясаты әзірленді және бекітілді.
- Топтың барлық қызметкерлері үшін ESG және тұрақты даму саласында ішкі оқыту іс-шаралары және қаржылық емес есептілікті және Топтың тұрақты даму мамандары үшін адам құқықтары саласындағы тиісті тексеруді дайындау бойынша сыртқы оқыту өткізілді.
- Есепті кезеңде Компания БҰҰ Жаһандық шартының «SDG Ambition» бизнес-акселераторының халықаралық бағдарламасына қатысты.
- Есептік топтың жоғары буын басшыларының 82% бөлігі жергілікті ⁹ халықтың өкілдері болып табылады.



G

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- Freedom Holding Corp. ESG саясаты әзірленді және бекітілді.
- Тұрақты даму жөніндегі бас директор тағайындалды.
- Тәуекелдерді басқару департаменті құрылды және Тәуекелдерді басқару жөніндегі бас директор тағайындалды.
- Freedom Holding Corp. жоғары басшылығының және Топ ұйымдарының бірінші басшыларының тұрақты дамуға байланысты мәселелер туралы хабардарлығын арттыру мақсатында оқыту іс-шарасы өткізілді.

⁹ «Жергілікті» халықтың географиялық анықтамасына топтың қатысушы елінде, бұл жағдайда негізгі қатысу аймақтарында тұратын қауымдастық кіреді.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІ

GRI 2-14, 3-1

Freedom Holding Corp. тұрақты дамуды басқару кезіндегі маңыздылық қағидатын басшылыққа алады және күш-жігерін маңызды тәуекелдер мен әсерлермен сипатталатын бағыттарда ESG-бастамаларды іске асыруға бағыттайды. Маңыздылықты бағалау Компанияның қаржылық емес есептілігінде стратегиялық басымдықтар мен негізгі тақырыптарды анықтаудағы маңызды кезең болып табылады.

Маңыздылығын анықтау кезінде Компания GRI (2021) халықаралық стандартының талаптарын басшылыққа алады. Есепті кезең қорытындысы бойынша Freedom Holding Corp. экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік әсер ету тұрғысынан Компания үшін маңызды тақырыптардың маңыздылығын бағалады. Бағалау үш кезеңнен тұрды: ұқсас компаниялармен салыстырмалы салалық бенчмарк-талдау жүргізу, мүдделі тараптардың пікірлерін жинау және маңызды тақырыптардың тізімін жасау. Осы бетте берілген бағалау нәтижелері Компания өзінің ESG көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылатын Freedom Holding Corp. қызметінің аспектілері болып табылады. Маңыздылықты бағалау келесі үш кезеңнен тұрды:

1. Бенчмарк-талдау жүргізу

- Компания туралы қоғамдық ақпарат көздеріндегі талдау;
- Бенчмарк-компаниялар ашқан маңызды тақырыптарды салыстырмалы талдау және үздік тәжірибелерді талдау;
- ESG саласындағы рейтингтік агенттіктердің талаптарына талдау жүргізу.

2. Мүдделі тараптардың пікірлерін жинау

- Ішкі мүдделі тараптар арасында онлайн-сауалнама жүргізу;
- Компанияның экономикалық, экологиялық немесе әлеуметтік әсерінің маңыздылығына қатысты Компания басшылығымен сұхбат жүргізу.

3. Маңызды тақырыптардың тізімін жасау

- Тақырыптарды маңыздылық деңгейі бойынша саралау;
- Маңыздылық шегін анықтау;
- Директорлар Кеңесінде маңызды тақырыптар тізімін түпкілікті келісу.

Мүдделі тараптардың пікірлерін жинау үшін 2024 жылдың мамыр айында Компанияның өкілдерін тарта отырып, мүдделі тараптардың онлайн-сауалнамасы жүргізілді. Әрбір тұрақты даму тақырыбын маңыздылық дәрежесі бойынша бірден беске дейінгі шкала бойынша бағалау ұсынылды:

- 1 – «маңызды емес»;
- 2 – «маңыздылығы шамалы»;
- 3 – «орташа маңыздылық деңгейі»;
- 4 – «салыстырмалы түрде дәрежедегі маңыздылық»;
- 5 – «маңыздылықтың ең жоғары немесе маңызды дәрежесі».

БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

GRI 3-2

Бағалау нәтижелері бойынша келесі 17 маңызды тақырып анықталды:



- Климаттық бейімделу мен митигацияға қосқан үлесі;
- Электр энергиясын тұтыну;
- Қалдықтарды шығаруды басқару;
- Су ресурстарын тұтыну;
- Климаттың өзгеруі;



- Адами капиталды басқару;
- Тең мүмкіндіктер;
- Жергілікті қауымдастықтар;
- Әртүрлілік және қатысу;
- Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық қорғау;
- Адам құқықтары.



- Комплаенс;
- Іскерлік этика;
- Ақпараттық қауіпсіздік және құпиялылық;
- Тәуекелдерді басқару;
- Тұрақты дамуды басқару;
- Басшылықтың әділ және мақсатты сыйақысы.



ҚОРШАҒАН ОРТА

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ ҮЛЕСІ ¹⁰



SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

БҰҰ ЖШ қол қоюшысы бола отырып және Бизнесінің БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізудегі рөлінің маңыздылығын түсіне отырып, Компания қаржылық және қаржылық емес қызметтердің кең тізіміне қол жеткізе отырып, қоғамдастықтар мен қатысу аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосуды мақсат етеді. Топтың қызметі экономикалық құндылық пен жұмыс орындарын құрады, сондай-ақ жергілікті тұрғындар үшін негізгі қызметтердің қолжетімділігін арттырады. ТДМ-ға қол жеткізуге бағдарлану Компанияда тұрақты дамудың тиімді жүйесін құруға ықпал етіп қана қоймай, келесі ұрпақтың тұрақты болашағына үлес қосуға көмектеседі.



3-МАҚСАТ: ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

Есептік топтың үлесі:

- Салауатты өмір салтын насихаттауға, спорт пен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларды қолдау. Шахмат спортын қолдауға ерекше назар аударылады, оны дамытуға күш салғаны үшін Freedom Holding Corp. Бас атқарушы директоры Тимур Турлов 2023 жылы «Аккредиттелген спорт федерациясының үздік Президенті» атағымен марапатталды.

Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:

- Қазақстанда шахматты дамытуға «Фридом Финанс» АҚ Қазақстан шахмат федерациясына 3,26 млрд теңге демеушілік көмек көрсетті.
- «Білім берудегі шахмат» бағдарламасы шеңберінде жас таланттар үшін турнирлер, тренингтер және басқа да іс-шаралар өткізу үшін «Freedom Shapagat» КҚ Қазақстан шахмат федерациясына 659,5 млн теңге мөлшерінде демеушілік қолдау көрсетті.
- Өзбекстанның Самарқанд қаласында Жыл сайынғы рапид және блиц шахмат бойынша Халықаралық шахмат чемпионатын өткізу үшін «Freedom Shapagat» КҚ FIDE Халықаралық шахмат федерациясына 180 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті.
- Алматыда балалар шахматын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру үшін «Freedom Shapagat» КҚ 37,5 млн теңге мөлшерінде қаржылық көмек жіберді. Жоба халықтың әлеуметтік осал топтарынан балаларды спортқа тартуға бағытталған.
- «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ тарапынан Қазақстан шахмат федерациясына 40 млн теңге демеушілік көмек көрсетілді.
- Freedom Finance Europe Ltd. тарапынан Кипрдегі FIDE Әйелдер Гран-при финалына 76 360 еуро көлемінде демеушілік көмек көрсетілді.
- Freedom Finance Europe Ltd. тарапынан Кипрде өтетін Шахмат Чемпионатына 34 654 еуро көлемінде демеушілік көмек көрсетілді.
- «Фридом Финанс» АҚ клубтың спорттық инфрақұрылымын дамыту жобасын іске асыру үшін Семей қаласындағы «Елімай» футбол клубы» қоғамдық қорына 94 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті.
- «Фридом Финанс» АҚ Талдықорған қаласындағы «Жетісу» футбол клубы» КМҚК-на ұйымның қызметін қолдау үшін 100 млн теңге мөлшерінде демеушілік көмек көрсетті.
- «Freedom Shapagat» КҚ Канаданың Квебек қаласында өтетін Pee-Wee шайбалы хоккейден халықаралық турнирге қатысу үшін «Алматы әуесқой хоккей Конфедерациясы 50+» ұйымына 7 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетті.
- «Freedom Shapagat» КҚ «ALGA CUP» балалар командалары арасында шайбалы хоккейден ашық турнирге қатысу үшін «Стрижи» хоккейінен жасөспірімдер командасына 5 млн теңге мөлшерінде демеушілік қолдау көрсетті.

¹⁰ Демеушілік және қайырымдылық жобалар бойынша төлем есепті кезеңнің соңындағы жағдайы бойынша ұсынылған.



4-МАҚСАТ: САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Есептік топтың үлесі:

- Оқытушылардың біліктілігін арттыруға, оқу орындарының техникалық базасын жақсартуға, олимпиадалар мен турнирлер өткізуге, талдамалық материалдар жазуға және басқа да білім беру жобаларына бағытталған жобаларға ауқымды қаржылық қолдау көрсету.

Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:

- Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жобаларды іске асыру: Freedom Camp – балаларды қаржылық сауаттылық негіздеріне оқытуға арналған балалар лагері, Freedom Academy – барлық тілек білдірушілер үшін қаржылық сауаттылық және инвестициялау бойынша тегін курстары бар білім беру онлайн-платформасы. Қазақстанның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері үшін қаржылық сауаттылық бойынша қонақ семинарлары өткізілді.
- Азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасы шеңберінде шығыстарды жабуға «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ тарапынан 140 млн теңге мөлшерінде қаржылық көмек. Жоба қаржылық сауаттылық бойынша сабақтар мен жеке консультациялар кешені болып табылады.
- Көпфункционалды инфрақұрылымы бар IQanat High School of Burabay мектебінің қазіргі заманғы оқу корпусын салуға «Freedom Sharapat» КҚ тарапынан 660,6 млн теңге мөлшерінде қаржылық қолдау көрсетілді.
- 2024 жылдың жазында Астанада биология бойынша Халықаралық олимпиаданы (IBO) өткізу үшін «Фридом Финанс» АҚ тарапынан 700,8 млн теңге сомаға жабдықтарды сатып алынды және жеткізілді.
- Қазақстанда ICPC 2024 спорттық бағдарламалау бойынша халықаралық студенттік олимпиаданың финалын өткізу үшін «Freedom Sharapat» КҚ тарапынан 63 млн теңге мөлшерінде демеушілік көмек көрсетілді.
- Teach for Qazaqstan Білім беру қорына біліктілікті арттыру курстарын өткізуге «Freedom Sharapat» КҚ тарапынан, бағдарламаға қатысушыларға шәкіртақы төлеуге және басқа да шығыстарға 300 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсету.
- «Зияткер қоғам» Қоғамдық қорына аналитика мектебінің үшінші ағымын өткізу және «QAZAQSTAN: тұрақты даму моделіне қарай. Жас сарапшылардың көзқарасы» әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша аналитикалық материалдар жинағын шығару үшін «Freedom Sharapat» КҚ тарапынан 65 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсету.
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экономикалық және ақпараттық-техникалық ғылымдар бағыттары бойынша он талантты бакалавриат студенттері мен колледж білім алушыларына жылдық шәкіртақы тағайындауға «Freedom Sharapat» КҚ тарапынан 5,8 млн теңге бөлінді.
- 2023 жылғы желтоқсанда жарияланған Oxford Qazaq Dictionary сөздігін дайындау жобасын іске асыру үшін Freedom Holding Corp. тарапынан 90 млн теңге мөлшерінде демеушілік қолдау көрсетілді.



8-МАҚСАТ: ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

Есептік топтың үлесі:

- Қатысу аймақтарында жұмыс орындарын құру.
- Операциялық қызмет жүргізілетін елдердің мемлекеттік бюджетіне қаражат аудару бойынша салықтарды аудару және өзге де міндеттемелерді орындау.
- Шағын және орта бизнеске арналған қызметтер мен өнімдерді, оның ішінде жеңілдікті бағдарламаларды құру арқылы кәсіпкерлікті дамытуды қолдау.

Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірлесіп 7% сыйақы мөлшерлемесімен бизнесті жеңілдетілген цифрлық несиелендіру бағдарламасын іске қосу. «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да өтінімдерді берудің жеңілдетілген жеделдетілген онлайн-рәсімі құрылды, бұл бюрократиялық кедергіні алып тастайды және кәсіпкерлер үшін қарыз алуды жеңілдетеді.



9-МАҚСАТ: ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Есептік топтың үлесі:

- Білім беру, мәдени, ғылыми-технологиялық және спорттық инфрақұрылым құру жөніндегі жобаларды қаржылық қолдау.

Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:

- Қаржытех-инновациялар саласында зерттеулер жүргізу үшін хаб құру жоспарланып отырған SDU University жаңа оқу корпусын салуға «Freedom Sharapat» КҚ, 482,1 млн теңге мөлшерінде демеушілік қолдау көрсетілді.
- Ақтөбеде өңірлік IT хабты іске қосу бойынша жобаға «Фридом Финанс» АҚ тарапынан 109,3 млн теңге көлемінде демеушілік қолдау көрсетілді.
- Желілік инфрақұрылымның құрылысын қамтитын, елдегі телекоммуникациялық технологияларды дамытуға ықпал ететін телекоммуникациялық бизнесті дамыту мақсатымен 2023 жылы Freedom Telecom Holding Ltd. құрылды.
- Freedom Цифрлық Экожүйесін халыққа барлық қажетті қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірыңғай платформаны әзірлеу арқылы дамыту.



11-МАҚСАТ: ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

Есептік топтың үлесі:

- Топтың әрекет ету өңірлердегі қалалардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған жобаларды қаржылық қолдау.

Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:

- Әрі қарай қайта өңдеу мақсатында пластикалық бөтелкелер мен қаңылтыр құтыларды қабылдауға арналған фандоматтарды орнату бойынша жобаны іске асыру жалғастырылды. 2024 жылдың мамырында алғашқы Freedom Holding Corp. және «Freedom Sharagat» қорының фандоматы көрсетілді. Есепті кезеңде «Freedom Sharagat» КҚ және Freedom Finance Global PLC тарапынан жобаны қаржыландырудың жалпы сомасы 309,2 млн теңгені құрады.
- Freedom Holding Corp. пен қала әкімшілігі арасындағы меморандум аясында Қазақстанның Конаев қаласында жағалаудың бір бөлігін салу жобасына демеушілік ретінде 2 млрд теңге бөлінді.



13-МАҚСАТ: КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Есептік топтың үлесі:

- Парниктік газдар шығарындыларын одан әрі азайту мақсатында оларды мониторингтеу және бағалау жүзеге асырылады.
- Компания Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясымен ынтымақтастықты жалғастыруда.

Есепті кезеңдегі негізгі іс-шаралар:

- Компанияның ірі еншілес ұйымдары бойынша парниктік газдар (ПГ) шығарындыларының көздеріне түгендеу жүргізілді.
- Score 1, Score 2 және Score3¹¹ бойынша ПГ шығарындыларын жыл сайынғы сандық бағалау жүргізілді, Score 3 бойынша шығарындыларды бағалауға енгізілген санаттарды қамту кеңейтілді.
- 2024 жылдың ақпанында Freedom Holding Corp. Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум бірлескен жобаларды іске асыру үшін серіктестік қатынастарды, ұзақ мерзімді және тиімді ынтымақтастықты орнатуды көздейді.
- «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ MasterCard халықаралық төлем жүйесімен бірлесіп Арал теңізін сақтау бойынша қайырымдылық бастамасын іске қосты және Araldy Saqta төлем картасын шығарды.
- Freedom Holding Corp. тарапынан БҰҰ-ның Негіздемелік Конвенциясының Климаттың өзгеруі жөніндегі 28-ші конференциясы (COP28) аясында Орталық Азия павильонын ұйымдастыру үшін 150 млн теңге көлемінде демеушілік қаржы бөлінді.

¹¹Толық ақпарат Климаттың өзгеруі бөлімінде берілген.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі.....	26
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау.....	32
Іскерлік этика және комплаенс.....	34
Кері байланыс механизмдері.....	37

- Жауапты корпоративтік басқару тәжірибелері;
- Атқарушы басшылықтың жапақысын ашық көрсету;
- Жан-жақты тәуекелдерді басқару жүйесі;
- Іскерлік мінез-құлық стандарттарын сақтау;
- Сенімді сәйкестік жүйесі.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 2-9, 2-11, 2-12, 2-17, 2-18, 3-3

Өз акционерлерінің мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз ету және Freedom Holding Corp. өзге де мүдделі тараптарының үміттерін ақтау мақсатында үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес корпоративтік басқару саласында жоғары стандарттарды ұстанады. Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі түзетулерімен Невада штатының Заңдар жинағына, Nasdaq, АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының (SEC) талаптары мен ережелеріне сәйкес құрылған.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесін реттейтін негізгі саясаттар мен рәсімдердің көпшілігі Компанияның келесі құжаттарынан алынған:

- Компанияның Құрылтай құжаттары және Жарғы;
- Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі;
- Компанияның құнды қағаздармен сауда жасауға қатысты саясаты (Инсайдерлік сауда саясаты).

- Комплаенс саласындағы есептілік саясаты (Шағымданушы және кек қайтармау саясаты);
- Байланысты тараптардың транзакциялар жөніндегі саясаты; және
- Директорлар кеңесінің комитеттерінің жарғылары (толық ақпарат «Директорлар кеңесінің комитеттері» бөлімінде берілген).

Freedom Holding Corp. NASDAQ корпоративтік басқару стандарттарымен тұжырымдалған анықтамаға сәйкес бақыланатын компания болып табылады. Турлов мырза Freedom Holding Corp. дауыс беретін акцияларының басым бөлігін бақылайды. Негізгі басқару құжаттарын өзгерту немесе бекіту Компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттіктерін білдіреді және көпшілік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Жарғыны дауыс беруге құқығы бар акционерлердің акцияларының 75% оң дауыс беруі арқылы өзгертуге, қабылдауға немесе күшін жоюға болады.

2-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ОРГАНДАРЫ



АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖИНАЛЫСЫ

Компанияның жоғары басқару органы Акционерлердің жыл сайынғы жиналысы (бұдан әрі – Жиналыс) болып табылады, ол жылына кемінде бір рет өткізіледі. Акционерлердің жыл сайынғы жиналысын өткізу және ұйымдастыру тәртібі Freedom Holding Corp. Жарғысында бекітілген. Жиналыстың күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және Аудит жөніндегі комитеттің тәуелсіз аудиторды бекітуі кіреді. Үш жылда бір рет Жиналыс жоғары буынның атқарушы басшылығы үшін өтемақы жоспары бойынша ұсынымдық дауыс береді. Компания Жиналыс тиісті шешім қабылдаған жағдайда дауыс беру жиілігін арттыру мүмкіндігін қарастырады.

Жиналыстың күн тәртібі Компанияның қарауына уақтылы жіберілген акционерлердің ұсыныстары мен мәселелерінен қалыптастырылады. Өтінімді уақтылы беру шарттары Freedom Holding Corp. Жарғысында айқындалған. Көп жағдайда, егер өтінім тоқсан күнтізбелік күн бұрын жұмыс күні аяқталғанға дейін кешіктірілмей және соңғы Жиналыстың жылдығына дейін жүз жиырма күн қалғанда жұмыс күні аяқталғанға дейін алынбаса, уақтылы берілді деп есептеледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ


Freedom Holding Corp. бас қадағалау және стратегиялық басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады. Директорлар кеңесінің міндеттеріне қолданыстағы заңнамаға, корпоративтік Жарғыға және құрылтай құжаттарына сәйкес шешім қабылдау акционерлердің айрықша құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Компанияның меншігі мен істерін басқару кіреді. Атап айтқанда, Директорлар кеңесі ESG саласындағы мәселелерді қадағалау мен бақылауға жауапты.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесіне үш класқа бөлінген

бес директор кірген (толығырақ Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және тоқтату бөлімінен қараңыз): I класс, II класс және III класс. Бес директордың үшеуі тәуелсіз болып табылған. «Тәуелсіз» мәртебесі жоқ Директорлар Тимур Турлов пен Асқар Ташитов болып табылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Турлов мырза сонымен қатар Freedom Holding Corp. компаниясының Бас директоры болып табылады. Асқар Ташитов Президент және Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Директорлардың үштен бірін акционерлердің Жыл сайынғы жиналысы үш жылдық мерзімге сайлайды. Есепті кезеңнің аяғындағы бес директордың екеуі 10 жылдан астам, ал қалған екеуі 5 жылдан астам қызмет атқарған. Бір директор 5 жылдан аз уақыт қызмет етеді. 2024 жылдың ақпанында Директорлар кеңесінің құрамынан 18 жыл бойы компанияның директоры болған Леонард Стиллман кетті.

Есепті кезең аяқталғаннан кейін Директорлар кеңесінің құрамы өзгерді. Джейсон Керр тәуелсіз директор ретінде өз өкілеттігін тоқтатты және Freedom Holding Corp. заң мәселелері жөніндегі Бас директоры болып тағайындалды. Үш жаңа директор Директорлар кеңесіне қосылды – Эндриу Гэмбл, Қайрат Келімбетов және Филипп Вогелер.

3-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ БОЛУ МЕРЗІМІ, %





ТИМУР ТУРЛОВ

Бас атқарушы директор;
2015 жылдан бастап
Компания директоры

Тимур Турлов 2009 жылы К.Е.Циолковский атындағы Ресей мемлекеттік технологиялық университетінің экономика және кәсіпорында басқару бакалавры дипломымен бітірді.

Турлов мырзаның Халықаралық бағалы қағаздар саласының әртүрлі салаларында он жылдан астам тәжірибесі бар. 2008 жылдың аяғынан бастап ол Топ шеңберінде бизнесті дамытумен айналысады. 2013 жылдан 2017 жылға дейін Турлов мырза «Фридом Финанс» АҚ Директорлар Кеңесі Төрағасының кеңесшісі болды. Бұл лауазымда ол стратегиялық басқаруға, қоғаммен және инвесторлармен іс-шараларға, сату және инвестициялық қызмет стратегиясына және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге жауапты болды. 2017 жылдың шілдесінде Тимур Турлов «Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды.

2015 жылдан бастап Тимур Турлов Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінде қызмет етеді және оның Төрағасы болып табылады. Сонымен қатар, ол «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, сондай-ақ «Kcell» АҚ сақтандыру компанияларындағы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Ол сондай-ақ басқа компаниялардың - бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының акционері болып табылады.



ДЖЕЙСОН КЕРР

2008 жылдан Тәуелсіз
директор

Керр мырза 1995 жылы экономика бойынша бакалавр дәрежесін алды, ал 1998 жылы Юта университетінде докторантураны бітірді, онда Уильям Г.Лири шәкіртақысының лауреаты болды. 2011 жылы Джейсон Керр Price Parkinson & Kerr заң фирмасын құрды, онда ол сауда құқығы бойынша сот ісін жүргізді. 2006 жылдан 2011 жылға дейін Керр мырза зияткерлік меншік процестерімен айналысатын Basic Research, LLC бас кеңесшісінің көмекшісі болды. 1996 жылдан 2001 жылға дейін және 2004 жылдан 2006 жылға дейін Керр мырза Юта штатындағы Солт-Лейк-Ситидегі Plant Christensen & Kanell заң фирмасында серіктес болды. 2001 жылдан 2004 жылға дейін ол Лас-Вегастағы Lewis and Roca кеңесінде коммерциялық адвокат болып жұмыс істеді.



АСКАР ТАШТИТОВ

Президент, атқарушы
директор; 2008 жылдан
бастап Компания директоры

Таштитов мырза 2002 жылы Йель университетін экономика және тарих академиялық мамандығы бойынша бакалавр дипломымен бітірді. Оның мұнай-газ секторында жоғары басшылық лауазымдарда он жылдан астам тәжірибесі және қаржы индустриясында бес жылдан астам тәжірибесі бар. 2004 жылдан 2015 жылға дейін ол Freedom Holding Corp. компаниясының негізін салушы BMB Munai компаниясында жұмыс істеді және 2006 жылдан 2015 жылға дейін Президент қызметін атқарды. 2011 жылдан 2015 жылға дейін Таштитов мырза жеке капитал жобаларымен айналысты.



ЭМБЕР УИЛЬЯМС

2020 жылдан бастап
Тәуелсіз директор

Уильямс ханым 2004 жылы Юта Университетін бухгалтерлік есеп бакалавры дипломымен бітіріп, 2005 жылы сол университетте бухгалтерлік есеп магистрі дипломын алды. Оның бухгалтерлік есеп және аудит саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар. 2012 жылдан бастап Уильямс ханым бас қаржы директорларына бухгалтерлік есеп және кеңес беру қызметтерін көрсетті. Уильямс ханым сертификатталған аудитор болып табылады. 2018 жылдан 2019 жылға дейін Огайо штатында орналасқан Brixey & Meyer бухгалтерлік фирмасында жұмыс істеді, онда ол бас қаржы директоры, бухгалтерлік есеп және адам ресурстары функцияларымен компанияларға көмектесетін бухгалтерлер тобын басқарды. 2004 жылдан 2012 жылға дейін Уильямс ханым Grant Thornton, Basic Research, Goldman Sachs және PricewaterhouseCoopers әртүрлі бухгалтерлік және қаржылық позицияларды иеленді, оның міндеттеріне: аудиторлық функцияны жоспарлау және басқару, далалық зерттеу және ішкі бақылау жүйелерін сынау; жаңа өнімдерді шығаруға көмектесу; және процесстерді жетілдіру кірген.



БОРИС ЧЕРДАБАЕВ

2019 жылдан бастап Тәуелсіз директор

Чердабаев мырза Уфа мұнай-газ институтын «Мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі Инженер» мамандығы бойынша бітірген. 2011 жылы Гарвард бизнес мектебінде «Advanced Management Program» курсы аяқтады, ал 2002 жылы Колумбия университетінде «Columbia Senior Executive Program» курсы бітірді. Жұмыс барысында Сан-Францискодағы, Калифорния штаты, Chevron Corporation кеңселерінде CHAMP (Chevron Advanced Management Program) бағдарламасын және Колумбия университетінде CSEP (Columbia Senior Executive Program) бағдарламасын бітірді.

Чердабаев мырза қазіргі уақытта Weatherford International және Caspian Energy Research LLP-ге тиесілі жеке компания Weatherford-CER Басқарма Төрағасының кеңесшісі қызметін атқарады. Оның АҚШ-тағы биржалық листинг тізімінде тұрған компанияны басқаруда бай тәжірибесі бар. Чердабаев мырза 2003 жылдан 2015 жылға дейін BMB Munaі Директорлар кеңесінің Төрағасы, Бас директоры қызметін атқарды. 2000 жылдан 2003 жылға дейін Чердабаев мырза Tengizchevroil LLP Бас директоры болды. 1998 жылдан 2000 жылға дейін Директорлар кеңесінің мүшесі, барлау және өндіріс жөніндегі вице-президент, сондай-ақ «Қазақойл» үшін қызмет көрсету саласындағы жобаларды дамыту жөніндегі Атқарушы директор лауазымдарын атқарды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АЛУАНТҮРЛІЛІК

GRI 405-1


Компания корпоративтік басқару органдарының құрамындағы алуантүрлілік қабылданатын шешімдердің сапасын, өзгермелі сыртқы факторлар жағдайында өзінің икемділігі мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді деп санайды. Компанияда Директорлар кеңесінің алуантүрлілігіне қатысты ресми саясат бекітілмеген, алайда Freedom Holding Corp., NASDAQ листингінің қатысушысы ретінде NASDAQ ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің алуантүрлілігі туралы ақпаратты ашады. Бұл ақпарат жыл сайын [Freedom Holding Corp. жылдық прокси мәлімдемесінде ашылады.](#)

Freedom Holding Corp. әлеуметтік-мәдени алуантүрлілік қағидаттарын ілгерілетуге ұмтылысы Директорлар Кеңесі құрамының құрылымында көрініс табады. Есепті кезеңнің соңындағы бес директорымыздың екеуі өзін азиялық этникалық топқа, қалғандары еуропалық топқа жатқызыған. Басқарма құрамының гендерлік құрылымы келесідей болған: бір әйел және төрт ер адам.

Гендерлік және этникалық алуантүрліліктен басқа, Компанияның Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша директорлардың үштен екісі 30 жастан асқан және 50 жастан кіші. Тағы үштен бірі 50 жастан асқан.


Есепті кезеңде Директорлар кеңесі 15 отырыс өткізді. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысудың орташа көрсеткіші 96.7% құрады. Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысудың орташа көрсеткіші 95,4% құрады. Директорлар отырыстарға қатысудан басқа, жыл бойы жеке кездесулер және коммуникацияның басқа да нысандары, соның ішінде электрондық пошта және телефон арқылы байланыс, іскерлік сипаттағы мәселелер мен кез келген мәселелер бойынша өз міндеттерін атқарды. Компанияда директорлардың акционерлердің Жыл сайынғы жиналысына қатысуына қатысты талаптарды белгілейтін ресми саясат бекітілмеген. Алайда, Freedom Holding Corp. директорлардың бұл үшін мүмкіндігі болған кезде осындай қатысуды қолдайды.

5-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, %




■ Еуропалықтар ■ Азиялықтар

4-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, %



■ Еркек ■ Әйел

6-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША FREEDOM HOLDING CORP. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, %



■ 30-50 жас ■ 50+жас

☎ Бағалы қағаздар туралы 1934 жылғы заңның 14(а) бөліміне сәйкес АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясына (SEC) тапсырылатын нысан.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Компанияда корпоративтік басқару тәжірибесін тұрақты жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында 2023 қаржы жылынан бастап Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізіледі. Рәсім директорлардың дербес бағалауы арқылы жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Есепті кезеңде Компания әр директорға Корпоративтік директорлардың ұлттық қауымдастығына (National Association of Corporate Directors) – өз қызметін олардың дағдыларын, білімі мен әлеуетін дамытуға бағыттайтын корпоративтік директорларға арналған коммерциялық емес ұйымға жыл сайынғы мүшелік берді. Қауымдастық өз мүшелеріне ұйымның қажеттіліктерін ескере отырып арнайы әзірленген Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған білім беру бағдарламалары мен курстарын ұсынады. Қол жетімді оқу бағдарламаларының тізіміне Қауымдастық мүшелері үшін қол жетімді ESG және бизнесі тұрақты дамытуға арналған тақырыптық курстар кіреді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі

15 жиналыс өткізді.



ESG САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУҒА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН ТАРТУ

GRI 2-12

Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі тәуекелдер жөніндегі Комитет арқылы ESG тәуекелдерін басқаруды қадағалайды. Комитет тәуекелдерді басқару тәсілін айқындайды және Директорлар Кеңесі үшін тиісті ұсынымдар қалыптастырады. Директорлар кеңесінің міндеттеріне сондай-ақ Компания басшылығы немесе тәуелсіз тараптар іске асыратын және дайындайтын тиісті тексеру және тиісті есептілік тәжірибелерін қадағалау жатады. Бұған қоса, Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің өкілеттігі стратегиялық мақсаттарды бекіту және ESG мәселелеріне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды бекіту кіреді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

GRI 2-16

Есепті кезеңнің аяғында Директорлар кеңесі деңгейінде бес комитет жұмыс істеді:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Сыйақы жөніндегі комитеті;
- Тағайындау және корпоративтік басқару комитеті;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет;
- Транзакциялар жөніндегі комитет.

Комитеттер туралы ережелерге сәйкес, әр комитет жыл сайын өз қызметін бағалайды және Директорлар кеңесінің алдында осындай бағалаудың нәтижелері туралы есеп береді. Барлық комитеттердің жұмысы тиісті ережелермен реттеледі. Комитеттердің құрамын Директорлар кеңесі директорлардың дағдылары мен тәжірибесін ескере отырып айқындайды.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ АЯҒЫНДАҒЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Эмбер Уильямс, Комитет Төрағасы

Джейсон Керр, Комитет мүшесі

Борис Чердабаев, Комитет мүшесі

Аудит комитетінің міндеттеріне корпоративтік бухгалтерлік есепті, қаржылық есептілікті дайындауға және корпоративтік қаржылық есептілік аудитіне қатысты процестерді қадағалау, соның ішінде Компанияның тәуелсіз аудитор тағайындау, ішкі аудитті жоспарлау және мүдделі мәмілелерді келісу кіреді.

Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігі мен жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. аудит комитетінің ережесінде тұжырымдалған.

Есепті кезеңнің аяғында Аудит жөніндегі комитет үш мүшеден тұрды. Комитет құрамына үш директор кіреді. 1934 жылғы АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заңына және Nasdaq листинг Ережелеріне сәйкес комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз болуы керек. Комитет мүшелерінің ешқайсысы Компанияның қызметкері емес және олардың ешқайсысы Freedom Holding Corp. немесе оның еншілес ұйымдарының аудитін жүргізуге немесе қаржылық есептілікті дайындауға жауапты емес.

СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ АЯҒЫНДАҒЫ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Джейсон Керр, Комитет Төрағасы

Борис Чердабаев, Комитет мүшесі

Эмбер Уильямс, Комитет мүшесі

Сыйақылар жөніндегі комитеттің міндеті Директорлар кеңесі берген, жоғары буын басшыларының сыйақы жоспарын қайта қарауға және айқындауға байланысты міндеттерді орындау болып табылады. Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігі мен жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Сыйақылар жөніндегі комитеті туралы Ережеде тұжырымдалған.

Есепті кезеңнің аяғында комитет құрамына үш директор кірген. NASDAQ листинг ережелері сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамында тәуелсіз емес директорлардың «бақыланатын» тәуелсіз болып табылмайтын эмитентінің болуына мүмкіндік беретініне қарамастан, есеп беру кезеңінің соңындағы жағдай бойынша Freedom Holding Corp. тәсілі сыйақылар жөніндегі комитетін толығымен тәуелсіз директорлардан құрудың үздік тәжірибелеріне сәйкес негізделеді.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ АЯҒЫНДАҒЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

Тимур Турлов, Комитет Төрағасы

Эмбер Уильямс, Комитет мүшесі

Борис Чердабаев, Комитет мүшесі

Тағайындаулар және корпоративтік басқару комитеті Директорлар кеңесі берген Компанияның жаңа директорларын ұсыну процесі мен рәсімдеріне, корпоративтік басқару саласындағы саясаттарды әзірлеуге және орындауға, сондай-ақ қолданылатын реттеу талаптарына байланысты мәселелерге байланысты міндеттерді орындауға жауапты. Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігі мен жұмыс істеу ережелерін анықтайтын негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Тағайындау және корпоративтік басқару Комитеті туралы ережеде тұжырымдалған.

Есепті кезеңнің аяғында комитет құрамына үш директор кірген. NASDAQ листинг ережелеріне және Комитет мүшелерінің тәуелсіздігі жөніндегі корпоративтік нұсқаулықтарға сәйкес, олардың екеуі тәуелсіз директорлар болып табылған.

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ АЯҒЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ

Джейсон Керр, Комитет Төрағасы

Эмбер Уильямс, Комитет мүшесі

Тимур Турлов, Комитет мүшесі

Тәуекелдер жөніндегі Комитет тәуекелдерді басқару бөлігінде Директорлар Кеңесіне Freedom Holding Corp. топ-менеджерлері мен тәуекел менеджерлерінің міндеттерін қадағалауға және бақылауға көмектесуге жауапты:

- Компанияны және оның еншілес ұйымдарын қаржылық басқару;
- Компанияның, оның еншілес ұйымдарының тәуекелдерін анықтау мен бағалауды қоса алғанда, Топтың тәуекел профилін анықтау;
- Қаржылық тәуекелдер мен кірістерді басқару;
- Заңнамалық және реттеуші талаптарды сақтау;
- Стратегиялық жоспарлау, соның ішінде маңызды стратегиялық транзакцияларды және Freedom Holding Corp. әлеуетті елеулі үшінші тараптарға инвестицияларын немесе үшінші тараптардың Компанияға салған инвестицияларын қадағалау.

Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігін және жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Тәуекел комитетінің жарғысында тұжырымдалған. Есепті кезеңнің аяғында комитет құрамына үш директор кірген. NASDAQ және Компания стандарттарына сәйкес Комитет мүшелерінің екеуі тәуелсіз директорлар болып табылған.

Комитет Директорлар кеңесіне кемінде тоқсан сайын есеп береді. Есептерде Freedom Holding Corp. қызметіне қатысты ұсыныстар немесе негізгі сұрақтар бар, оның ішінде:

- Тәуекелдерді басқару;
- Капиталдың жеткіліктілігі;
- Тәуекел профилі;
- Әлеуетті елеулі стратегиялық транзакцияларға немесе елеулі инвестицияларға;
- Материалдық активтерге билік ету;
- Үшінші тараптармен байланысты инвестицияларға;
- Комитет немесе Директорлар кеңесі қажет деп санайтын басқа салаларға.

ТРАНЗАКЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ АЯҒЫНДАҒЫ ТРАНЗАКЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Борис Чердабаев, Комитет Төрағасы

Эмбер Уильямс, Комитет мүшесі

Джейсон Керр, Комитет мүшесі

Транзакциялар жөніндегі Комитет әлеуетті стратегиялық сатып алуларды, сатулар мен инвестицияларды және осы операцияларға байланысты стратегияларды қарау мен бағалауға, сондай-ақ Директорлар кеңесіне қарауға және бағалауға көмектесуге жауапты. Комитеттің міндеттеріне сондай-ақ Компания, оның еншілес ұйымдары мен бәсекелестері тартылған ағымдағы және әлеуетті стратегиялық мәмілелердің іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру кіреді. Комитеттің міндеттерін, оның жауапкершілігін және жұмыс істеу ережелерін реттейтін негізгі ережелер Freedom Holding Corp. Транзакциялар комитеті туралы жарғысында тұжырымдалған. Комитет құрамына үш директор кіреді.

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ


Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігін анықтау үшін Компания NASDAQ кеңейтілген листинг нұсқаулығында көрсетілген қағидаттарын басшылыққа алады. Директор тәуелсіз болып саналады, егер:

- Компанияның атқарушы лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болып табылмаса;
- Директорлар кеңесінің пікірінше, директорлық міндеттерді орындау кезінде тәуелсіз пікірге кедергі келтіруі мүмкін қатынастардан болмаса.

Директорды тәуелсіз деп санауға болмайды, егер:

- Соңғы үш жылда кез келген уақытта Компанияның қызметкері болып табылады немесе болды;
- Тәуелсіздік айқындалғанға дейінгі соңғы үш жыл ішінде (Nasdaq Ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда) қатарынан он екі ай ішінде Компаниядан 120 мың АҚШ доллардан асатын қандай да бір сыйақыны қабылдаған немесе тікелей туысы бар;
- Компания жіберген немесе Компаниядан ағымдағы немесе алдыңғы үш фискалдық жылда тиісті жылы алушының шоғырландырылған кірісінің жалпы көлемінің 5% асатын немесе 200 мың АҚШ доллар мөлшеріндегі сомандан асатын мүлкі немесе қызметтері үшін ақшалай төлемдерді алған серіктес, немесе бақыланатын акционер немесе кез келген ұйымның атқарушы лауазымды тұлғасы болып табылатын немесе тікелей туысы бар (Nasdaq Ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда);
- Соңғы үш жыл ішінде Компанияның кез келген лауазымды адамы сыйақы комитетінде қызмет атқарған немесе келген ұйымның атқарушы лауазымды тұлғасы ретінде жұмысқа орналасқан болып табылады немесе тікелей туысы бар;
- Компанияның сыртқы аудиторының қазіргі серіктесі болып табылатын немесе Компанияның сыртқы аудиторының серіктесі немесе қызметкері болған және соңғы үш жыл ішінде кез келген уақытта Компанияның аудитінде жұмыс істеген немесе тікелей туысы бар.

7-СУРЕТ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ АЯҒЫНДА КОМИТЕТ FREEDOM HOLDING CORP. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ, %



■ Тәуелсіз директорлар
■ Тәуелсіз мәртебесі жоқ директорлар

Есепті кезеңнің аяғында Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі мүшелерінің 60% бөлігі тәуелсіз болып табылған (7-сурет). Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бас тәуелсіз директор Уильямс ханым болып табылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

GRI 2-10

Директорлар кеңесінің құрамы үш класқа бөлінеді (I класс, II класс және III класс). Директорлар кластары жыл сайын Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бірі үш жылдық мерзімге сайланатындай етіп бөлінеді. 2024 күнтізбелік жылдың басында Стилман мырзаның тәуелсіз директор қызметінен кетуіне байланысты есепті кезеңнің соңында үш кластың екеуіне екі директор кірді, ал II класқа бір директор кірді.

Компания Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу кезінде Nasdaq критерийлерін басшылыққа алады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың номинациясын тағайындау және корпоративтік басқару комитеті немесе акционерлер тікелей ұсына алады. Есепті кезеңнің соңында акционерлердің Жыл сайынғы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына бірде-бір кандидат ұсынбаған.

Тағайындаулар және корпоративтік басқару комитеті номинанттарды Директорлар Кеңесіне ұсынады, содан кейін Директорлар кеңесі Акционерлердің Жыл сайынғы жиналысына тиісті ұсыныс ұсынады. Кандидаттарды іріктеу кезінде комитет Директорлар кеңесінің өзекті қажеттіліктерін басшылыққа алады және оның тарапынан бар сұрау салуға жауап беретін кандидаттарды іріктеу түрде іздейді. Үміткердің іскерлік тәжірибесі, оның пайымдаулары, өмірбаяны, ықтимал мүдделер қақтығысы, адалдық, әдептілік және акционерлер үшін құндылықты арттыру мақсатына адалдық ескеріледі. Үміткерде төменде көрсетілген бірнеше критерийлер болуы керек:

- Қаржылық қызметтер саласындағы тәжірибе;
- Халықаралық бизнестегі тәжірибе;
- Қаржылық сараптама;
- Бухгалтерлік есеп дағдылары;
- Персоналды басқару;
- Қоғамдық компанияны басқару;
- Заң сараптамасы.

Компания директорларының өкілеттіктерін тоқтату тәртібі Freedom Holding Corp. Жарғысында белгіленген. Директор ішкі нормативтік құжаттардың ережелерін бұзған, қайтыс болған, директордың өз бастамасы бойынша өкілеттіктерін ерікті түрде тоқтатқан, директор зейнетке шыққан немесе Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін тоқтатқан жағдайда өкілеттіктерін тоқтату немесе лауазымынан шеттетуді көзделеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БУЫН БАСШЫЛАРЫНА СЫЙАҚЫ БЕРУ

GRI 2-19, 2-20, 3-3

СЫЙАҚЫНЫ АНЫҚТАУ ТӘСІЛІ

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері мен топ-менеджерлері үшін сыйақы жоспарын қалыптастыруға Сыйақылар жөніндегі Комитет жауап береді. Комитет өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің қарауына жататын сыйақыларға қатысты ұсынымдар дайындайды. Соңғысы ұсынылған сыйақы жоспарын бекітуге ерекше өкілеттіліктерге ие. Freedom Holding Corp. тәсілін қалыптастыратын негізгі құжат Директорлар кеңесі мүшелерінің және жоғары буын басшыларының сыйақысын қалыптастыруға Сыйақы комитеті ережелерінің жарғысы жатады.

Компанияның акционерлері жыл сайынғы акционерлер жиналысында кеңес беру сипатындағы дауыс беруге мүмкіндігіне ие. Алайда, дауыс беру міндетті емес екенін және оны директорлар кеңесі мен сыйақы комитетіне атқарушы басшылардың сыйақысын анықтауда бағыт беру үшін қолданатынын атап өткен жөн.

Сыйақы жөніндегі комитет жоғары корпоративтік басшылықтың сыйақысы саласындағы тәуелсіз кеңесшілердің қызметтерін тартыады және ықтимал сыйақы диапазонының тиісті шекараларын анықтау үшін саладағы салыстырмалы әлемдік компаниялардың бенчмарк-талдауын жүргізеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Есептік топ қызметкерлері болып табылмайтын Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің мүшелері тоқсан сайынғы негізде бөліктер бойынша төленетін жыл сайынғы ақшалай сыйақы алады. Есепті кезеңде Компания атқарушы емес директорларға келесі көлемде сыйақы төледі:

2-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕР БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ СЫЙАҚЫСЫ

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ СЫЙАҚЫ	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ РӨЛІ
\$100 000	Тәуелсіз директор
\$75 000	Аудит жөніндегі Комитет Төрағасы
\$75 000	Бас тәуелсіз директор
\$50 000	Тәуекелдер жөніндегі Комитет Төрағасы
\$50 000	Сыйақылар жөніндегі Комитет Төрағасы

Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесінің, комитеттердің отырыстарына немесе акционерлердің жыл сайынғы жиналысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы бермейді. Қызметкер емес директорлар Freedom Holding Corp. акциялары түріндегі сыйақы төлеу механизміне қатыса алады. Алайда, есепті кезеңде осы санатқа жататын директорлардың ешқайсысы осы тетік шеңберінде сыйақы алған жоқ. 2024 қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша Компания атқарушы емес директорларға акциялар түрінде сыйақы бермеді. Осыған қарамастан, сыйақылар жөніндегі Комитет пен Директорлар кеңесі өз қалауы бойынша осындай сыйақы беру туралы шешім қабылдауға құқылы. Есепті кезеңнен кейін Компания тәуелсіз директорлардың сыйақысын қайта қарады. Есепті кезеңнен кейін 2024 жылдың 1 сәуірінен бастап Сыйақылар жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің қарауы бойынша үлестік сыйақы түріндегі сыйақыны қамтитын тәуелсіз директорлардың сыйақысын қайта қарады.

3-КЕСТЕ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН KEЙІН ҚЫЗМЕТКЕР БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ДИРЕКТОРЛАРҒА СЫЙАҚЫ

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ СЫЙАҚЫ	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ РӨЛІ
\$200 000	Тәуелсіз директордың ақшалай сыйақысы
\$100 000	Тәуелсіз директордың акциялар түріндегі сыйақысы (Үлестік сыйақы)
\$75 000	Жетекші тәуелсіз директор
\$75 000	Аудит жөніндегі Комитет Төрағасы
\$50 000	Тәуекелдер жөніндегі Комитет Төрағасы
\$50 000	Сыйақылар жөніндегі Комитет Төрағасы
\$50 000	Транзакциялар жөніндегі Комитет Төрағасы
\$50 000	Тағайындаулар және корпоративтік басқару жөніндегі Комитет Төрағасы

ЖОҒАРЫ БУЫН БАСШЫЛАРЫНЫҢ СЫЙАҚЫСЫ

Freedom Holding Corp. топ-менеджерлерге сыйақы беру тәсілі Компанияның нарықта көшбасшылыққа, кірістің өсуіне және акционерлік құн мен кірістің өсуіне қол жеткізуге деген ұмтылысына сәйкес құрылған. Freedom Holding Corp. сыйақы бағдарламасы сыйақыларды басшылардың жұмыс нәтижелеріне, олардың қызмет ету мерзіміне және өзге де көрсеткіштерге байланыстырады. Осы

шешімнің көмегімен Компания қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық және іскерлік мақсаттар арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады, осылайша топ-менеджерлер мен акционерлердің мүдделерінің дәйектілігін қамтамасыз етеді.

Жоғары буын басшыларының сыйақы бағдарламасы, әдетте, құрамдас екі түрлі құраушыны қамтиды: ақшалай сыйақы және акционерлік капитал үлесі түріндегі сыйақы. Қазіргі уақытта бағдарлама жоғары буын басшыларымен еңбек келісімі бұзылған жағдайда ешқандай төлемдерді қарастырмайды. Freedom Holding Corp. корпоративтік зейнетақы бағдарламаларының топ-менеджерлеріне немесе жұмыстан босатылған жағдайда қосымша өтемақы ұсынбайды. Сондай-ақ, Компанияда негізгі жалақыны

автоматты түрде арттыру қарастырылмаған. Жалақы жыл сайынғы негізде қайта қаралуға жатады, шешім сыйақылар бойынша тәуелсіз кеңесшілердің қолдауымен және олардың нарықтық тәжірибелерін талдаумен қабылданады.

Жоғары буын басшыларының ақшалай сыйақысы үш компоненттен құралады: негізгі жалақы, жыл сайынғы бонус және ұзақ мерзімді бонус. Жыл сайынғы бонус Компанияның қаржылық, стратегиялық және операциялық мақсаттарына, сондай-ақ топ-менеджерлер қызметінің жеке нәтижелеріне қол жеткізуге байланысты айқындалады. Ұзақ мерзімді бонус, әдетте акциялар түрінде, көпжылдық кезең ішінде Freedom Holding Corp. акцияларының құны негізінде анықталады.

ESG САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ТАПСЫРУ

GRI 2-13, 2-14

Есепті кезеңде Компанияның Директорлар кеңесі бүкіл Топ шеңберінде ESG стратегиялық қадағалау мен басқару үшін жауап беретін тұрақты даму жөніндегі Бас директорды тағайындады. Оның функционалдық бағынысында Freedom Holding Corp., оның еншілес ұйымдарының қызметіне ESG интеграциясын операциялық үйлестірумен айналысатын мамандандырылған бөлімше – ESG басқармасы орналасқан ¹³.

ESG басқармасының жұмысының негізгі бағыттары:

- Корпоративтік басқару, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласындағы Топ қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- Халықаралық стандарттарға сәйкес Компанияның ESG-мақсаттарын енгізу және оларға қол жеткізу;
- Қаржылық емес ақпаратты уақтылы ашуды қоса алғанда, әртүрлі ESG-бастамаларын жоспарлау, ұйымдастыру және ілгерілету;
- Тұрақты даму туралы жыл сайынғы есепті дайындау және Директорлар кеңесіне ұсыну.

Компанияның ESG басқармасы дайындаған жыл сайынғы қаржылық емес есеп, есепке кіретін еншілес ұйымдардың және функционалдық бөлімшелерінің басшылары тарапынан тексеруге және келісуге жатады. Есептің қабылдануына Директорлар кеңесі жауапты.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

GRI 2-12, 2-16

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу және мүдделі тараптар Компанияға жүктеген үміттерді ақтау мақсатында Freedom Holding Corp. стратегиялық жоспарлаумен, инвестициялық шешімдер қабылдаумен, бюджетті жоспарлаумен және операциялық қызметпен байланысты процестердің ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін белсенді дамытады. Тәуекелдерді тиімді басқару барлық елеулі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бойынша уақтылы және жеткілікті шаралар қабылдауға бағытталған Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Есепті кезеңде Компания тәуекелдерді басқару жүйесін орталықтандыру бойынша жұмысқа кірісті. Freedom Holding Corp. Топ деңгейінде тәуекелдерді басқаруға жауапты тәуекел-менеджмент қызметін құрды және 2024 қаржы жылының соңында қызметті басқаруға тәуекелдерді басқару жөніндегі Бас директорды тағайындады. Компанияның Тәуекелдер жөніндегі комитеті Топ ұйымдарының тәуекелдерді басқару тәсілдерін үндестіруге және тәжірибелерін біріздендіруге, сондай-ақ ішкі нормативтік базаны жетілдіруге бағытталған жаңа бөлімшенің жұмыс жоспарын бекітті. Тәуекел-менеджмент қызметі тәуекелдерді басқарудың жалпы әдіснамасын және тәуекелдерге ұшырау бойынша есептілікті қалыптастырумен, тәуекелдерді басқару процесінде тәуекел-мәдениет қағидаттары мен корпоративтік басқару құралдарын енгізумен және қолдаумен айналысады.

Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдарында қолданыстағы заңнаманың және реттеуші нормалардың талаптарына сәйкес Компанияның тәуекел-менеджмент қызметімен үйлестіре жұмыс істейтін тәуекелдерді басқарудың жергілікті жүйелері құрылды. Тәуекелдерді басқарудың жергілікті жүйелерінің қызметі әр ұйымның операциялық қызметінің ерекшелігін ескере отырып, өзінің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Топтың тәуекелдерді басқарудың жергілікті жүйелері жүргізілетін мониторинг пен тиімділікті талдау нәтижелері негізінде үздіксіз жетілдірілуге жатады.

Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі үш дәстүрлі қорғаныс желісі түрінде жасалған:

- Құрылымдық бөлімшелер-тәуекелдердің иелері және тиісті бағыттарға жетекшілік ететін топ-менеджмент өкілдері. Тәуекелдерді басқару

бойынша қабылданған ішкі саясаттарға сәйкес бұл бөлімшелер тікелей Компанияда және еншілес ұйымдарда операциялық қызметті жүзеге асырады;

- Тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау бөлімшелері, олар тәуекелдерді басқару әдіснамасына және тәуекелдерді басқару бойынша есеп беруге жауапты;
- Компанияның және еншілес ұйымдардың ішкі аудит бөлімшелері, сондай-ақ тиісті директорлар кеңестері немесе тәуекелдермен және аудит нәтижелерімен Компания тәуекелдерін басқарудың жалпы стратегиясын ¹⁴ қалыптастыратын тәуекелдер жөніндегі комитеттер және аудит жөніндегі комитеттер тұлғасындағы ұқсас органдар.

¹³ Функция ESG басқармасына 2024 жылдың 1 сәуірінде жүктелді. Бұған дейін жауапты бөлім ESG департаменті болатын.

¹⁴ Freedom Holding Corp. кейбір еншілес ұйымдарында ішкі аудит функциясын сыртқы тәуелсіз мердігер жүзеге асырады.

Өз функцияларын іске асыру шеңберінде тәуекелдерді басқаруға жауапты еншілес ұйымдардың бөлімшелері тоқсан сайын және жыл сайын осы ұйымдардың басшы органдарына немесе жоғары лауазымды тұлғаларына есеп береді. Есептік топтың әрбір жергілікті тәуекелдерді басқару жүйесі үшін процестерді реттейтін және тәуекелдерді басқару әдістемелерін сипаттайтын ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді. Ішкі саясаттарға сәйкес тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшелер үнемі тәуекелдерді анықтау және бағалау процесін жүргізеді, олар туралы ақпарат еншілес ұйымдардың корпоративтік басқару органдары үшін есепте ұсынылады.

Тәуекелдердің басым санаттарын басқару туралы толығырақ ақпарат SEC берілетін Freedom Holding Corp. 10-K нысаны бойынша жыл сайынғы есептілікте берілген. Нысан [корпоративтік веб-сайтта](#) қол жетімді. Есепті кезеңнің соңында ESG тәуекелдері басқа санаттар шеңберінде тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы шеңбері аясында бағаланды және басқарылды. Келесі есепті кезеңде Компания ESG тәуекелдерін жеке кеңейтілген санатқа бөлуді жоспарлап отыр. Компанияның осындай тәуекелдерді басқару тәсілі оның 2025 қаржы жылының тұрақты даму есебінде сипатталатын болады.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

GRI 3-3 SASB FN-CF-230a.3

Бизнесінің технологияға тәуелділігінің артуы және соның салдарынан әлеуетті қауіптерге бейімділігінің

артуы киберқауіпсіздікті тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің біріне айналдырады. Киберқауіпсіздік тәуекелдері Топтың бизнес үздіксіздігін бұзуы, қаржылық және беделдік шығындарға ұшыратуы немесе құпия деректердің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан киберқауіпсіздік Компания үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. 2024 қаржы жылында Freedom Holding Corp. өзінің және клиенттің деректерін кибершабуылдардан және деректерді заңсыз иемденудің, бұрмалаудың немесе жоғалтудың басқа түрлерінен қорғауға бағытталған қауіпсіздік шараларын, саясаттар мен технологияларды әзірледі, енгізді және әзірлеуді жалғастыруда. Компания сонымен қатар сараптама үшін кеңесшілерге жүгінеді және киберқауіпсіздікке қатысты нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Компанияның киберқауіпсіздік тәуекелдерін жалпы басқаруды Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитеті бақылайды. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге Freedom Holding Corp. тәсілі есепті кезеңде қабылданған Ақпараттық қауіпсіздік саясатында баяндалған. Құжат ақпараттық қауіпсіздікке байланысты қызметті басқаруға арналған нұсқаулықтарды тұжырымдайды. Оларға нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету, осалдықтарды жан-жақты бағалауға негізделген тәуекелге бағытталған тәсілді қолдану, үздіксіз оқыту және қызметкерлердің киберқауіпсіздік пен құпиялылық туралы хабардарлығын арттыру сияқты қағидаттары кіреді (бірақ олармен шектелмейді).

Есепті кезеңде Компания Кибероқиғаларды басқару саясатын әзірледі, оны 2025 қаржы жылында қабылдау

жоспарлануда. Саясат киберқауіпсіздік оқиғалары мен деректердің бұзылуын бақылауға және хабарлауға қатысты операциялық шаралар мен процедураларды сипаттайды. Саясат ережелері киберқауіпсіздік оқиғаларына жауап беруді үйрету, оқиғаларды анықтау, мүдделі тараптарды хабардар ету, негізгі себептерді талдау және түзету әрекеттерін әзірлеу талаптарын тұжырымдайды.

Компаниядағы киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару моделі үш қорғаныс желісінен тұрады. Бірінші желі еншілес ұйымдар деңгейінде корпоративтік Технологиялық көшбасшылық орталығының, ақпараттық технологиялар және киберқауіпсіздік топтарының сарапшыларының қолдауымен Freedom Holding Corp. компаниясының Бас техникалық директорынан тұрады. Екінші желіге Топ ішіндегі тәуекелдерді басқару топтары, сондай-ақ Директорлар кеңесі жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет қолдайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі Бас директор кіреді. Үшінші желіге Компанияның бақылау департаменті, Топ ұйымдарының ішкі аудит қызметі және Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит комитеті кіреді.

Киберқауіпсіздік тәуекел-факторлары мен тәуекелдері, басқару тәсілі және деректердің құпиялылығына қатысты мәселелерінің толық талқылауын Freedom Holding Corp. SEC жіберілетін өзінің 10-K жыл сайынғы нысанында береді. Нысан [компанияның веб-сайтында](#) қол жетімді.

Freedom Holding Corp. киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды жақсарту бойынша бастамалары нормативтік ұсыныстарға, салалық стандарттарға,

қауіп деректеріне, ішкі және сыртқы аудиттерге, сыртқы кеңесшілерге және киберқауіпсіздік мамандары қауымдастығының тәжірибесіне негізделген. Технологиялық көшбасшылық орталығының сарапшылары Бас техникалық директордың басшылығымен өзгеріп отыратын қауіптер мен жағдайларды ескере отырып, киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару процестерін мерзімді қайта қарайды.

2024 қаржы жылында Компания ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, құпиялылық және ілеспе тәуекелдерді басқару саласындағы бақылау жүйелерін жетілдіру жөніндегі міндеттерді тұжырымдайтын 2025 жылға дейінгі Технологиялық стратегияны қабылдады. Компанияның еншілес ұйымдарының бақылау жүйелері болжамды қауіптердің деңгейін және олардың әр Топ ұйымына байланысты салдарын ескереді. Сонымен бірге, Freedom Holding Corp. есепті кезеңде Freedom Technology General Controls – барлық еншілес ұйымдарда техникалық бақылау ортасын үйлестіруге бағытталған Техникалық бақылаудың корпоративтік стандартын енгізе бастады. Компанияның стратегиялары, жоспарлары және саясаты жалпы ISO/IEC 27001:2022 сияқты халықаралық деңгейде танылған стандарттарға негізделген.

ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Freedom Holding Corp. ішкі аудит функциясы орталықтандырылмаған болып табылады және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Топтың жекелеген ұйымдарында енгізілген. Орындау жауапкершілігі мамандандырылған жергілікті ішкі аудит қызметтеріне жүктеледі немесе сыртқы мердігерлерге беріледі.

Сонымен қатар, Компания тәсілді қолдану талаптарының сәйкестігін қамтамасыз етудің жеке функциясын бөледі, ол мамандандырылған бөлімшеге – SOX Комплаенс ⁴ басқармасына жүктеледі. Компаниядағы SOX-комплаенс саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін

бағалау процесі үш негізгі ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі:

- SOX Комплаенс Басқармасы туралы Ереже;
- Ішкі аудит департаментіне арналған нұсқаулық;
- Ішкі бақылау жүйесінің SOX талаптарына сәйкестігі бойынша тәжірибелік нұсқаулық.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Freedom Holding Corp. ішкі бақылау жүйесі тиімді деп танылды, онда айтарлықтай кемшіліктер анықталған жоқ. SOX-реттеу талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету туралы толығырақ ақпарат Freedom Holding Corp. SEC берілетін 10-К нысаны бойынша жыл сайынғы есептілікте ашылады. Нысан [корпоративтік веб-сайтта](#) қол жетімді.

ІСКЕРЛІК ЭТИКА ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

GRI 2-23, 2-24, 3-3

Freedom Holding Corp. іскерлік этика қағидаттарын ұстанудың және мемлекеттік реттеушілер мен Компания өз қызметін жүргізетін құзыреттердің жергілікті нормативтік-құқықтық актілерінде бизнеске қойылатын талаптарды сақтаудың маңыздылығын мойындайды. Freedom Holding Corp. мүдделі тараптардың оған деген сенімін жоғары бағалайды, оған қоса адал, жауапты және этикалық іскер серіктестің беделін сақтау үшін бар күшін салады.

Freedom Holding Corp. іскерлік мінез-құлық және этика мәселелерін басқаруды реттейтін негізгі құжат Компанияның веб-сайтында орналастырылған корпоративтік Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі болып табылады. Құжат Freedom Holding Corp. өз қызметінде басшылыққа алатын, сонымен қатар іскерлік мінез-құлықтың жоғары стандарттарын қамтамасыз ету тәсілін қалыптастыратын негізгі қағидаттарының тізімін анықтайды.

⁴ Функция 2024 жылдың 1 сәуірінде SOX Комплаенс Басқармасына артылады. Бұрын жауапты бөлімше Бақылау департаменті болды.

FREEDOM HOLDING CORP. ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ



Қолданыстағы заңнаманы, ережелерді және реттеушілердің талаптарын сақтау



Компания реттеушілерге жіберетін немесе ашық жариялайтын есептілікте және басқа құжаттарда ақпаратты толық, сенімді, ашық, уақытында және қол жетімді ашу



Бизнесті әділ және этикалық жүргізу, соның ішінде ықтимал мүдделер қақтығысын адал басқару



Корпоративтік активтерді, құпия ақпаратты және Компания алдында ашылатын мүмкіндіктерді қорғау



Адал емес қылыққа және құқықтық бұзушылыққа жол бермеу

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

GRI 2-11, 2-15, 2-23, 2-24

Компания ықтимал мүдделер қақтығысын болдырмауға және шешуге көп көңіл бөледі. Freedom Holding Corp. деңгейінде мүдделер қақтығысын басқару тәсілін белгілейтін негізгі құжат корпоративтік Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі болып табылады. Кодекстің ережелері Компанияның барлық директорлары мен қызметкерлеріне, оның еншілес ұйымдарына қолданылады және орындауға міндетті болып табылады.

Кодекске сәйкес, Freedom Holding Corp. мүдделер қақтығысын жеке тұлғаның немесе оның туыстарының жеке мүдделерінің Компания мүдделерімен нақты немесе көрінетін қиылысы ретінде анықтайды. Мүдделер қақтығысы қызметкер, лауазымды тұлға немесе директор (немесе олардың отбасы мүшелері) Компанияның мүддесі үшін өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауды объективті түрде қиындатуға қабілетті әрекет жасаған немесе мүдделі болған жағдайда туындауы мүмкін.

Компания мен оның еншілес ұйымдары тарапынан қызметкерлерге немесе олардың отбасы


мүшелеріне берілетін несиелер немесе олардың міндеттемелеріне кепілдік беру ерекше назар аударуды талап етеді, себебі бұл жағдайлар алушыларға заңсыз жеке пайда әкелуі мүмкін, оның анық-қанығы жағдайлар мен мән-жайларға байланысты болады.

Freedom Holding Corp. Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі мүдделердің нақты немесе ықтимал қақтығысы туралы ақпарат пайда болған кезде әрекет ету тәртібін анықтайды. Мұндай ақпаратқа ие немесе кеңес алғысы келетін мүдделі тараптар оны комплаенс функциясына жауапты бас лауазымды тұлғаға жіберуі керек. Егер мұндай лауазымды тұлға еншілес ұйымға тағайындалмаған жағдайда, осы мәселелерді қарауға өтініш берушілердің тікелей басшылары немесе ұйым басшысы жауап береді. Кодекстің ережелеріне сәйкес, уәкілетті лауазымды тұлға мүдделер қақтығысының нақты немесе ықтимал болу фактісін анықтауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысына байланысты ықтимал әрекетті келісуге немесе жасауға рұқсат беруге жауапты.

Компанияның директорлары мен жоғары буын басшыларына қатысты мүдделер қақтығысының болу фактісін анықтау, сондай-ақ ықтимал операцияларды мүдделілікпен алдын ала келісу Компанияның аудит жөніндегі Комитетінің айрықша өкілеттіктеріне жатады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен байланысты оқиғалар Компанияға елеулі экономикалық және беделді залал келтіруге, мүдделі тараптардың сеніміне нұқсан келтіруге және акционерлердің мүдделеріне нұқсан келтіруге қабілетті. Сондықтан Freedom Holding Corp. еншілес ұйымдар сыбайлас жемқорлыққа қатысты кез келген көріністе «нәлдік төзімділік» қағидатын ұстанады. Есепті кезеңнің соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін басқаруды Топ ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғалары жүзеге асырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды реттейтін негізгі құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат  болып табылады. Осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау барлық қызметкерлер үшін, сондай-ақ қызмет ететін өңірлерде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және тиісті нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау үшін міндетті болып табылады. Осы саясаттардың ережелері іскерлік серіктестерге және Топ ұйымдарының атынан әрекет ететін өзге де тұлғаларға міндетті. Болашақта Компания Топ деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеп, бекітуді жоспарлап отыр.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерінің тиісті тиімділігін қамтамасыз ету шараларын іске асыру шеңберінде Топ ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту бойынша іс-шаралар өткізілді. Бұл бағдарламалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты мамандарды және сыбайлас жемқорлыққа қауіп жоғары бөлімшелердің қызметкерлерін қоса алғанда, белгілі бір санаттағы қызметкерлерге арналған. Болашақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтерді Топтың барлық ұйымдары үшін қолжетімді орталықтандырылған оқыту платформасына біріктіру жоспарлануда.

КОМПЛАЕНС ЖҮЙЕСІ

GRI 3-3, 2-23, 2-24

Freedom Holding Corp. Комплаенс департаменті заңнамалық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етеді, реттеушілермен өзара іс-қимыл жасайды және Топтың барлық аймақтарында реттеушілік есептілікті дайындауды қамтамасыз етеді. Басқарманы Комплаенс жөніндегі Бас атқарушы директор басқарады, оның міндеттеріне реттеушілермен және сыртқы мүдделі тараптармен, соның ішінде рейтингтік агенттіктермен және салалық ұйымдармен өзара іс-қимыл кіреді.

 2024 қаржы жылының соңы жағдайына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаттары реттеуші талаптарға және қолданылатын заңнамаға сәйкес барлық реттеуші ұйымдарда бекітілді.

ТОПТЫҢ КОМПЛАЕНС ЖҮЙЕСІН РЕТТЕЙТІН НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:



**АҚШ САНКЦИЯЛАРЫНА
СӘЙКЕСТІК САЯСАТЫ
МЕН РӘСІМДЕРІ**



**КОМПЛАЕНС
САЛАСЫНДАҒЫ
ЕСЕПТІЛІК САЯСАТЫ**

01

02

03

04



**ЭТИКА ЖӘНЕ
ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-
ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ**



**КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРМЕН
САУДА ЖАСАУҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ
(ИНСАЙДЕРЛІК САУДА САЯСАТЫ)**

Болашақта Freedom Holding Corp. Top деңгейінде комплаенс бойынша үлгілі Саясатты әзірлеуді және бекітуді жоспарлап отыр. Әрбір еншілес ұйымда Freedom Holding Corp. Комплаенс жөніндегі Бас атқарушы директормен үйлестіре отырып, олар үшін тиісті реттеуші талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік жергілікті мамандандырылған бөлімшелерге немесе белгіленген лауазымды тұлғаларға жүктелген. Олардың өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттері осы бизнес-функцияның орындалуын реттейтін жергілікті ішкі нормативтік құжаттарға және еншілес ұйымдар қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес ерекшеленеді.

КЕРІ БАЙЛАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ

GRI 2-16, 2-23, 2-24, 2-25, 2-26 SASB FN-IB(AC)-510A.2

Компаниядағы шағымдар мен өтініштерді қарау тетіктерінің жұмыс істеуін реттейтін негізгі құжат Комплаенс саласындағы есептілік Саясаты болып табылады. Саясат Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарына қатысты іскерлік этика саласындағы бұзушылықтарға, корпоративтік саясаттарға, қаржылық аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы алаяқтыққа, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен нормативтік актілердің өзге де бұзушылықтарына қатысты шағымдар мен өтініштерге таралады.

Шағымдар мен өтініштерді қараудың корпоративтік тетіктері мынадай байланыс арналарын болжайды:

- Тиісті еншілес ұйымның тікелей менеджеріне хабарласу;
- Корпоративтік хатшыға, вице-президентке, бас қаржы директорына немесе тиісті еншілес ұйымның заң департаментінің тиісті қызметкеріне жүгіну.

Жоғарыда айтылғандардан басқа,

Компанияда анонимді байланыс арнасы бар: compliancemonitor@freedomholdingcorp.com электрондық поштасы.

Саясат ережелеріне сәйкес тергеу барысында қол жетімді болған барлық өтініштер мен ақпарат құпия болып табылады. Сонымен қатар, саясат өтініш берушілерді кейінгі құдалаудан қорғау кепілдігін бекітеді.

Аудитке және бухгалтерлік есепке байланысты барлық өтініштерді жеке санатқа айқындайды, тиісті лауазымды тұлға қарайды, содан кейін ақпарат Аудит жөніндегі комитетке жеткізіледі. Өтініштердің қалған санаттарын тиісті ұйымдардың заң департаменттерінің қызметкерлері қарайды, олар кейіннен оларды тергеу үшін белгілі бір лауазымды тұлғаларға немесе департаменттерге жібереді.

Еншілес ұйымдар деңгейінде белгіленген саясатқа сәйкес құрылған және жергілікті деңгейде құрылымдық бөлімшелер басқаратын өтініштер мен шағымдарды беру мен өңдеудің жергілікті тетіктері қарастырылған. Корпоративтік байланыс арналарынан қосымша Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Компанияның Бас атқарушы директоры – «Тимур Турловтың жедел желісі» жеке жедел желісі жұмыс істейді. Бұл механизм сыртқы мүдделі тараптарға арналған және Freedom Broker веб-сайтында онлайн режимінде қол жетімді:

<https://ffin.kz/hotline>.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Қызметкерлерді басқару жүйесі.....39

Адам құқығы.....46

Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау.....48



- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жалпыға танылған стандарттар мен қағидаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- Компания жұмыс істейтін аймақтардағы экономикалық дамуға үлес қосу;
- Қызметкерлер арасында ESG және тұрақты даму туралы хабардарлықты арттыру;
- Гендерлік теңдікті қолдау және кемсітудің алдын алу.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

GRI 3-3

Freedom Holding Corp. бизнестің жетістігі тиімді команда құруға және адами капиталды дамытуға байланысты екенін мойындайды. Компания мансап жолының барлық кезеңдерінде қызметкерлердің кәсіби білімін, дағдылары мен машықтарын арттыруға ресурстар сала отырып, үздік мамандарды тартуға және кадрларды дамытуға ерекше назар аударады.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының халықаралық қызметі, әсіресе көпұлтты мәдениеті бар елдерде, табиғи түрде этникалық әртүрлі жұмыс ортасын жасайды. Топта 20 елдегі тәжірибелі қызметкерлердің әртараптандырылған және талантты командасы жұмыс істейді. Есептік топтағы компаниялар еңбек қатынастары заңдылық қағидаты және қатысушы аймақтардағы жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтары мен заңнамаларын сақтау негізінде құрылады.

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері ұйымның негізгі активі екенін түсінеді және оларды қамтамасыз етуге тырысады:

- қауіпсіз және қолайлы жұмыс ортасын;
- инклюзивті өсу және тең мүмкіндіктерін;
- әділ өтемақы мен жеңілдіктерді.

Freedom Holding Corp. корпорациясының меншікті операциялық қызметінің болмауына байланысты Компания қызметкерлері тек Директорлар кеңесінің атқарушы мүшелерімен және топ-менеджерлермен шектеледі. Топ деңгейінде Топтың барлық

қызметкерлері үшін мінез-құлық стандарттарын белгілейтін, есеп беруге ықпал ететін және мүдделер қақтығысын этикалық реттеуге ықпал ететін корпоративтік Этика және іскерлік мінез-құлық кодексі қолданылады.

2024 қаржы жылында Компания персоналды басқару жүйесін орталықтандыру бойынша жұмысқа кірісті. Freedom Holding Corp. деңгейінде бүкіл Топ шеңберінде HR мәселелері бойынша стратегиялық менеджментке жауап беретін HR Басқармасын құру жоспарлануда. Бұл ретте персоналды басқару жөніндегі жергілікті департаменттер Компанияның еншілес ұйымдарының басшылығына әкімшілік бағыныста болады. Бұған қоса, Топ деңгейінде персоналды басқару жөніндегі үлгілі Саясатты бекіту жоспарлануда. Бұл саясаттың ережелері барлық Топ ұйымдарына қолданылады және Компанияның қызметкерлерді жалдау, бейімдеу, оқыту және марапаттау тәсілін анықтайды.

Есепті кезеңде персоналды басқаруға Есептік топтың мамандандырылған департаменттері жауапты болды. Есептік топта персоналды басқару саласындағы қызметін сипаттайтын және реттейтін негізгі құжаттар мен саясаттар:


- Персоналды басқару саясаты ¹⁷;
- Еңбекақы төлеу тәртібі мен шарттары, сыйлықақы беру, персоналды ынталандыру, демалыс және қызметкерлерге жеңілдіктер беру туралы ережелер ¹⁸;
- Ішкі еңбек тәртібі ережелері ¹⁹;
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы ереже ²⁰.

Аталған құжаттар мен саясаттарда үздік мамандарды ²¹ тартудың, дамытудың және ұстап қалудың құндылықтары мен негізгі қағидаттары көрсетілген (8-сурет).

8-СУРЕТ. ҮЗДІК МАМАНДАРДЫ ТАРТУДЫҢ, ДАМУЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ҰСТАУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Адами капиталды ынталандыру және ұстау

Қызметкерлерге шығындар – бұл ұйымды дамытуға инвестициялар



Инновациялар және тұрақты жетілдіру

Компанияның топтық рухы

Бұған қоса, Есептік топтағы еншілес ұйымдарда осы ұйымдардың салалық ерекшелігіне тән іскерлік және кадрлық ынталандыру саласындағы меншікті ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді. Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын басқару Компанияның қатысу аймақтарында қолданылатын еңбек заңнамасына және нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Есептік топ ұйымдары Қазақстан

Республикасында, Кипр Республикасында, Қырғыз Республикасында және Өзбекстан Республикасында операциялық қызметті жүзеге асырды. Реттеушілердің талаптарына сәйкес, бұл компаниялар еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, қызметкерлерге жеңілдіктер мен кепілдіктер беру жауапкершілігін өз мойнына алады.

Бизнестің қарқынды өсуін ескере отырып, Есептік топ ұйымдары персоналды басқару тәсілін жетілдіру тұрақты даму қағидаттарын интеграциялаудың маңызды аспектісі екенін түсінеді. Осы ұйымдар адами капитал басты құндылық болып табылатын жұмыс ортасын құруға күш салуда.

Есептік топ ұйымдарындағы кадрлық мәселелерді қызметкерлерді іріктеуге, бейімдеуге және дамытуға, соның ішінде оларды оқытуға, тиімділікті басқаруға, корпоративтік мәдениетті дамытуға және сыйақыларды басқаруға жауапты персоналмен жұмыс істеу департаменттері реттейді. Осы персоналмен жұмыс істеу жөніндегі департаменттердің негізгі міндеттері мен функциялары Компанияны білікті кадрлармен қамтамасыз етуді, кадр саясаттарын, ұйымдық құрылымдар мен штат кестесін қалыптастыруды, персоналды бейімдеу және дамыту жүйесін енгізуді, сондай-ақ персоналды ынталандыру жүйесін ұйымдастыруды қамтиды.

¹⁷ «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, ««Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, « «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd, «Freedom Technologies» ЖШС-де бар.

¹⁸ «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, « «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Telecom Holding Ltd, «Arbuz Group» ЖШС-де бар.

¹⁹ «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, « «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «Arbuz Group» ЖШС, «Freedom Technologies» ЖШС-де бар.

²⁰ «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ-да бар.

²¹ Freedom Finance Europe Ltd. Қызметкерлерді басқару саясатында қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстау үшін басқа қағидаттар көрсетілген.


FREEDOM HOLDING CORP. КОМАНДАСЫ ЦИФРМЕН

GRI 2-7, 2-8, 401-1

2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Freedom Holding Corp. және еншілес ұйымдардың ішкі ұйымдық құрылымы Есеп шегіндегі шеңберде 137 аймақтық кеңселер мен филиалдардан тұрды. Есепті кезеңнің аяғында Есептік топтың штаттық саны 5348 адамды құрады ²².

Топ қызметкерлерінің басым бөлігі Орталық Азияда, негізінен Қазақстанда, Еуропада топтағы қызметкерлердің жалпы санының тек 3% ғана болды (9-сурет). Топтағы әйелдердің үлесі 52%, ерлер – 48% құрайды. Қызметкерлердің

9-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚАТЫСУ ӨҢІРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛУ, %




- Орталық Азия: Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы
- Еуропа: Кипр Республикасы


көпшілігінің жасы (59%) 30 мен 50 жас аралығында, ал 30 жасқа дейінгі және 50 жастан асқан қызметкерлердің үлесі сәйкесінше 36% және 5% құрайды.

Есептік топ қызметкерлерінің саны бойынша жынысы, қатысу аймақтары, еңбек шартының түрі және жұмыспен қамту түрі бойынша мәліметтер 4 және 5-кестелерде келтірілген. Қызметкерлерде мерзімді еңбек шартының болуы уақытша болмаған қызметкерді ауыстырумен және еңбек қатынастарының белгіленген мерзімімен жобалық жұмыспен қамтумен байланысты. Жұмыс уақытының қысқаруы штатта мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің ²³ жұмысты, оқуды және басқа жағдайларды біріктіретін бастапқы деңгейдегі қызметкерлердің болуымен байланысты.

10-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, %



11-СУРЕТ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАС БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ, (%)



²² GRI 2-7 «Қызметкерлер» көрсеткіші бойынша мәліметтер Компанияның еншілес ұйымдарымен жасалған еңбек шарттары негізінде есептелген және қоса атқарушылық бойынша жұмысқа орналасқан қызметкерлерді ескермейді.
²³ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес I және II топтағы мүгедек қызметкерлерге қысқартылған жұмыс уақыты беріледі.
²⁴ Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты.
²⁵ Қызмет көрсету шарты Еуропалық одақта жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты (Service Agreement).

4-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕСЕПТІК КЕЗЕҢ СОҢЫНДА ЖЫНЫС БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ САНЫ

	ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР
Еңбек шартының түрі бойынша бөлу		
Мерзімсіз еңбек шартын жасасқан қызметкерлер	1 640	1 823
Мерзімді еңбек шартын жасасқан қызметкерлер	943	942
Толық жұмыс күн жұмыс істейтін қызметкерлер	2 561	2 746
Толық емес жұмыс күн жұмыс істейтін қызметкерлер	22	19
Кепілсіз жұмыс сағаттары бар қызметкерлер	0	0
БАРЛЫҒЫ	2 583	2 765

5-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ТОП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕСЕПТІК КЕЗЕҢ СОҢЫНДА ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ САНЫ

	ОРТАЛЫҚ АЗИЯ	ЕУРОПА
Еңбек шартының түрі бойынша бөлу		
Мерзімсіз еңбек шартын жасасқан қызметкерлер	3 306	157
Мерзімді еңбек шартын жасасқан қызметкерлер	1 885	0
Толық жұмыс күн жұмыс істейтін қызметкерлер	5 150	157
Толық емес жұмыс күн жұмыс істейтін қызметкерлер	41	0
Кепілсіз жұмыс сағаттары бар қызметкерлер	0	0
БАРЛЫҒЫ	5 191	157

2024 жылғы 31 наурызда еңбек қызметін шарттардың өзге нысандары негізінде жүзеге асыратын қызметкерлердің жалпы саны 493 адамды құрады. Қызметкерлердің ең көп таралған мамандықтары: АТ-әзірлеушілер, жүйелік талдаушылар, техникалық қызметкерлер, сапаны бақылау мамандары, бір реттік

кеңес беру қызметтерді жүзеге асыратын мамандар, редакторлар, сервистік қолдау мамандары, контент-мейкерлер және басқалар. Жасалған шарттардың ең көп таралған түрлері азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт ²⁴ және қызмет көрсету шарты ²⁵ болды.

2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Есептік топ ұйымдарында есепті кезеңнің 12 ай ішінде жұмысқа қабылданған жаңа қызметкерлердің жалпы саны 3 105 адамды құрады. Әйелдер арасындағы кадрлардың өсу коэффициенті 55%, ал ерлер арасында 61% құрайды. Жұмыстан шыққан қызметкерлердің жалпы саны 1 783 адамды құрады,

бұл кадрлар тұрақтамауының 33% құрайды. 6-кестеде есепті кезеңдегі жалданған және жұмыстан шыққан қызметкерлердің саны бойынша деректер, сондай-ақ жынысы, жасы және қатысу аймақтары бойынша бөліністегі кадрлардың өсімі мен кадр тұрақтамауы коэффициенттері көрсетілген.

6-КЕСТЕ. 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАН ШЫҚҚАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

	ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ	КАДРЛАР ӨСІМІНІҢ КОЭФИЦИЕНТІ, %	ЖҰМЫСТАН ШЫҚҚАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ	КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ КОЭФИЦИЕНТІ, %
Жынысы бойынша бөлу				
Ерлер	1 580	61	863	33
Әйелдер	1 525	55	920	33
Жасы бойынша бөлу				
30 жасқа дейін	1 392	73	910	48
30 жастан бастап 50 жасқа дейін	1 600	50	831	26
50 жастан жоғары	113	43	42	16
Өңірлер бойынша бөлу				
Орталық Азия	3 049	59	1 765	34
Еуропа	56	36	18	11
БАРЛЫҒЫ	3 105	58	1 783	33



ЛАЙЫҚТЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ

GRI 401-2 29, 401-3

Компания Топ қызметкерлері үшін олардың кәсіби дамуы мен әл-ауқатына ықпал ететін лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге үнемі ұмтылады. Әлеуметтік қолдаудың негізгі тетіктері – жеңілдіктер беру, жаңа қызметкерлерге бейімделуге көмектесу, мотивациялық бағдарламалар және лайықты жалақы. Әлеуметтік көмек қызметкерлерге қолайлы жағдайлар жасау, жоғары білікті кадрларды ұстап қалу және тарту мақсатында көрсетіледі. Іске асырылатын қолдау тетіктері жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді және персоналды басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Freedom Holding Corp. есептік шекараға кіретін еншілес ұйымдарының толық жұмыс күн жұмыс істейтін қызметкерлеріне қатысудың негізгі аймақтарында келесі әлеуметтік жеңілдіктер беріледі:

- Үздік қызметі үшін арнайы бонустар немесе сыйақылар ²⁷;
- Медициналық сақтандыру ²⁹;
- Мемлекеттік мерекелерге арналған мерекелік іс-шараларды өткізу, корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру ²⁹;
- Қызметкерлерді оқытуға жолдама ³⁰;
- Клиенттермен тікелей жұмыс істейтін функционалдық бөлімшелердің қызметкерлері үшін ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеу ³¹;
- «Жеңілдікті ипотека» және «Жеңілдікті сақтандыру»

компаниясының өнімдеріне жеңілдікті шарттар ³²;

- Еңбекке жарамсыздық пен денсаулықтың шектеулі мүмкіндіктері жағдайында көмек ³³;
- Бала күтімі бойынша демалысқа шыққан кезде біржолғы төлем және 18 жасқа дейінгі әрбір балаға ай сайынғы төлем ³⁴;
- Фитнес-бағдарламаларды ішінара төлеу ³⁵;
- Қызметкерлердің балаларына арналған дамыту бағдарламалары ³⁶;
- Туристік жолдамаларды төлеу ³⁶.

Топтың еншілес ұйымдардың қызметкерлеріне материалдық көмек қызметкердің өтіншіске негізделген және келесі жағдайларда көрсетілуі мүмкін:

- Бала туу, жаңа туған балаларды асырап алу ³⁷;
- Қызметкердің немесе оның жақын туыстарының қайтыс болуы ³⁷;
- Неке қию ³⁸;
- Қызметкерге өзіне қатысты құқыққа қайшы әрекеттер (қарақшылық, ұрлық және т.б.) жасау салдарынан мүліктік зиян келтіру, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен дүлей зілзалалар (тұрғын үй апаттары, өрттер, жер сілкіністері, су тасқыны және т.б.) ³⁹;
- Зейнеткерлікке шығу ⁴⁰;
- Қызметкерлерді медициналық емдеу қажеттілігі (Топ Ұйымдарының Басқарма шешімі бойынша) ⁴¹.

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес 3 жасқа дейінгі балалары бар әрбір қызметкерге бала күтімі бойынша демалыс алуға құқық беріледі. Кипр Республикасында бала күтімі бойынша демалыс алу

құқығы 8 жасқа дейінгі балалары бар қызметкерлерге қолданылады. 7-кестеде жынысы бойынша Есептік топ қызметкерлерінің бала күтімі бойынша демалысын алу және жұмысқа оралу коэффициенті туралы ақпарат берілген.



²⁶ GRI 401-2 (b) «Толық жұмыс бастылық жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге арналған жеңілдіктер» көрсеткіші бойынша мәліметтер қатысатын негізгі өңірлер бойынша ашылады. Негізгі қатысу өңірлері – қызметкерлер саны 100 адамнан асатын Есептік топтың қатысу өңірлері.

²⁷ Арнайы төлемдер «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC және «СК «Freedom Insurance» АҚ ұсынылады.

²⁸ Ерікті медициналық сақтандыруды (EMC) қамту «Freedom Life» ӨСК және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ-да ұсынылады. Freedom Finance Europe Ltd. жұмыс берушінің есебінен жұмыс визасы мен отбасын визалық қолдау үшін медициналық сақтандыру ұсынылады. Ауыр ауруларға байланысты EMC-ті ішінара жабу және медициналық шығындарды толық жабу «Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC қызметкерлеріне компаниялардың корпоративтік саясатына сәйкес беріледі. «Freedom Technologies» ЖШС медициналық сақтандыру әлеуметтік пакет шеңберінде бір реттік төлем түрінде басқа да жеңілдіктер арасынан таңдауға беріледі.

²⁹ Корпоративтік саясатқа сәйкес «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC және «СК «Freedom Insurance» АҚ.

³⁰ «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «СК «Freedom Finance Insurance» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd, Arbus Group және «Freedom Technologies» ЖШС ұсынылады.

³¹ «Фридом Финанс» АҚ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, «СК «Freedom Finance Insurance» АҚ және Freedom Finance Global PLC ұсынылады.

³² Қазақстандағы Есептік топтың барлық қызметкерлеріне ұсынылады.

³³ «СК «Freedom Insurance» АҚ қызметкерлеріне ұсынылады.

³⁴ Freedom Finance Europe Ltd қызметкерлеріне ұсынылады.

³⁵ Фридом Финанс АҚ, Freedom Finance Global, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ және «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Technologies» ЖШС қызметкерлеріне ұсынылады.

³⁶ «Freedom Technologies» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік пакет шеңберінде бір реттік төлем түрінде басқа да жеңілдіктер арасынан таңдауға беріледі.

³⁷ Freedom Finance Global PLC, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd, «Freedom Technologies» ЖШС, Freedom telecom Holding Ltd.-да бар.

³⁸ «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd, «Freedom Technologies» ЖШС, Freedom telecom Holding Ltd бар.

³⁹ «Freedom Life» ӨСК» АҚ ұсынылады.

⁴⁰ Корпоративтік саясатқа сәйкес «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ зейнеткерлікке шыққанға дейін төлемдерді жүзеге асырады.

⁴¹ «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ және «СК «Freedom Finance Insurance» АҚ ұсынылады.

7-КЕСТЕ. БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС

КӨРСЕТКІШ	ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР
Бала күтімі бойынша демалысқа құқығы бар қызметкерлер саны	206	252
Бала күтімі бойынша демалыс алған қызметкерлер саны	1	115
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер саны	2	19
Бала күтімі бойынша демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және жұмысқа оралғаннан кейін 12 ай ішінде жұмысын жалғастырған қызметкерлер саны	0	13
Бала күтімі бойынша демалысқа кеткен қызметкерлерді қайтару коэффициенті, %	200 ⁴²	40
Бала күтімі бойынша демалысқа кеткен қызметкерлерді ұстап қалу коэффициенті, %	0	92

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

GRI 402-1

Есеп шекараларындағы еңбек қатынастарын басқару топтың қатысатын аймақтарында қолданылатын еңбек заңнамасына және жергілікті нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастыруға немесе экономикалық жағдайлардың өзгеруіне, жұмыс берушінің жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты еңбек жағдайлары өзгерген кезде қызметкерлерді хабардар ету мерзімдері географиялық жағдайына байланысты ерекшеленеді (8-кесте).

8-КЕСТЕ. ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ӨЗГЕРГЕН КЕЗДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ХАБАРЛАУ МЕРЗІМДЕРІ

	Орталық Азия елдері	15 күнтізбелік күннен кешіктірмей
	Еуропалық одақ	30 тізбелік күннен кешіктірмей

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ

Топтың қарқынды өсуі мен кеңеюін ескере отырып, кадрларды іріктеу және жалдау компанияның тұрақты дамуы мен стратегиялық мақсаттарына жетудің негізгі элементі болып табылады. Дарынды мамандарды тарту тез өзгеретін нарық жағдайында икемділік пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде экономикалық тиімділіктің жоғары деңгейін сақтауға ықпал етеді.

Топтағы қызметкерлерді жалдау процедуралары ашықтық, адалдық және бәсекелестік қағидаттарына негізделген. Әр үміткерге өзінің мықты жақтары мен құзыреттерін көрсетуге мүмкіндік беретін ашық және әділ іріктеу процесіне ерекше назар аударылады. Жоғарыда сипатталған тәсіл әртүрлі және инклюзивті жұмыс ортасының қалыптасуын ынталандырады. Freedom Holding Corp. жаңа жұмыс орындарын, еншілес ұйымдарын құру адамдарға жеке және

кәсіби дамуға мүмкіндік беру арқылы өңірлердің экономикалық өсуіне ықпал етеді.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БЕЙІМДЕУ

Бейімделу жүйесінің жұмыс істеуі жаңа қызметкерлерге жұмыс жағдайларына тезірек үйренуге көмектеседі және олардың тікелей лауазымдық міндеттерін орындауға тиімді көшуді қамтамасыз етеді. Бөлімше басшысы болып жаңадан қабылданған қызметкерді қолдайтын, ұжымға кіруге ықпал ететін және кәсіби көмек көрсететін тәлімгер ⁴³ тағайындалады. Есептік топ ұйымдары қызметкерлердің ең жақсы тәжірибесі мен кәсіби білімін команданың жаңа мүшелеріне беруге тырысады. Жаңа қызметкерлерді бейімдеу рәсімі жергілікті ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.



⁴² 100%-дан астам жұмысқа қайтару көрсеткіші қызметкерлердің жұмысқа жоспарланған мерзімнен ертерек оралуымен байланысты.

⁴³ «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC және «Freedom Technologies» ЖШС Персоналды басқару саясаттарына сәйкес.

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ

GRI 202-1 44

Жоғары өнімділікке қол жеткізген қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау мотивацияны сақтау үшін өте маңызды. Есептік топ ұйымдарында қызметкерлердің ұйымның жетістігін қамтамасыз етуге қосқан үлесіне сәйкес әділ сыйақы беруге тырысады. Бұл ретте осы компаниялар салыстырмалы біліктілік деңгейі және нарықтардағы жауапкершілік көлемі бар қызметкерлерге сыйақы мөлшері туралы деректерді басшылыққа алады. Еңбекақы төлеудің шарттары мен тәртібі штат кестесіне, атқаратын позициясының лауазымдық жалақыларының схемасына сәйкес айқындалады және еңбек шарттарында көрсетіледі.

Есептік топ қатысатын негізгі өңірлерде мемлекет жыл сайын ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) белгілейді. Осы өңірлердің заңнамасына сәйкес қызметкердің жалақысы өңірде белгіленген ЕТЖ төмен болмауы тиіс. Есепті кезеңде бірде-бір еншілес ұйымдар өңірдегі ЕТЖ төмен жалақы төлеген жоқ. Бастапқы деңгейдегі Есептік топ қызметкерлерінің стандартты жалақысы қатысудың негізгі өңірлерінде белгіленген ЕТЖ ерлер арасында 241% және әйелдер арасында 276% жоғары 45. Қызметті шарттың өзге нысандары негізінде жүзеге асыратын Есептік топ қызметкерлері өңірдегі ең төменгі жалақы туралы ережеге сәйкес жалақы алады.

ДАМУЫ ЖӘНЕ ОҚИТУ

GRI 3-3, 404-1 46, 404-2 47

Freedom Holding Corp. қызметкерлерді оқыту мен дамыту үшін оңтайлы жағдай жасауға ұмтылады. Топта білімді сақтау және беру персоналды дамытудың маңызды факторы болып табылады. Компания, сондай-ақ оның еншілес ұйымдары қызметкерлерге кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік дағдыларды дамыта отырып және еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделе отырып, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Есептік топ қызметкерлерін оқыту мен дамытуды ұйымдастыру жүйесі сыртқы және ішкі оқытуды қамтиды. Ішкі оқытуды Есептік топтың ұйымдары өз ресурстарын пайдалана отырып жүргізеді, ал сыртқы оқытуды үшінші тарап ұйымдары жүргізеді. Қызметкерлердің жынысы мен санаты бойынша бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны 12 және 13-суреттерде көрсетілген. Қызметкерлерді дамыту бағдарламаларына мыналар кіреді:

- Компанияның ішкі порталында міндетті және міндетті емес корпоративтік тренингтердің кең спектрі 48;
- Менеджерлерге арналған басқару стратегиялары бойынша ішкі және сыртқы курстар 49;
- Тиімді жоспарлау, коммуникация, эмоцияларды басқару, жұмыс пен өмір арасындағы тепе-

теңдікті сақтау, тапсырмаларды беру дағдыларын қоса алғанда, жеке дағдыларды дамыту бойынша семинарлар 50;


- Салалық жұмыс стандарттары бойынша міндетті ішкі тренингтер 51, 52;
- Сыртқы сертификаттау бағдарламалары 53;
FREEDOM HOLDING CORP. COP28-ГЕ ҚАТЫСУЫ.

Есеп беру кезеңінде Компания климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі ең маңызды халықаралық саммиттердің бірі – 2023 жылдың желтоқсанында Дубайда өткен БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі Конвенциясының 28-ші Тараптар конференциясында (COP28) Орталық Азия павильонының ұйымдастырылуына демеушілік қолдау көрсетті. БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясының қолдауымен өтіп жатқан дүниежүзілік климат саммитіне 40-тан астам мемлекеттің көшбасшылары, ірі бизнес пен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және журналистер, сарапшылар мен зерттеушілер қатысты. Freedom Holding Corp. алаңдарды техникалық жарақтандыруды, көрме стендін үш өлшемді модельдеуді және визуализацияны әзірлеуді, сондай-ақ павильон іс-шараларын ұйымдастыру үшін және техникалық персоналдың жұмысын қамтамасыз ету үшін 150 млн теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсетті.



КИПР ТАБИҒАТЫН КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕН ҚОРҒАУ

Есепті кезеңде Freedom Finance Europe Ltd. Кипрдің ауылшаруашылық жерлерін климаттың өзгеруінен қорғауға бағытталған LIFE AgrOasis экологиялық жобасына қатысты. Осы бастама аясында компания қызметкерлері елдің халқы аз аудандарында жүзден астам ағаштар мен бұталарды отырғызды. Еуропалық Одақ ішінара қаржыландыратын LIFE AgrOasis жобасының мақсаты Кипр, Греция және Еуропалық Одақтың басқа елдерінің ауылшаруашылық секторларының климаттың өзгеруіне бейімделуіне көмектесу болып табылады. Жоба аясында ауылшаруашылық алқаптарының айналасында терең тамыр жүйесі бар өсімдіктер отырғызылады, бұл топырақ эрозиясы мен аумақтың шөлейттену қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Freedom Finance Europe Ltd. Командасы 80 қараған көшеттерін, 60-тан астам розмарин бұталарын және басқа өсімдіктерді отырғызды.



ӨЗГЕ ЖОБАЛАР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ПЛАСТИК ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ФАНДОМАТТАРДЫ ОРНАТУ

Пластикалық қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін шешу және айналмалы экономиканың дамуын қолдау қажеттілігін мойындай отырып, Компания қайта өңдеу үшін қалалық инфрақұрылымды құруға белсенді түрде жәрдемдеседі. Есепті кезеңде Қор әрі қарай қайта өңдеу мақсатында пластикалық бөтелкелер мен қаңылтыр банкарды қабылдауға арналған фандоматтарды орнату жөніндегі жобаны іске асыруды жалғастырды. 2024 жылдың мамырында Freedom Holding Corp. және «Freedom Sharagat» қорының алғашқы реверсивті автоматы ұсынылды.

Фандоматтың корпусы металл қабылдау алаңдарынан алынған қайта өңделген металдан жасалған, бұл оған екінші өмір сыйлайды. Электроника мен бағдарламалық бөлімді қазақстандық инженерлер әзірледі. Ұдысты тапсырғаны үшін ақшаны «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ картасына алуға немесе қайырымдылық қорларына жіберуге болады. Есепті кезеңде жобаны қаржыландырудың жалпы сомасы 311,5 млн теңгені құрады. Инновациялық шешімдерді енгізу пластикалық қалдықтарды тиімді жинауды, қайта өңдеуді және қайта пайдалануды қамтамасыз ететін қалдықтарды басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда фандоматтар қайта өңделмейтін пластикалық қалдықтарды азайту және олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін тәжірибелік шешім ұсынады.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ЖАСАЛАТЫН ӨЗГЕ КӨМЕК

Өзінің қайырымдылық қызметін жүзеге асыруда Есептік топ өз қызметін жүргізетін елдердің әлеуметтік өміріне үнемі қатысып отырады, бұл осы аймақтардағы қажеттіліктер туралы жоғары хабардарлықты қалыптастырады. Бұл Есептік топ компанияларына жедел әрекет етуге және мұқтаж адамдарға уақтылы көмек көрсетуге мүмкіндік береді, осылайша туындаған мәселелерді шешуді тездетеді.

Азаматтардың қоршаған орта мәселелері туралы хабардарлығын арттыру және экологиялық мінез-құлқыты ілгерілету мақсатында Компания «Utau Eco» фестивалін өткізуге демеушілік көмек көрсетті. Фестивальдің негізгі мақсаты – ойын, танымдық және ойын-сауық форматтарын пайдалана отырып, қонақтардың экологиялық таза өмір салты туралы хабардарлығын арттыру. Іс-шара 2024 жылдың соңына дейін Алматы қаласында өтеді.

2023 жылдың қазан айында Қарағанды облысындағы Костенко атындағы шахтада апат болды, осыған байланысты Қор «Демеу Қазақстан қоры» ҚҚ 470 млн теңге көлемінде қайырымдылық бөлді.

«ӨСК «Freedom Life» АҚ Қазақстандағы қаңтар оқиғалары нәтижесінде қаза тапқан қызметкерлер мен күш құрылымдары қызметшілерінің балаларына, сондай-ақ 2023 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Абай облысында болған өрт кезінде қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің көмелетке толмаған балаларына аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырады. Көмек көрсету



мақсатында «Freedom Support» бағдарламасы шеңберінде «Ерікті дереу аннуитеттік сақтандыру» өнімі әзірленді. Шарттарға сәйкес «Freedom Life» ӨСК» АҚ ай сайын осы балаларға қолдау көрсету мақсатында ақшалай көмек көрсететін болады. Есепті кезеңде төлемдер сомасы 55,2 млн теңгені құрады.

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ «Действие Буквально» инклюзивті театрын қолдауға 6 млн

теңге көлемінде қайырымдылық көмек жіберді. Театр ұжымына денсаулығының психикалық ерекшеліктері бар актерлер кіреді.

Есепті кезеңде Freedom Finance Europe Ltd. Украинадағы соғыс нәтижесінде ата-анасынан айырылған балаларға көмектесуге бағытталған «Батырлардың балалары» қайырымдылық қорына 1 млн еуро аударды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Экологиялық әсерді басқару әдісі	62
Климаттың өзгеруі	63
Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	67
Су ресурстарын пайдалану	68
Қалдықтарды басқару	69



- Парниктік газдар шығарынддарын сандық бағалау және мониторинг жүргізу;
- Қаржыландырылған парниктік газдар шығарынддарын сандық бағалау және мониторинг жүргізу;
- Арал теңізінің құрғаған түбіне экожүйелерді қалпына келтіру;
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРДІ БАСҚАРУ ӘДІСІ

GRI 3-3

Freedom Holding Corp. сақтық қағидатын ⁶⁵ өзінің күнделікті операциялық қызметіне енгізеді.





Freedom Holding Corp. қоршаған ортаға әсерді басқару көзқарасы үш негізгі бағытқа негізделеді ⁶⁶:

- Парниктік газдар шығарындыларын азайту арқылы климатқа теріс әсерді азайту;
- Су ресурстарын жауапкершілікпен пайдалану;
- Түзілетін қалдықтардың көлемін азайту.

Болашақта Компания өз активтерінің экологиялық әсерін, ішкі және сыртқы қаржылық операцияларды, сондай-ақ несиелік қызметті бағалауға біртіндеп назар аударуды көздейді. Осы әрекеттердің аясында Компания экологиялық көрсеткіштерді қадағалау және талдау үшін есепке алу және мониторинг жүйесін құруда.



ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорына бағытталатын 10% көбейтілген кэшбегі бар «Аралды сақта» депозиттік картасын шығарды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫНДАҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

- Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;
- Айналым экономика қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған бастамаларды қолдау және дамыту;
- Экологиялық білім беруге және қызметкерлер мен жұртшылықты қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы хабардар етуге жәрдемдесу;
- Экологиялық жауапкершілік саласындағы нәтижелерді ұдайы жақсарту мақсатында экологиялық көрсеткіштерді ұдайы бақылау және бағалау.

⁶⁵ Рио-де-Жанейро Қоршаған орта және даму жөніндегі декларациясында баяндалған №15 қағида, 1992 ж.

⁶⁶ Қазіргі уақытта Компанияда нақты сандық мақсаттар қойылмаған, бірақ оларды жоспарлау бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. ESG саясаты қазірдің өзінде әзірленген. ESG саясатына қатысты толығырақ ақпаратты «Тұрақты даму басқару тәсілі» бөлімінен қараңыз.

⁶⁷ Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін, бағалы қағаздарды және егеменді борышты (ЖЖӨШ ескеріле отырып) қоса алғанда, толығырақ ақпаратты «Қаржыландырылатын шығарындылар» бөлімінен қараңыз.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

GRI 305-1, 305-2, 305-3, 305-4

Есептік кезеңде парниктік газдар шығарындыларының сандық бағалауы, сондай-ақ бастапқы деректерді жинау мен есепке алу шаралары жүргізілді. Компания халықаралық және жергілікті әдістемелік тәсілдер мен талаптарға сәйкес, Score 1, Score 2, Score 3 шеңберінде парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемін бағалау үшін мониторинг жүйесі мен әдістемелік тәсілді әзірледі.

Есептік кезеңде парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау ұйымдық шекаралары өзгертілді, оған Freedom Technologies LLP, Freedom Telecom Holding Ltd., «Freedom Shapagat» КҚ және «Arbuz Group» ЖШС енгізілді.

GHG Protocol A Corporate Accounting and Reporting Standard халықаралық стандартына сәйкес парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалаудың операциялық шекараларында парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Score 1), жанама энергетикалық шығарындылар (Score 2), қызметкерлердің іссапарларына байланысты өзге де жанама шығарындылар (Score 3) (6-санат), жалға берілетін объектілер (8-санат) және қаржыландырылатын шығарындылармен (15-санат) белгіленді. Парниктік газдар шығарындыларының сандық бағалауы CO₂, CH₄ және N₂O газдарын қамтиды.

Шығарындылар көздерінің келесі санаттары Score 1 аймағына енгізілді:

- Қазба отындарын стационарлық жағу;
- Қазба отындарын мобильді жағу.

Шығарындылар көздерінің келесі санаттары Score 2 аймағына енгізілді:

- Объектілердің өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес ұйымдарының тұтынылған импортталған электр энергиясын өндіруі;

- Объектілердің өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес ұйымдарының тұтынылған импортталған жылу энергиясын өндіруі.

Шығарындылар көздерінің келесі санаттары Score 3 аймағына енгізілді:

- Жалдамалы объектілердің өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес ұйымдарының тұтынылған импортталған электр энергиясын өндіруі;
- Жалдамалы объектілердің өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес ұйымдарының тұтынылған импортталған жылу энергиясын өндіруі;
- Іссапар кезінде қызметкерлерді тасымалдау кезінде көлік құралдарын (ұшақтар, пойыздар, жеңіл автомобильдер және т.б.) пайдалану нәтижесінде жанармай жағу;
- Отынды жағу, тұтынылған импортталған энергияны генерациялау және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ инвестициялық портфеліндегі ұйымдардың қызметіне байланысты өзге де өндірістік процестер;
- Отынды жағу, тұтынылған импортталған энергияны генерациялау және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қарыз алушылары болып табылатын ұйымдардың қызметіне байланысты өзге де өндірістік процестер.

Сандық бағалауды жүргізудің әдіснамалық негізі келесі халықаралық және жергілікті нормативтік құжаттар болды:

- Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» 2023 жылғы 17 қаңтардағы №9 бұйрығы;
- Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар топтың (КӨҮСТ) парниктік газдарды ұлттық түгендеу жөніндегі нұсқаулықтары, 2006 ж.;
- GHG Protocol A Corporate Accounting and Reporting


- Standard халықаралық стандарт;
- The Global GHG Accounting and Reporting Standard for the Financial Industry / Part A (PCAF) халықаралық стандарт;
- Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар топтың (КӨҮСТ) 2014 жылғы бесінші бағалаушы баяндамасы.

Есептік кезеңде парниктік газдардың жаппай шығарындылары келесіні құрады:

- Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Score 1) – 1 541 тCO₂-экв.;
- Жанама энергетикалық шығарындылары (Score 2) – 2 673 тCO₂-экв.;
- Өзге жанама шығарындылары (Score 3, 6 және 8 санат) – 7 315 тCO₂-экв.;
- Қаржыландырылған шығарындылар (Score 3, 15 санат) – 2 779 мың тCO₂-экв.;
- Әр қызметкерге шаққандағы шығарындылардың интенсивтілігі (Score 1, 2 және 3) – 2,16 тCO₂- экв/ қызметкер ☺. Коэффициенттің бөлгіші 2024 жылдың 31 наурызындағы жалпы қызметкерлер саны болып табылады.

Жалпы шығарындылар көрсеткішінің мәні соңғы

18-СУРЕТ. ҚАМТУ БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, тCO₂-экв. ☺



☺ «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ кредиттік портфелін, бағалы қағаздарды және егеменді борышты (ЖЖӨОШ ескеріле отырып) қоса алғанда, толығырақ ақпаратты «Қаржыландырылатын шығарындылар» бөлімінен қараңыз.


☺ Қаржыландырылатын шығарындыларды (Score 3, категория 15) қоспағанда. Қаржыландырылатын шығарындылар алғаш рет есептеліп, 2024 қаржы жылына 2 779 мың тCO₂-экв. құрады. Олар кредиттік портфель, бағалы қағаздар және егеменді борышпен (ЖЖӨОШ қоса алғанда) байланысты шығарындыларды қамтиды.

ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 1)

Есепті кезеңде парниктік газдардың тікелей шығарындыларының негізгі көздері қазба отындарын стационарлық және мобильді жағу болды.


Стационарлық жағу тек «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ мен «Arbuz Group» ЖШС энергия өндіретін жабдықтарында қолданылды, мұнда отын ретінде табиғи газ және дизель қолданылды. Басқа еншілес ұйымдарда энергия өндіретін жабдықтар қолданылмаған. 2024 қаржы жылында стационарлық жағуға 36 тонна CO₂-экв. қажет болды, 2023 қаржы жылына қатысты есепті кезеңде шығарындылардың төмендеуі 10% құрады, бұл стационарлық көздердің отын тұтынуының төмендеуіне байланысты.

19-СУРЕТ. ОТЫНДЫ СТАЦИОНАРЛЫ ЖАҒУДАН ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, тCO₂-экв.



Қазба отындарының мобильді жағылуына байланысты парниктік газдар шығарындылары Компанияның балансындағы көлік құралдарын пайдаланумен байланысты. Отын ретінде дизель отыны мен автомобиль бензині пайдаланылды, парниктік газдар шығарындыларының көлемі 1 505 тCO₂-экв құрады. 2024 қаржы жылындағы 2023 жылға қатысты эмиссиялардың айтарлықтай өсуі есептің ұйымдық шекараларының өзгеруімен байланысты.

20-СУРЕТ. ОТЫНДЫ МОБИЛЬДІ ЖАҒУДАН ПГ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, тCO₂-экв.




ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 2)

Жанама энергия шығарындыларының көзі Есептік топ кеңсе объектілерінің өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тұтынылған импортталған электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады.

Жанама энергетикалық шығарындыларды бағалау аймақтық әдіс бойынша жүргізілді (location-based). Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен есептік құжаттарынан ашық деректер негізінде айқындалған парниктік газдар шығарындыларының есептік коэффициенттері қолданылды. Freedom Finance Europe Ltd. шығарындыларын сандық бағалау үшін ашық көздерден алынған Кипр Республикасы үшін шығарындылар коэффициенттері пайдаланылды.

Жанама энергия шығарындыларының көлемі 2 672 тCO₂-экв құрады. Шығарындылардың басым бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі – 2 266 тCO₂-экв., бұл 2023 қаржы жылындағы ұқсас көрсеткіштің мәнінен шамамен 12% көп. 407 тCO₂-экв. жылу энергиясын тұтынуға келеді. 2023 қаржы жылындағы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда шығарындылар 27% өскен. Scope 2-дегі жылу энергиясын тұтынумен байланысты шығарындылармен салыстырмалы түрде аз үлесі «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ меншігіндегі кейбір жекелеген кеңселерде қыс мезгілінде жылыту электр энергиясымен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану арқылы жүзеге асырылғандығымен түсіндіріледі.

21-СУРЕТ. ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 2), тCO₂-экв.




ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ӨЗГЕ ЖАНАМА ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 3)

Компания Scope 3 шығарындыларын есептеу мен бақылаудың маңыздылығын түсінеді және шығарындыларды есепке алу және бақылау жүйесін әзірлеу бағытында қадамдар жасайды. Шығарындылардың операциялық шекараларына қызметкерлердің іссапарларына, жалға берілетін объектілерге және қаржыландырылатын

шығарындыларға қатысты Scope 3 санаттары кіреді. Есепті жылы «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қаржыландыратын шығарындылары есептелді, келесі жылдары Компания басқа еншілес ұйымдарда шығарындылардың осы санатын ашу үшін шаралар қабылдауды жалғастыруды жоспарлап отыр.

22-СУРЕТ. ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ЖАНАМА ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 3), тCO₂-экв.




ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ИССАПАРЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАНАМА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCORE 3, 6-САНАТ)

Қызметкерлердің иссапарларына байланысты басқа жанама шығарындылардың көзі қызметкерлерді тасымалдау үшін көлік құралдарын пайдалану кезінде жанармай жағу болып табылады. Иссапарға байланысты шығарындыларды есептеу үшін көлік түрлері бойынша иссапар қашықтығын өлшеуге негізделген әдіс қолданылды. Әрбір иссапардың баратын жерлері арасындағы шақырымдық қашықтық навигациялық онлайн қызметтер арқылы анықталды, ал иссапарларға арналған парниктік газдар шығарындыларының коэффициенттері ашық деректерден алынды.

Есепті кезеңде шығарындылар көлемі шамамен 1 798 тCO₂-экв құрады, бұл эмиссиялардың 2023 жылмен салыстырғанда 143% өсуін білдіреді. Шығарындылардың көбеюі Freedom Holding Corp. бизнесінің қарқынды кеңеюіне және іскерлік белсенділіктің артуымен байланысты.

23-СУРЕТ. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ИССАПАРЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕ ЖАНАМА ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCORE 3, 6-САНАТ), тCO₂-экв.



ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ОБЪЕКТІЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАНАМА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCORE 3, 8-САНАТ)


Өзге жанама энергетикалық шығарындыларының көзі жалға алынатын объектілердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тұтынылған импортталған электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады.

Жанама энергетикалық шығарындыларды бағалау аймақтық әдіс бойынша жүргізілді (location-based). Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен есептік құжаттарынан ашық деректер негізінде айқындалған парниктік газдар шығарындыларының есептік коэффициенттері қолданылды. Freedom Finance Europe Ltd. шығарындыларын бағалау үшін ашық көздерден алынатын электр энергиясының шығарындылары пайдаланылды.

Есепті кезеңде шығарындылар көлемі шамамен 5 517 тCO₂-экв құрады. Шығарындылардың басым бөлігі электр энергиясын тұтынуға тиесілі – 3 841 тCO₂-экв. 2024 қаржы жылында 2023 жылға қатысты эмиссиялардың өсуі шамамен 73% құрайды. Есепті кезеңде жылу энергиясын тұтынуға 1 676 тCO₂-экв. келеді. 2024 қаржы жылындағы 2023 жылға қатысты өсім 82% құрады. Шығарындылардың өсуі Freedom Holding Corp. компаниясының бизнесінің қарқынды кеңеюімен және қысы суық өңірлерде орналасқан жалға алынған нысандардың көбеюімен байланысты, бұл жылытуға деген сұраныстың артуын түсіндіреді.

Компания жалға берілетін объектілерде тұтынылатын энергия ресурстары бойынша деректерді толық басқармайтындығына байланысты парниктік газдар шығарындыларын есептеу кезінде жанама есептеулер қолданылды. Демек, шығарындылардың осы санатын сандық бағалау нәтижелері қателікпен сипатталады. Есептеулердің дәлдігін арттыру үшін Компания деректерді есепке алу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуде.

24-СУРЕТ. ӨЗГЕ ЖАНАМА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCORE 3, 8-САНАТ), тCO₂-экв.



ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР (SCORE 3, 15-САНАТТАР)

Климаттың өзгеруіне байланысты өсіп келе жатқан тәуекелдер жағдайында жаһандық жылыну мен қоршаған орта жағдайына айтарлықтай әсер ететін қаржыландырылатын парниктік газдар шығарындыларын ескеру өте маңызды. Өтараптандырылған Холдингтік компания бола отырып, Freedom Holding Corp. қаржыландырылатын шығарындылар туралы ақпаратты ашудың маңыздылығын түсінеді және осы саладағы өз қызметінің ашықтығын арттыруға айтарлықтай күш салады.

Компания қаржыландырылатын шығарындыларды сандық бағалауды бастау арқылы парниктік газдар шығарындыларын есептеудің операциялық шекараларын кеңейтуде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Есепті кезеңде «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ шығарындыларын бағалау жүргізілді. Болашақта Компания басқа еншілес ұйымдарды қамтитын қаржыландырылатын шығарындыларды есептеудің ұйымдастырушылық шекараларын кеңейту бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қаржыландыратын шығарындыларын талдау кредиттік және инвестициялық портфельдердің құрылымы негізінде орындалды. Сандық бағалау есептеу үшін бастапқы деректердің қолжетімділігі мен сапасын ескере отырып жүргізіледі және келесі актив сыныптарын қамтиды:

- Жылжымайтын мүлікке несиелену (ипотека мен коммерциялық жылжымайтын мүлікті қоса алғанда);
- Автокредиттеу;
- Бизнес-кредиттер;
- Бағалы қағаздар (корпоративтік акциялар және облигациялар);
- Егемендік қарыз (мемлекеттік облигациялар).

2024 жылғы 1 сәуірдегі активтер сыныптары бойынша бөлінген «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ кредиттік және инвестициялық портфеліндегі қаржыландырылатын шығарындылар 10-кестеде егжей-тегжейлі көрсетілген.

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ кредиттік портфелінен абсолютті қаржыландырылатын шығарындылар есепті жылдың соңында 131 311 тCO₂- экв. құрады, оның 76% жылжымайтын мүлікті несиелендіруге, 24% автокредиттеуге, ал 1% кем бөлігі бизнес несиелерінен шығарындыларды құрады.

Есепті кезеңнің соңында жылжымайтын мүлікке кредит беруден қаржыландырылатын шығарындылар 99 838 тСО₂-экв. құрады, оның 99% ипотека шығарындылары және 1% азы коммерциялық жылжымайтын мүлік шығарындылары болды. Бұл ретте жылжымайтын мүліктен ПГ шығарындыларының 70% жылу энергиясын тұтынуға (жылыту және ыстық сумен жабдықтау) және 30% электр энергиясын тұтынуға тиесілі.

Автокредиттеуден қаржыландырылатын шығарындылар 31 426 тСО₂-экв. құрайды, оның 99% бензинмен жүретін автомобильдерден,

0,08% дизельді автомобильдерден және 0,2% электромобильдерден шығарындылардан тұрады.

Бизнес-кредиттердің шығарындылары 47 тСО₂-экв. құрады. Бұл көрсеткіш тек шектеулі жауапкершілігі бар серіктестіктер (ЖШС) туралы қолжетімді деректер негізінде есептелген, себебі жеке кәсіпкерлер (ЖК) туралы толық мәліметтер жинау мүмкіндігі болмады. Соның салдарынан қаржыландырылған эмиссияларды есептеуге барлығы 1%-дан аз бизнес несиелер қосылды, өз кезегінде бұл есептеу нәтижесіндегі төмен эмиссия көрсеткіштеріне әкелді.

10-КЕСТЕ. «БАНК ФРИДОМ ФИНАНС ҚАЗАҚСТАН» АҚ-НЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ 1 СӘУІРІНЕН 2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛҒАН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

АКТИВТЕРДІҢ СЫНЫПТАРЫ

ШЫҒАРЫНДЫЛАР, тСО₂-экв.

Кредиттік портфель, соның ішінде	131 311
Жылжымайтын мүлікті кредиттеу	99 838
Автокредиттеу	31 426
Бизнес кредиттер	47
Инвестициялық портфель, соның ішінде	
Бағалы қағаздар	25 371
Егеменді қарыз (ЖЖӨОШ ескерусіз) ⁷⁰	2 602 622
Егеменді қарыз (ЖЖӨОШ ескергенде) ⁷⁰	2 622 488

Деректердің шектеулілігі жақсарту қажеттілігін көрсетеді; сондықтан Компания барлық несиеленушілер түрлерін қамтитын деректерді жинау жұмыстарын кеңейтуді жоспарлап отыр, бұл болашақта эмиссияларды дәл әрі нақты есептеуге мүмкіндік береді.

«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ инвестициялық портфеліне қазақстандық және халықаралық компаниялардың акциялары мен облигациялары, сондай-ақ мемлекеттік облигациялар сияқты

корпоративтік бағалы қағаздар кіреді. Корпоративтік бағалы қағаздардан парниктік газдар шығарындылары 25 371 тСО₂-экв. құрайды, оның 33% листингтік акцияларға тиесілі. Бағалы қағаздардан ПГ шығарындыларының негізгі бөлігі 67% корпоративтік облигациялардан шығарындыларды құрайды. Қажетті деректердің шектеулілігіне байланысты есептеулерге қарыз алушылардан және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ инвестициялық портфелінен Score 3 шығарындылары енгізілмеді.

11-КЕСТЕ. «БАНК ФРИДОМ ФИНАНС ҚАЗАҚСТАН» АҚ-НЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ 1 СӘУІРІНЕН 2024 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛҒАН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ МЕНШІКТІ МӘНДЕРІ


АКТИВТЕРДІҢ СЫНЫПТАРЫ	ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ МЕНШІКТІ МӘНДЕРІ, тСО ₂ -экв./МЛН ТЕҢГЕ	ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ МЕНШІКТІ МӘНДЕРІ, кгСО ₂ -экв. / \$ ⁷⁰
Жылжымайтын мүлікті кредиттеу	0,30	0,13
Автокредиттеу	0,27	0,12
Бизнес кредиттер	1,95	0,87
Бағалы қағаздар	0,22	0,10
Егеменді қарыз (ЖЖӨОШ ескергенде) ⁷⁰	1,08	0,48

Мемлекеттік облигациялармен көрсетілген егеменді борыш «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ қаржыландыратын шығарындылардың ең ірі санаты болып табылады. Жерді пайдалану, жерді пайдалану өзгерістері және орман шаруашылығы (ЖЖӨОШ) шығарындыларын қоспағанда, егеменді борыштан парниктік газдардың жалпы көлемі 2 602 622 тСО₂-экв. құрайды, және ЖЖӨОШ есепке алынған жағдайда бұл көрсеткіш 2 622 488 тСО₂-экв. шығарындыларына тең.

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, ең көп көміртегі әсерін тигізетін актив түрі – бизнес қарыздары, мұнда әр инвестицияланған доллар 0,87 кгСО₂-экв. үлес қосады. Сонымен бірге, корпоративтік акциялар мен облигацияларға салынған инвестициялар климаттың өзгеруіне ең аз әсер етеді, бұл көрсеткіш әр инвестицияланған доллар үшін 0,10 кгСО₂-экв. құрайды.

Қаржыландырылған шығарындыларды алғаш рет сандық бағалау бастапқы деректердің дәлдігін жақсарту әлеуетін анықтады, бұл PCAF стандартына сәйкес маңызды қадам. Болашақта Компания бастапқы деректердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуды жоспарлап отыр, бұл қаржыландырылатын шығарындыларды дәлірек бағалауға және оларды азайтудың тиімді стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

25-СУРЕТ. «БАНК ФРИДОМ ФИНАНС ҚАЗАҚСТАН» АҚ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ



■ Жылжымайтын мүлікті кредиттеу
■ Автокредиттеу
■ Бизнес кредиттер

Компанияның ұйымдық шекараларды кеңейтуге және қаржыландырылатын шығарындыларды бағалау үшін бастапқы деректердің сапасын жақсартуға бағытталған тәсілі климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді жауапты басқаруды көрсетеді.

⁷⁰ PCAF стандартына сәйкес, деректердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін егеменді қарызға байланысты шығарындыларды жерді пайдалану, жерді пайдалануды өзгерту және орман шаруашылығы (ЖЖӨОШ) шығарындыларын ескере отырып және есепке алмай ашу ұсынылады, бұл әртүрлі әрекеттердің климатқа әсерін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді және есеп берудің ашықтығын жақсартады.

⁷⁰ Парниктік газдар шығарындыларының АҚШ долларындағы үлестік мәні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 04.01.2024 жылғы ресми бағамы бойынша есептелді (1 АҚШ доллары = 446,78 теңге).

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

GRI 3-3, 302-1, 302-2, 302-3

Өткен жылы энергияның негізгі тұтынушылары кеңсе желілері болды, бірақ биылғы жылы энергия тұтынудың негізгі көлемі қоймаларға бағытталған. Өзгеріс онлайн-ритейлмен айналысатын және қойма үй-жайларын басқаратын «Arbuz Group» ЖШС қызметінің ерекшеліктеріне байланысты **12**.

Есепті кезеңде энергияны тұтынудың жалпы көлемі 74 897 ГДж құрады. Бұл мән коммуналдық қызметтерді жеткізушілер ұсынатын тұтынылған электр және жылу энергиясының жиынтық көлемін, табиғи газ бен


дизель отынын стационарлық жағуды, дизель отыны мен автомобиль бензинін мобилді жағуды қамтиды. Есепті жылы бір қызметкерге шаққандағы жиынтық энергия тұтынудың үлестік мәні, Есептік топтың жалға алынған және меншігіндегі объектілерінің энергия тұтынуын қоса алғанда 14 ГДж / қызметкерді құрады. Коэффициенттің бөлгіші 2024 жылдың 31 наурызындағы жалпы қызметкерлер саны болып табылады. Соңғы үш жылдағы энергетикалық тұтынудың жинақталған өсуі Freedom Holding Corp. компаниясының бизнесінің кеңеюімен және Есептің шекараларының өзгеруімен байланысты.

12-КЕСТЕ. ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ТҰТЫНУ

КӨРСЕТКІШ	FY 2022	FY 2023	FY 2024
Электр энергиясы:			
МВтсағ	4 325	5 775	8 319
ГДж	15 570	20 791	29 948
Жылу энергиясы:			
Гкал	2 368	3 371	5 655
ГДж	9 913	14 111	23 670
Дизельді отын:			
Мегалитр	4	7	8
ГДж (стационарлық жағу)	11	42	109
ГДж (мобилді жағу)	130	201	165
Бензин:			
Мегалитр	39	42	640
ГДж (мобилді жағу)	1 253	1 364	20 474
Газ:			
мың м ³	10	21	16
ГДж (стационарлық жағу)	349	702	531
Энергияны жалпы тұтыну, ГДж	27 226	37 211	74 897

12 Arbuz Group LLP қаржы жылы 2024-ке дейін Есептік топқа кірмеген.

26-СУРЕТ. ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, ГДж.



Энергия тұтыну көлемі коммерциялық энергия өлшегіштерінен алынған деректер негізінде бақыланады. Егер нақты тұтыну деректері қол жетімді болмаса, энергия жеткізушінің қызметтері үшін төлем туралы мәліметтер пайдаланылады, ал есептеулер тарифтер негізінде жүргізіледі. Жалдау нысандарындағы энергия тұтыну нақты деректер негізінде есептелді. Нақты деректерге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда, энергия тұтыну жалға алынған алаңның мөлшеріне негізделген консервативті жуықтау арқылы есептелді. Есептеулер қателік ықтималдылығына ие және есептеулердің дәлдігін және сапасын жақсарту үшін Компания деректерді тіркеу жүйелерін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуде.


Есепті кезеңде электр энергиясын тұтыну 8 319 МВтсағ құрады, 2024 қаржы жылында осы көрсеткіштің 2023 жылға қатысты өсуі 44% құрады. Есепті кезеңде Есептік топтың меншігіндегі объектілердің электр энергиясын тұтынуына 3 098 МВтсағ келеді. Бұл көрсеткіштің мәні 2023 қаржы жылымен салыстырғанда 13% жоғарылады.

Есепті кезеңде тұтынылған электр энергиясының көп бөлігі жалға алынған объектілерге тиесілі – 5 221 МВтсағ. Бұл көрсеткіштің мәні өткен жылмен салыстырғанда 72% өсімді құрайды.


Есепті кезеңде Есептік топтың жылу энергиясын жиынтық тұтынуы 5 655 Гкал құрады. 2024 қаржы жылында осы көрсеткіш мәнінің 2023 жылға қатысты өсуі шамамен 68% құрады. Меншікті объектілердің жылу энергиясын тұтынуы 1 105 Гкал құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 27% көп. Тұтынылған жылу энергиясы көлемінің көп бөлігі жалға берілетін объектілерге тиесілі – 4 550 Гкал, 2024 қаржы жылында осы көрсеткіштің 2023 жылға қатысты өсімі 82% құрады.

Энергия тұтынудың жалпы өсуі Freedom Holding Corp. компаниясының қарқынды кеңеюімен және есеп беру шекараларының өзгеруімен байланысты, бұл офис алаңының және қызметкерлер санының артуына әкелді.

27-СУРЕТ. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, МВтсағ.



28-СУРЕТ. ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, Гкал.



СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

GRI 303-5

Су Топтың операцияларында пайдаланылатын ресурстардың бірі болып табылады. Осыған байланысты Freedom Holding Corp. өз қажеттіліктерін тиімді және тұрақты қамтамасыз ету үшін су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтылады. Есептік топ жер үсті және жер асты көздерінен су алуды тікелей жүзеге асырмайды. Есептік топ пайдаланған суық және ыстық су орталықтандырылған су жүйелерінен келеді.

Меншік объектілеріндегі суды тұтыну көлемінің мониторингі коммерциялық су есептегіштерінен алынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады. Тұтынудың нақты деректері болмаған жағдайларда сумен жабдықтау бойынша қызмет көрсетушінің қызметтеріне ақы төлеу туралы деректер пайдаланылады және тарифтер негізінде жанама есептеулер жүргізіледі. Жалға берілетін объектілердегі

суды тұтынуды есептеу жалға берушілерден алынған нақты мәліметтер негізінде жүргізілді. Нақты деректерге қол жетімділік болмаған жағдайларда, су тұтынуды есептеу ауданы бойынша консервативті жуықтау арқылы жүзеге асырылды. Компания деректерді есепке алу жүйесін жетілдіру арқылы есептеулердің дәлдігін арттыруға ниетті.


Есептік топ кеңселерінің су тұтыну көлемі есепті кезеңде 56,54 Мл құрады. Жалға берілетін объектілерде су тұтыну 46,19 Мл құрады. 2023 жылға қатысты 2024 қаржы жылында осы көрсеткіштің мәнінің артуы шамамен 25% құрады. Есепті кезеңде меншіктегі объектілерде су тұтыну көлемі 10,35 Мл тиесілі. 2024 қаржы жылында осы көрсеткіштің 2023 жылға қатысты өсімі шамамен 63% құрады. Соңғы үш жылда суды тұтыну көлемінің өсуі Freedom Holding Corp. бизнесінің ауқымымен және есептің шекараларын өзгертуге байланысты.




Есептің ұйымдастырушылық шекараларына енгізілген еншілес компаниялардың жұмыс істейтін аймақтары Қазақстан Республикасы, Кипр Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасын қамтиды. Ашық

деректерге сәйкес, осы елдер су тапшылығын бастан кешіреді. Соған байланысты, Есептік топтың су тапшылығы бар аймақтардағы су тұтынуы жалпы су тұтынуымен сәйкес келеді.

29-СУРЕТ. СУ ТҰТЫНУ, Мл



30-СУРЕТ. ҚАҒАЗ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, т.




ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

GRI 306-2, 306-3

Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының қызметі қауіпті қалдықтарды өндірумен байланысты емес. Есептік топтың қызметі нәтижесінде пайда болатын қалдықтардың негізгі түрлері – қағаз, есептен шығарылған кеңсе жабдықтары және шығын материалдары.

Есептік топ пайда болған қағаз қалдықтарының есебін жүргізеді ²³. Есепті кезеңде 47 тонна қағаз қалдықтары пайда болды. Бұл көрсеткіштің мәні 2023 қаржы жылымен салыстырғанда 106% өсті. Қалдықтардың көбеюі Freedom Holding Corp. бизнесінің кеңеюіне және есеп беру шекараларын өзгертуге байланысты.

Компанияның бизнесінің қарқынды кеңеюі жағдайында қағаз қалдықтарының өсуін тоқтату цифрландыру мен Есептік топтың құжат айналымын автоматтандыру, сондай-ақ цифрлық өнімдері арқылы қамтамасыз етіледі ²⁴.



²³ Кеңсе қағазы, картон және басқа да қағаз түрлерін қоса алғанда.
²⁴ Цифрлық өнімдермен танысу үшін «Цифрлық өнімдер» бөлімін қараңыз.

ҚОСЫМШАЛАР



1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	71
2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	86
3-қосымша: Есеп беру кезеңінен кейінгі оқиғалар	88
4-қосымша: Глоссарий	90
5-қосымша: Тәуелсіз аудит туралы мәлімдеме	91
6-қосымша: Негізгі акционердің қосқан үлесі	92

1-ҚОСЫМША: GRI КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

FREEDOM HOLDING CORP. 2023 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРДЕН БАСТАП 2024 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢІ ҮШІН ЕСЕПТІ GRI СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ӘЗІРЛЕДІ

Қолданылған GRI 1
Қолданылатын GRI салалық стандарттар

GRI 1: Foundation 2021
Қолданылмайды

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
ЖАЛПЫ АШУЛАР				
	GRI 2-1 Ұйым туралы ақпарат	9-бет	Freedom Holding Corp. бүгінгі таңда	
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	GRI 2-2 Тұрақты даму саласындағы ұйымның есептілігіне енгізілген заңды тұлғалар	4-бет	Есеп туралы	2-2-b. Компания өзінің Тұрақты даму бойынша есебіне келесі ұйымдарды қоспайды: Freedom Finance Armenia LLC, Prime Executions Inc., Foreign Enterprise LLC Freedom Finance, Ticketon Events LLP, Freedom Finance Special Purpose Company Ltd., Freedom Finance Commercial LLP, ITS Tech Limited, Aviata LLP, Internet-Tourism LLP, Comrun LLP, Freedom Kazakhstan PC Ltd., Freedom Advertising Ltd., FRHC Fractional SPC Ltd., Holding Operations LLP, Freedom Horizons LLP, Freedom Finance Azerbaijan LLC, Freedom Finance FZE, Freedom Management Ltd., Freedom Finance Turkey LLC, Freedom Finance Technologies Ltd., Freedom Prime UK Limited, Freedom Structured Products PLC, FFIN Securities Inc., Freedom U.S. Market LLC, LD Micro. 2-2-с. Компания есеп беру шекараларын әр еншілес ұйымның тұрақтылық материалдылығын жыл сайын бағалау арқылы анықтайды. Есеп беру шекараларындағы әрбір ұйым өз тұрақты даму бойынша деректерін жинақтау үшін Freedom Holding Corp. Есептік топқа ұсынады. Бұл тәсіл GRI-ға қатысты барлық ашылымдар үшін әмбебап түрде қолданылады. Бұл тәсіл азшылық мүдделеріне қатысты ақпаратты реттеуді қамтымайды.
	GRI 2-3 Есепті кезең, есептілік кезеңділігі және байланыс ақпараты	4-бет	Есеп туралы	2-3-b. Freedom Holding Corp. компаниясының қаржылық есептілік кезеңі осы Тұрақты даму бойынша есебімен бірдей. 2-3-d. Байланыс мәліметтері есептің соңғы бетінде көрсетілген.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	GRI 2-4 Ақпараттардың өзгертілуі	72-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	2-4-а. Есепті кезеңде Компания деректер жинау және есептеу әдістерін жақсартты, бұл бұрынғы жылдар үшін шығарындылар, су және энергия тұтынуды қайта есептеуге әкелді. Қайта есептеу нәтижесінде парник газдардың шығарындылары бұрынғы деңгейден 39%-ға, су тұтынудың жалпы көлемі 11%-ға, ал энергия тұтынудың жалпы көлемі 19%-ға төмендеді.
	GRI 2-5 Есептілікті сыртқы растау	91-бет	5-қосымша: Тәуелсіз аудитор мәлімдемесі	2-4-а. Есепті кезеңде Компания деректер жинау әдістерін жақсартты, бұл 2023 қаржы жылында демалысқа кеткен қызметкерлердің жалпы санын қайта есептеуге әкелді. Қайта есептеу нәтижесінде демалысқа кеткен қызметкерлердің саны 23-тен 13 қызметкерге 43%-ға төмендеді.
	GRI 2-6 Ұйымның қызметі, қосылған құн тізбегі және өзге де іскерлік байланыстары туралы мәліметтер	9-бет	Freedom Holding Corp. бүгінгі таңда	2-6-b. Есеп беру шекараларында қаржы ұйымының жеткізу тізбегі кеңсе қажеттіліктерін қамтамасыз ететін жеткізушілермен шектелген. Freedom Telecom Holding Ltd. компаниясының жеткізу тізбегі компанияның инфрақұрылымдық даму жобаларын жүзеге асыратын жеткізушілерден тұрады. «Arbuz Group» ЖШС түрлі азық-түлік және басқа да тауар жеткізушілерімен жұмыс істейді, олар компанияның E-grocery платформасы арқылы таратылады.
	GRI 2-7 Ұйымның штаттық қызметкерлері	38-бет	Қызметкерлерге қамқорлық	2-6-с. Басқа есеп беруге қатысты маңызды бизнес байланыстары жоқ.
	GRI 2-8 Ұйымның штаттық қызметкерлері болып табылмайтын қызметкерлер	38-бет	Қызметкерлерге қамқорлық	2-6-d. 2024 қаржы жылында есеп беру шекараларына Freedom Telecom Holding Ltd. және «Arbuz Group» ЖШС қосылды – бұл Freedom Holding Corp. компаниясының қаржыға жатпайтын еншілес ұйымдары.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	GRI 2-9 Басқару құрылымы мен құрамы	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	2-9-с.vi. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Құпиялылық себептері: Компания өзінің директорларының азшылық әлеуметтік топтармен байланысын құпиялылық себептерімен жарияламайды. 2-9-с.viii. Тимур Турлов, Директорлар кеңесінің төрағасы, бақылаушы акционер болып табылады және сол себепті Директорлар кеңесінде акционерлердің мүдделерін білдіреді.
	GRI 2-10 Жоғары басқару органын сайлау және бекіту тәртібі	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	
	GRI 2-11 Жоғары басқару органының басшысы	26, 34-бет	Корпоративтік басқару жүйесі; Іскерлік этика және комплаенс	
	GRI 2-12 Әсерді басқаруды бақылауды қамтамасыз етудегі жоғары басқару органының рөлі	26, 32-бет	Корпоративтік басқару жүйесі; Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	2-12-b. Компанияда ESG әсеріне қатысты тиісті тексерудің жеке процедурасы қарастырылмаған. Оның орнына Freedom Holding Corp. Директорлар кеңесі, тәуекел-менеджмент, ішкі бақылау және ішкі аудит функцияларын қадағалауды жүзеге асыру арқылы Компания қызметінің ықтимал теріс әсерін қадағалауды жүзеге асырады. 2-12-с. Компанияның Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларының тиімділігі туралы басқарушылық есептілік жіберіледі.
	GRI 2-13 Әсерді басқару бойынша жауапкершілікті беру	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	2-13-b. Freedom Holding Corp. жоғарғы басшылығының әрбір бизнес функциясының жетекшілері Директорлар кеңесіне әртүрлі жиілікпен және әртүрлі процедураларға сәйкес тәуелсіз түрде есеп береді.
	GRI 2-14 Тұрақты даму туралы есептілікті бекітудегі жоғары басқару органының рөлі	5, 18, 21, 26-бет	Freedom Holding Corp Бас атқарушы директорының үндеуі; Тұрақты дамуды басқару тәсілі; Маңызды тақырыптарды анықтау; Корпоративтік басқару жүйесі	
	GRI 2-15 Мүдделер қақтығысы	34-бет	Іскерлік этика және комплаенс	2-15-b.ii. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Құпиялылық себептері: Компания құпиялылық шектеулеріне байланысты бұл ақпаратты жарияламайды. 2-15-b.iv. Реттелетін ұйымдар байланысты тараптардың тізімдерін қолданыстағы реттеуші талаптарға сәйкес жариялайды.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	GRI 2-16 Байланыс / маңызды мәселелер туралы хабарлау	37-бет	Кері байланыс механизмдері	2-16-b. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Ақпараттың жоқтығы: Есепті кезеңнің соңына қарай маңызды мәселелер бірнеше арналар арқылы Басқармаға жеткізілді, бірақ Басқармаға жолданған мәселелерді тіркеу үшін орталықтандырылған жүйе болған жоқ.
	GRI 2-17 Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	
	GRI 2-18 Жоғары басқару органының жұмысын бағалау	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	2-18-с. Бағалауларға жауап ретінде қандай да бір арнайы шаралар қабылдау қажеттілігі туындамады.
	GRI 2-19 Сыйақы саясаты	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	2-19-b. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Директорлар мен топ-менеджерлердің сыйақысын қалыптастыру кезінде Компания тұрақты даму саласында ТСК пайдаланбаған.
	GRI 2-20 Сыйақыны айқындау тәртібі	26-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	2-20-b. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Құпиялылық себептері: Компания сыйақы бойынша дауыс нәтижелерін құпиялылық себептеріне байланысты жарияламайды.
	GRI 2-21 Жылдық өтемақының жалпы коэффициенті	74-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	2-21-a, b, c. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Құпиялылық себептері: Деректер құпиялылығы саласындағы шектеулерге байланысты ақпарат ашылмайды.
	GRI 2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	74-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	2-22-a. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияда тұрақты даму стратегиясы әзірленбеген.
	GRI 2-23 Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	18, 34, 37, 46-бет	Тұрақты дамуды басқару тәсілі; Іскерлік этика және комплаенс; Кері байланыс механизмдері; Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	
GRI 2-24 Саясат пен міндеттемелерді енгізу	18, 34, 37, 46-бет	Тұрақты дамуды басқару тәсілі; Іскерлік этика және сәйкестік; Кері байланыс механизмдері; Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу		

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	GRI 2-25 Теріс әсерді азайту механизмдері	37-бет	Кері байланыс механизмдері	2-25-d. Компанияның қазіргі механизмдерге қатысты кері байланыс арналарын жүзеге асыру бойынша арнайы арналар жоқ, тек 2-25-b тармағында ашылғандардан басқа. 2-25-e. Есепті кезеңнің соңына қарай, Компания корпоративтік жедел хабарлау және шағымдар механизмдерінің тиімділігін бағалау үшін бірегей бекітілген тәсілдеме қабылдамаған.
	GRI 2-26 Кеңес алу және проблемалар туралы хабарлау механизмдері	37-бет	Кері байланыс механизмдері	
	GRI 2-27 Заңнаманы сақтау	75-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	2-27-a, b, c, d. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Ақпараттың жоқтығы: Ұйымдастырушылық, географиялық, құқықтық және операциялық ерекшеліктерге байланысты, консолидацияланған деректер қолжетімсіз.
	GRI 2-28 Қауымдастық мүшелігі	15-бет	Сыртқы бастамаларға қатысу және салалық ұйымдарға мүшелік	
	GRI 2-29 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	13-бет	Мүдделі тараптармен өзара әрекет	
	GRI 2-30 Ұжымдық шарттар	75-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	2-30-a,b. Freedom Holding Corp. ұжымдық келісімшартқа ие емес.
МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау тәртібі	21-бет	Маңызды тақырыптарды анықтау	
	GRI 3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі	21-бет	Маңызды тақырыптарды анықтау	3-2-6. 2024 қаржылық жылында маңызды тақырыптар ретінде Салық, Антикоррупция және Экономикалық Өнімділік тақырыптары төмендегілермен алмастырылды: Климаттық бейімделуге және азайтуға қосқан үлес, Тең мүмкіндіктер, Жергілікті қоғамдастықтар, Әртүрлілік және инклюзия, Денсаулық және қауіпсіздік, Адам құқықтары, Комплаенс, Корпоративтік тұрақтылықты басқару, Әділ және мақсатты басқарушылық еңбекақы.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
КЛИМАТТЫҚ БЕЙІМДЕЛУГЕ ЖӘНЕ АЗАЙТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	76-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	3-3-а. Климаттық бейімделуді басқару қазіргі уақытта әзірлеу кезеңінде, әзірше климаттық тәуекелдер бойынша бағалау жоқ; болашақта әдістемесі әзірленіп, климаттық тәуекелдер бағаланатын болады.
ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	67-бет	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	3-3-d.i. Есеп беру кезінде әлеуетті теріс әсерлерді болдырмау немесе азайту бойынша әрекеттер туралы ақпарат қолжетімсіз. 3-3-d.iii. Есеп беру кезінде нақты және әлеуетті оң әсерлерді басқару бойынша әрекеттер туралы ақпарат қолжетімсіз. 3-3-е. Есеп беру кезінде қабылданған шаралардың тиімділігін бақылау туралы ақпарат қолжетімсіз.
GRI 302 Энергия 2016	GRI 302-1 Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	67-бет	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	302-1-b. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Ақпарат қолжетімсіз: Жаңартылатын көздерден алынған энергия тұтынуы туралы мәліметтер жоқ. 302-1-c. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Қолданылмайды: Салқындату энергия тұтыну шеңберінде есептеледі, ал бу өндіру қолданылмайды. 302-1-d. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Қолданылмайды: Компания энергия сатуымен айналыспайтындықтан, бұл қолданылмайды.
	GRI 302-2 Ұйымнан тыс энергияны тұтыну	67-бет	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	302-1-g. Энергия тұтынуын ГДж-ға аудару үшін халықаралық ашық деректер негізінде конверсиялық факторлар қолданылады. 302-2-с. Энергия тұтынуын ГДж-ға аудару үшін халықаралық ашық деректер негізінде конверсиялық факторлар қолданылады.
	GRI 302-3 Энергия сыйымдылығы	67-бет	Энергия тұтыну және энергия тиімділігі	302-3-2-5. Интенсивтілік коэффициенті келесідей: Ұйым ішіндегі энергия тұтыну: 6,93 ГДж/адам. Ұйым сыртындағы энергия тұтыну: 7,08 ГДж/адам. Екі коэффициенттің де бөлгіші – жалпы қызметкерлер саны.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
СУДЫ ТҰТЫНУ				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	62-бет	Экологиялық әсерді басқару тәсілі	3-3-d, e, f. Есеп беру кезеңінде ешқандай шаралар қабылданбады және әрекеттердің тиімділігін бақылау үшін процестер жоқ. Сандық мақсаттар әзірленбеді, бірақ ESG саясаты қабылданды.
GRI 303 Су ресурстары 2018	GRI 303-2 Су ағындыларына байланысты әсерлерді басқару	77-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	303-2a. Пайдаланылған су қалалық орталық көріз жүйелері арқылы шығарылады.
	GRI 303-5 Суды тұтыну	68-бет	Су ресурстарын пайдалану	303-5. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Қолданылмайды: Компания су сақтау қызметтерімен айналыспайды.
ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	62-бет	Экологиялық әсерді басқару тәсілі	3-3-d, e, f.: Компания нақты және ықтимал оң әсерлерді басқаруға арналған шараларды анықтауды, олардың тиімділігін бақылау механизмдерін енгізуді және нақты теріс әсерлерді жоюға және түзетуге арналған шараларды әзірлеуді жоспарлап отыр.
GRI 305 Шығарындылар 2016	GRI 305-1 Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (қамту аймағы 1)	63-бет	Климаттың өзгеруі	305-1-с. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Қолданылмайды: Биогендік шығарындылар жоқ. 305-1-d. Компания әлі бастапқы жылды анықтаған жоқ, бірақ бұл болашақта жоспарланған.
	GRI 305-2 Парниктік газдардың жанама шығарындылары (қамту аймағы 2)	63-бет	Климаттың өзгеруі	305-2-d. Компания әлі бастапқы жылды анықтаған жоқ, бірақ бұл болашақта жоспарланған.
	GRI 305-3 Парниктік газдардың өзге де жанама шығарындылары (қамту аймағы 3)	63-бет	Климаттың өзгеруі	305-3-с. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Қолданылмайды: Биогендік шығарындылар жоқ. 305-3-е. Компания әлі бастапқы жылды анықтаған жоқ, бірақ бұл болашақта жоспарланған.
	GRI 305-4 Парниктік газдар шығарындыларының меншікті мәні	63-бет	Климаттың өзгеруі	305-4-2.7. Парниктік газ шығарындыларының интенсивтілігі: Score 3: 1,37 тCO ₂ e/адам. Score 1 және 2: 0,79 тCO ₂ e/адам. Екі коэффициенттің де бөлгіші – жалпы қызметкерлер саны.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
ҚАЛДЫҚТАР				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	62-бет	Экологиялық әсерді басқару тәсілі	<p>3-3-e.i.: Есепті кезеңнің соңында әрекеттердің тиімділігін бақылау үшін қолданылатын нақты процестер туралы ақпарат қолжетімсіз болды.</p> <p>3-3-e.iii.: Әрекеттердің тиімділігі және мақсаттар мен міндеттерге жетудегі прогресс туралы мәліметтер әзірше ұсынылған жоқ.</p> <p>3-3-e.iv.: Компания қағазды пайдалануды азайтуға міндеттеніп, тиімділікті арттыру және қағаз қалдықтарын азайту үшін цифрландыруды белсенді түрде жүзеге асыруда.</p> <p>3-3-f.: Клиенттермен өзара әрекеттесу цифрлық өнімдер арқылы жүзеге асырылады; қосымша ақпарат алу үшін «Цифрлық өнімдер» бөліміне қараңыз.</p>
GRI 306 Қалдықтар 2020	GRI 306-2 Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	69-бет	Қалдықтарды басқару	
	GRI 306-3 Пайда болатын қалдықтар	69-бет	Қалдықтарды басқару	

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
АДАМИ КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	42-бет	Лайықты еңбек жағдайлары	<p>3-3-d.ii. Есептік кезеңде нақты теріс әсерлер анықталмағандықтан, бұл ақпарат жарияланбайды.</p> <p>3-3-e. Топтың адам капиталы басқару процесінің тиімділігі ішкі және сыртқы аудиттер, негізгі көрсеткіштерді бақылау және жыл сайынғы қызметкерлер сауалнамасы арқылы бағаланады. Ішкі аудиттер «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, Freedom Finance Global PLC, «Freedom Life» ӨСК» АҚ, Freedom Finance Europe Ltd және Freedom Technologies Ltd-де жүргізіледі. Адам капиталы басқаруға қатысты негізгі көрсеткіштерді бақылау «Freedom Finance Insurance» СК» АҚ, Freedom Telecom Holding Ltd, «Arbuz Group» ЖШС және Freedom Technologies Ltd-де жүзеге асырылады. Freedom Finance Europe Ltd-де сыртқы аудит және жыл сайынғы қызметкерлердің сауалнамасы өткізіледі.</p> <p>3-3-e.ii, e.iv.: Өткен жыл тәжірибесін қарастыру нәтижесінде HR жүйесін орталықтандыру және персоналды басқару саясатының шеңберін Топ деңгейінде қабылдау туралы шешім қабылданды, бұл FY 2025 жылға дейін жүзеге асырылады. Сонымен қатар, FY 2025 жылы ESG тақырыбы бойынша оқыту бағдарламаларын қоса алғанда, Топ қызметкерлері үшін ішкі және сыртқы оқу бағдарламаларын кеңейту жоспарлануда. Адам капиталы басқару құралдарының мақсаты – жаңа қызметкерлер мен жоғары басқарушылардың дағдылары мен құзыреттерін үздіксіз дамыту мен кеңейту болып табылады.</p> <p>3-3-e.iii: Құпиялылық себептерімен ақпарат жарияланбайды: ішкі және сыртқы аудиттердің нәтижелері, сондай-ақ негізгі көрсеткіштерді бақылау нәтижелері құпия болып табылады.</p>
	GRI 202 2016 нарыққа қатысу	GRI 202-1 Ұйым қызметінің өңірлерінде белгіленген ең төменгі жалақыға жынысы бойынша бөліністегі қызметкерлер үшін бастапқы деңгейдегі стандартты жалақының қатынасы	44-бет	Лайықты еңбек жағдайлары
GRI 202-2 Жергілікті халық өкілдерінен жалданған жоғары атқарушы буын басшыларының үлесі		46-бет	Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 401 Жұмыспен қамту 2016	GRI 401-1 Жаңа қызметкерлердің жалпы саны, кадрлардың ауысуы	40-бет	Freedom Holding Corp. командасы цифрмен	Есеп беру кезеңінде Компания толық жұмыс күніндегі қызметкерлерге компанияның акцияларына ие болу құқығын ұсынбады.
GRI 401 Жұмыспен қамту 2016	GRI 401-2 Уақытша немесе штаттан тыс қызметкерлерге берілмейтін штаттық қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	42-бет	Лайықты еңбек жағдайлары	401-2.vi: Есепті кезеңде Компания толық уақытты қызметкерлерге Компанияның акцияларын иелену құқығын ұсынбады.
	GRI 401-3 ана/әке үшін демалысы	42-бет	Лайықты еңбек жағдайлары	
GRI 402 Еңбекті басқарудағы қатынастар 2016	GRI 402-1 ұйымның қызметіндегі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі	43-бет	Лайықты еңбек жағдайлары	402-1-b. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Компанияда жарамды ұжымдық шарттар болмаған.
GRI 404 Оқыту және білім беру 2016	GRI 404-1 Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны	44-бет	Қызметкерлерді оқыту және дамыту	404-1-a. Бұл көрсеткіш қызметкерлердің ішкі міндетті тренингтерін ескере отырып есептелді
	GRI 404-2 Жұмысшылардың жұмыспен қамту қабілетін қолдауға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары	80-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштерінің кестесі	404-2-b: Компания зейнетке шығу немесе жұмыстан босатылу нәтижесінде еңбек нарығында қайта жұмысқа орналасуды жеңілдететін және мансапты басқаруға көмектесетін көмек бағдарламаларын ұсынбайды.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	48-бет	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	<p>3-3-d.ii, iii, e.i, iii, iv: Есеп беру кезеңінде компания мен оның еншілес ұйымдарында еңбекке байланысты жарақаттар немесе кәсіби аурулар тіркелген жоқ. Мұндай жағдайлар туындаған кезде, Есептік топтың ұйымдары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес шаралар қабылдайды.</p> <p>3-3-e.ii: Қазіргі уақытта денсаулық және қауіпсіздік мақсаттары белгіленген жоқ.</p> <p>3-3-f: Денсаулық және қауіпсіздік мәселелері бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қызметкерлерді ақпараттандыру және оқыту, денсаулық және қауіпсіздік бойынша ішкі реттеуші құжаттармен таныстыру және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес белгіленген басқа әдістер арқылы жүзеге асырылады.</p>
--	--	--------	--	--

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік 2018	GRI 403-1 Еңбекті қорғауды басқару жүйесі	48-бет	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	403-1-b: Есептік топ ұйымдарындағы денсаулық және қауіпсіздікті басқару жүйелері осы ұйымдардың барлық қызметкерлерін қамтиды.
	GRI 403-5 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқыту	48-бет	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	
	GRI 403-6 Қызметкерлердің денсаулығын сақтау	48-бет	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	
GRI 403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік 2018	GRI 403-9 Жұмыс орнындағы жарақат	48-бет	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау	403-9-b: Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Ақпарат қолжетімсіз: Қазіргі уақытта Есептік топ ұйымдарындағы жұмыс орнындағы жарақат туралы жазбалар тек осы ұйымдардың қызметкерлері үшін жүргізіледі. Негізгі басымдық осы жазбалардың дәлдігін қамтамасыз етуге бағытталған, болашақта бұл саладағы кез келген өзгерістер денсаулық пен қауіпсіздік тәжірибесін тұрақты түрде қарау шеңберінде жүзеге асырылады.
				403-9-c: Жұмысқа байланысты қауіптерді анықтау қолданыстағы заңнама талаптарына және Есептік топ ұйымдарының операциялық қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Өндірістік қауіптердің жоғары деңгейі болуы ықтимал компанияларда қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірленген.
				403-9-f: Қазіргі уақытта Есептік топ ұйымдарындағы жұмыс орнындағы жарақаттар тек осы ұйымдардың қызметкерлері үшін ғана тіркеледі.
				403-9-d: Қауіпті анықтау нәтижелеріне байланысты әртүрлі қорғаныс әдістері қолданылуы мүмкін, мысалы, жою, алмастыру, инженерлік бақылау, әкімшілік бақылау және жеке қорғаныс құралдары. Өндірістік қауіптің жоғары деңгейі болуы ықтимал компанияларда қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірленген.
				403-9-g: Деректер жинау қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес есеп жүйелері арқылы, сондай-ақ GRI стандарттарына сәйкес жүзеге асырылды.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	46-бет	Адам құқығы	<p>3-3-b, d, e. Есепті кезеңде Компания Топ ішінде адам құқықтарына көзқарасты әзірлеуді бастады және Адам құқықтары жөніндегі саясатты бекітті. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Топта адам құқықтарын тексеруді жүргізудің ресми тәсілі әлі қалыптасқан жоқ. Адам құқықтарына теріс әсер етудің алдын алу шарасы ретінде Компанияның, оның еншілес ұйымдарының барлық директорлары, қызметкерлері, Компания атынан әрекет ететін жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылатын Адам құқықтары жөніндегі саясат әзірленді және бекітілді.</p> <p>3-3-f. Бақылау пакетін ұстаушы басқаратын Компанияның Директорлар кеңесі Freedom Holding Corp. Адам құқықтары жөніндегі саясатын қарауға және бекітуге қатысты. Сондай-ақ адам құқықтарын тексеру процесінде әртүрлі мүдделі тараптармен жұмыс істеу жоспарлануда.</p>
ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР; ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	46-бет	Тең мүмкіндіктер, Адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу	<p>3-3-b, d, iii, e. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тең мүмкіндіктер, әртүрлілік және инклюзия бойынша тиісті тексеру процесі ресімделмеген.</p> <p>3-3-d.i: Тең мүмкіндіктер, әртүрлілік және инклюзия саласындағы жағымсыз әсерлердің алдын алу шарасы ретінде Компанияның барлық директорлары, қызметкерлері, оның еншілес ұйымдары және Компания атынан әрекет ететін жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылатын Адам құқықтары саясаты және ESG саясаты әзірленді және бекітілді.</p> <p>3-3-d.ii: Есепті кезеңде тең мүмкіндіктер, әртүрлілік және инклюзия саласындағы нақты теріс әсерлер анықталған жоқ.</p> <p>3-3-f: Мүдделі тараптармен жұмыс жергілікті шағымдарды қарау механизмдері арқылы жүзеге асырылды, шығу сұхбаттары мен сауалнамалар да қарастырылды.</p>
GRI 202 Нарыққа қатысу 2016	GRI 202-2 Жергілікті қоғамдастықтан жалданған жоғары басшылық құрамының үлесі	46-бет	Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу	

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
GRI 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	GRI 405-1 Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	28, 46-бет	Корпоративтік басқару жүйесі; Тең мүмкіндіктер, Адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу	
GRI 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	GRI 405-2 Әйелдер мен ерлердің негізгі жалақысы мен төлемдерінің қатынасы	46-бет	Тең мүмкіндіктер, Адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу; 1-қосымша: GRI көрсеткіштері кестесі	405-2-а, b. Компания жалпы төлемдер, соның ішінде бонус жүйесі, құпиялылық себептерімен мәліметтерді жарияламайды
GRI 406 Кемсітпеу 2016	GRI 406-1 Кемсітушілік оқиғалары мен қабылданған түзету шаралары	46-бет	Тең мүмкіндіктер, Адам құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу	3-3-b.ii,iii. Қаржылық есептілік кезеңінде Есептік топ ішінде расталған кемсітушілік оқиғалары тіркелген жоқ, сондықтан түзету жоспарларын жүзеге асыру қажеттілігі туындаған жоқ.
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР				
GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	50-бет	Жергілікті қоғамдастықтар мен қызмет көрсету өңірлерінің дамуына қосқан үлес	3-3-f. Қор инвестициялық бағыттарды және жобаларды таңдау стратегияларын анықтаған кезде экологиялық қамқорлық, қоғамға әсер ету және тұрақты экономикалық өсім қағидаттарына негізделеді. Құрылымдық қатысушылармен байланысқа кіру қаржылық қолдау көрсету үшін сыртқы өтіншітерді қабылдауды, оларды өңдеуді және Қордың Қамқоршылық Кеңесінің Төрағасы болып табылатын бақылаушы акционермен талқылауды қамтиды.
GRI 201 Экономикалық Өнімділік 2016	GRI 201-3 Айқындалған жәрдемақы жоспарлары мен басқа зейнетақы жоспарлары	83-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштері кестесі	Компания жұмыс істейтін өңірлерде заңнамада көрсетілмеген арнайы зейнетақы қорлары немесе бағдарламалар жоқ. Компания жергілікті заңнамаларға сәйкес міндетті әлеуметтік жарналарды төлейді: Қазақстан Республикасында – 2023 жылы 10%, 2024 жылы 11,5%; Қырғыз Республикасында – 25%; Өзбекстан Республикасында – 8%. Есепті кезеңнің соңында міндетті зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасы 3,6 млрд теңгені құрады. Жұмыс берушінің жалақыға енгізген жалпы үлесі 9,3% болды. Қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат Топтың барлық компаниялары үшін жарияланған, Freedom Finance Europe компаниясынан басқа. Жергілікті заңнамаға сәйкес, компания әлеуметтік сақтандыру қорына (САҚ) 8,8% мөлшерінде тұрақты міндетті жарналар төлейді, ол зейнетақылар мен басқа да жәрдемақыларды төлеуге жұмсалады. САҚ зейнетақы жарналарының үлесін жарияламайтындықтан, осы көрсеткішті жариялау мүмкін емес.
GRI 203 Тікелей Емес Экономикалық Әсерлер 2016	GRI 203-1 Инфрақұрылымдық инвестициялар мен қолдау көрсетілген қызметтер	57-бет	Жергілікті қоғамдастықтар мен қызмет көрсету өңірлерінің дамуына қосқан үлес	

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
БИЗНЕС ЭТИКАСЫ				
GRI 3 Маңызды Тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптардың басқарылуы	34-бет	Іскерлік этика және комплаенс	3-3-e.i. Есепті кезеңнің соңында Компания әрекеттің тиімділігін бақылауға арналған біртұтас Топтық әдіснаманы енгізген жоқ. 3-3-f. Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдарының бизнес тәжірибесіне қатысты күдік-шағымдарға жауап ретінде, есепті кезеңде тәуелсіз басқару мүшелері Компанияға және оның бизнесіне қатысты шағымдарды сыртқы тексеруді тапсырып, оны жүзеге асырды.
GRI 201 Экономикалық Өнімділік 2016	GRI 201-4 Үкіметтен алынған қаржылық көмек	84-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштері кестесі	3-3-a. Есепті кезеңде Компания осы көрсеткішке сәйкес үкіметтен қаржылық көмек алған жоқ. 3-3-c. Компанияның акциялар құрылымында үкімет жоқ.
GRI 415 Қоғамдық Саясат 2016	GRI 415-1 Саяси үлестер	84-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштері кестесі	Freedom Holding Corp. саяси партияларға, саясаткерлерге немесе олардың өкілдеріне қаржылық үлестер жасамайды.
КОМПЛАЕНС				
GRI 3 Маңызды Тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптардың басқарылуы	34-бет	Іскерлік этика және комплаенс	
КИБЕРҚАУІПСІЗДІК				
GRI 3 Маңызды Тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптардың басқарылуы	33-бет	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	3-3-e.ii. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Құпиялылық шектеулері: Компания құпиялылық себептерімен өз мақсаттары мен нысаналарына қол жеткізу прогресін өлшеу үшін қолданатын көрсеткіштерді жарияламайды.
GRI 418 Тұтынушылардың Құпиялылығы 2016	GRI 418-1 Тұтынушылардың құпиялылығын бұзу және тұтынушылар деректерінің жоғалуы туралы расталған шағымдар	84-бет	1-қосымша: GRI көрсеткіштері кестесі	418-1-с. Есепті кезеңде деректердің бұзылу оқиғалары тіркелген жоқ.

GRI СТАНДАРТЫ	АШЫЛУЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ				
GRI 3 Маңызды Тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптардың басқарылуы	32-бет	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	3-3-е.ii. Ақпаратты жариялаудан бас тарту – Құпиялылық шектеулері: Компания өз мақсаттары мен нысаналарына қол жеткізу прогресін өлшеу үшін қолданатын көрсеткіштерді құпиялылық себептерімен жарияламайды. 3-3-е.iii. Орталықтандырылған тәуекелдерді басқару жүйесі 2024 қаржы жылында құрылғандықтан, Компания әрекеттерінің тиімділігі туралы ақпаратты жариялай алмайды. 3-3-f. Қатысушыларды тарту туралы қосымша ақпарат үшін Компанияның SEC-ке тапсырылған 10-K нысанына қараңыз.
КОРПОРАТИВТІ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАСҚАРУ				
GRI 3 Маңызды Тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптардың басқарылуы	18-бет	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	3-3-а. Тиімді тұрақты дамуды басқару жүйесі Компанияның есепті кезеңде анықтаған барлық маңызды тұрақтылық тақырыптарын басқару үшін негізгі талап болып табылады. 3-3-е.i. Басқа маңызды тақырыптарға қатысты жетістіктер тұрақтылықты басқару жүйесінің тиімділігін көрсетеді. 3-3-е.ii, iii. Компанияның тұрақты дамуды басқару жүйесі ESG көрсеткіштерін ескере отырып, Есептік топ бизнесінің ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл операциялардың теріс әсерін азайту, ESG-тәуекелдерді тиімді басқару және ESG-мүмкіндіктерді анықтау шараларын қамтиды. Толығырақ ақпарат үшін Freedom Holding Corp. компаниясының ESG саясатына қараңыз.
ӘДІЛ ЖӘНЕ МАҚСАТҚА БАҒЫТТАЛҒАН БАСҚАРУШЫ СЫЙАҚЫ				
GRI 3 Маңызды Тақырыптар 2021	GRI 3-3 Маңызды тақырыптардың басқарылуы	31-бет	Корпоративтік басқару жүйесі	

2-ҚОСЫМША: SASB КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП	КӨРСЕТКІШ	КӨРСЕТКІШТІҢ КОДЫ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ				
Қызметкерлердің әртүрлілігі мен инклюзивтілігі	(1) гендерлік өкілдіктің және (2) (a) атқарушы басшылық үшін қызметкерлердің түрлі топтарының (түрліліктің) ұсынылуы, (b) атқарушы емес басшылықтың, (c) мамандар мен (d) барлық қалған қызметкерлердің пайыздық қатынасы.	FN-AC-330a.1	Қызметкерлерге қамқорлық: Тең мүмкіндіктер және кемсітпеушілік	
	Клиенттерге өнімдер мен қызметтер туралы ақпарат беру әдісін сипаттау.	FN-AC-270a.3 FN-IN-270a.4	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	«Фридом Финанс» АҚ және Freedom Finance Global PLC клиенттерге ақпаратты келесі механизмдер арқылы береді: Бекітілген құжаттаманың корпоративтік сайттарында үш тілде (орыс, қазақ және ағылшын) жарияланымдар: <ul style="list-style-type: none"> • Өнімдерді ашу немесе клиенттік жүйелерде тіркеу кезінде оферта шарттарымен танысу; • Баспасөз релиздері мен БАҚ мақалаларын жариялау; • Клиенттерді қолдау қызметтері арқылы тікелей байланыс. • Клиенттермен коммуникацияларды жүзеге асыру тәртібі корпоративтік коммуникациялық саясатпен айқындалған. Институционалдық клиенттермен байланыс негізінен жеке менеджерлер, Инвестициялық банкинг және қазынашылық қызметкерлері, priority-бөлімшелері қызметкерлерінің талдаушылары арқылы жүзеге асырылады. Бөлшек клиенттермен байланыс барлық қол жетімді механизмдер арқылы жүзеге асырылады.
	Бұзушылықтар туралы өтініштерге қатысты саясаттар мен рәсімдердің сипатталуы	FN-IB(AC)-510a.2	Корпоративтік басқару: шағымдар және хабарлау механизмдері	
ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ				
Деректердің қауіпсіздігі	Киберқауіпсіздік тәуекелдерін анықтау және басқару тәсілінің сипаттамасы	FN-CF-230a.3	Корпоративтік басқару: Тәуекелдерді басқару	
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ				
Қызметкерлердің әртүрлілігі мен инклюзивтілігі	(1) гендерлік өкілдіктің және (2) (a) атқарушы басшылық үшін қызметкерлердің түрлі топтарының (түрліліктің) ұсынылуы, (b) атқарушы емес басшылықтың, (c) мамандар мен (d) барлық қалған қызметкерлердің пайыздық қатынасы.	FN-IB-330a.1	Қызметкерлерге қамқорлық: Тең мүмкіндіктер және кемсітушілікке жол бермеу; Корпоративтік басқару жүйесі.	

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП	КӨРСЕТКІШ	КӨРСЕТКІШТІҢ КОДЫ	ЕСЕПТІҢ БӨЛІМІ	ТҮСІНІКТЕМЕ
Экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын инвестициялық банкинг және брокерлік қызметтерге енгізу	(1) Андеррайтинг, (2) кеңес беру және (3) секьюритизация мәмілелерінен алынған табыс, экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) факторларын интеграциялау бойынша, сала бойынша	FN-IB-410a.1	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	ESG факторларын интеграциялау бойынша андеррайтинг мәмілелерінен брокерлік ұйымдардың табысы, сала бойынша: <ul style="list-style-type: none"> Тұтынушылық қаржы (402020) – 1 866 051 АҚШ доллары; Ауыл шаруашылығы өнімдері мен қызметтер (302020) – 173 525 АҚШ доллары. Есеп 2024 жылғы тамыздағы Global Industry Classification Standard (GICS) қолданады.
	Андеррайтингтік (a), консультациялық (b), секьюритизация (c) транзакцияларының саны (1) мен құны (2).	FN-IB-000.A	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Брокерлік ұйымдар жүргізген андеррайтинг мәмілелерінің саны: 35; Брокерлік ұйымдар жүргізген андеррайтинг мәмілелерінің құны, АҚШ доллары: 423 773 382 АҚШ доллары; Брокерлік ұйымдар жүргізген кеңес беру мәмілелерінің саны: 19; Freedom Holding Corp. кеңес беру мәмілелерінің құнын жарияламайды.
	Маркет-мейкингтік мәмілелердің (ағылш. market making transactions) саны мен құны (a) тұрақты кіріс, (b) акциялар, (c) валюта, (d) туынды қаржы құралдары және тауар өнімдері бар.	FN-IB-000.C	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Брокерлік ұйымдар жүргізген тұрақты табыс бойынша нарық жасау мәмілелерінің саны: 1 430; Брокерлік ұйымдар жүргізген тұрақты табыс бойынша нарық жасау мәмілелерінің құны, АҚШ доллары: 20,6 млн АҚШ доллары. Брокерлік ұйымдар жүргізген акциялар бойынша нарық жасау мәмілелерінің саны: 54 254; Брокерлік ұйымдар жүргізген акциялар бойынша нарық жасау мәмілелерінің құны, АҚШ доллары: 116,2 млн АҚШ доллары.
Ұйымның қызметі				
САҚТАНДЫРУ				
Клиенттерге ашық ақпарат және адал кеңес беру	Клиенттерді ұстап қалу деңгейі.	FN-IN-270a.3	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Freedom Holding Corp. сақтандыру компанияларының клиенттерін ұстап қалу көрсеткіші 0,74 құрады.
Жүйелік тәуекелдерді басқару	Жүйелік сақтандырудан тыс қызметпен байланысты капитал мен өтімділікке қатысты тәуекелдерді басқару тәсілінің сипаттамасы.	FN-IN-550a.3	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Freedom Holding Corp. сақтандыру компанияларының тәуекел-менеджмент бөлімшелері күнделікті негізде реттеуші белгілеген пруденциалдық нормативтердің және басқа да міндетті нормативтік талаптардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады. Инвестициялық тәуекелдер мен сақтандыру қызметінің тәуекелдері бойынша стресс-тестілеу сақтандыру компанияларында тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырылады. Стресс-тестілеу нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына және реттеушіге (ҚНРДА) ұсынылады.
Ұйымның қызметі	Сегменттер бойынша қолданыстағы полистердің саны: (1) мүлік және жазатайым оқиғалардан сақтандыру, (2) өмір, (3) болжамды қайта сақтандыру.	FN-IN-000.A	2-қосымша: SASB көрсеткіштерінің кестесі	Есептік кезеңнің соңында әрбір сегмент бойынша күшінде болған полистер саны: <ul style="list-style-type: none"> Мүлікті сақтандыру және апаттық оқиғалардан сақтандыру: 373 359 полис; Өмірді сақтандыру: 220 352 полис; Қайта сақтандыру: 458 полис. ⁷⁵

⁷⁵ Көрсетілген категориялар Freedom Holding Corp. сақтандыру компаниялары үшін толық емес.

3-ҚОСЫМША: ЕСЕП БЕРУ КЕЗЕҢІНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Компания ESG ықпалдастығын, тәуекелдерін және мүмкіндіктерін басқару тәсілдерін жақсарту бағытында тұрақты түрде жұмыс істейді. Есеп беру кезеңінен кейін Freedom Holding Corp. анықталған салалардағы операцияларын оңтайландыру мақсатында шараларды жүзеге асыруды жалғастырды, бұл өзіміздің тұрақтылық күш-жігеріміздің тиімділігін және ашықтығын арттыруға бағытталған.

Freedom Holding Corp. жаһандық ауқымын кеңейтуді басымдық ретінде қарастырады, бұл процесс компания жұмыс істейтін әрбір құзыреттің ерекше заңнамалары мен нормативтік талаптарын мұқият сақтауды талап етеді. Бұл күрделіліктерді басқаруда мамандандырылған тәжірибенің қажеттілігін мойындай отырып, Компания өзінің Директорлар кеңесінің құрамын кеңейту бойынша стратегиялық қадам жасады. Есеп беру кезеңінің соңынан кейін Директорлар кеңесіне Эндрю Гэмбл, Қайрат Келімбетов және Филипп Вогелеер тағайындалды. Аталған жаңа директорлар қаржы, құқық, экономикалық реформалар және ұлттық даму бастамаларын басқару салаларында мол тәжірибеге ие. Олардың көпқырлы білімдері мен көзқарастары Компанияның стратегиялық басқаруында маңызды рөл атқаратындығы күтілуде, бұл Freedom Holding Corp.-тың одан әрі дамуына және өсуіне қолдау көрсететін құнды түсініктер береді.

Осы тағайындаулармен қатар, Компания 2024 қаржы жылынан кейінгі кезеңде Бас заң директоры лауазымын құру арқылы маңызды құрылымдық өзгеріс жасады. Бұл жаңа рөл Компанияның құқықтық негіздерін күшейту және кәсіпорын бойынша біртұтас құқықтық құрылымды орнату, сондай-ақ Топтың көп құзыретті заңын үйлестіруді жақсартуға деген міндеттемесін білдіреді. Freedom Holding Corp.-ның бұрынғы тәуелсіз директоры Джейсон Керр осы рөлді қабылдап, Директорлар кеңесінен бір уақытта бас тартты. Оның кең көлемді тәжірибесі мен Компанияны терең түсінуі бұл рөлде аса маңызды болады.



Компания Қазақстанда Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) үлес қосуға ниетті, бұл Freedom Shapagat Корпоративтік Қоры арқылы жүзеге асырылады. Бұл міндеттеме елде әлеуметтік және экономикалық оң өзгерістерді ынталандыруға бағытталған әртүрлі бастамаларды қолдау және дамытуда көрініс табады.

Есеп беру кезеңінен кейін Freedom Shapagat Корпоративтік Қоры әсерлі жобаларды қолдауда белсенді рөлін жалғастырды. Бұл бастамалар спорт пен сау өмір салтын насихаттауға, технологиялық секторда әйелдердің қатысуын арттыруға, білім беру мүмкіндіктерін жақсартуға, жергілікті инфрақұрылымды дамытуға және биоәртүрлілікті қалпына келтіруге бағытталды.

Осы жобаларды қолдау арқылы Компания Қазақстанда берік, дені сау қауымдастықтарды қалыптастыруға және тұрақты прогресті алға жылжытуға көмектеседі.

Бұл күш-жігер Компанияның әлеуметтік жауапкершілікке және ТДМ-ды ілгерілетуге, әсіресе денсаулық сақтау, гендерлік теңдік, сапалы білім, инфрақұрылым және биоәртүрлілік салаларында белсенді қатысуына негізделген.

СПОРТТЫ ҚОЛДАУ

Қор Қазақстанның футбол клубымен жергілікті кәсіби футболды дамыту мақсатында ынтымақтастықты жалғастыруда. 2025 қаржы жылында «Елімай» футбол клубымен 1,3 млрд теңгеге жаңа демеушілік келісім-шартқа қол қойылды. Бұл қаржы Семейдегі клубтың инфрақұрылымын дамытуға және стадион үстінде «Елімай Фридом» күмбезін орнатуға жұмсалады. Сонымен қатар, Freedom Shapagat «Жеңіс» футбол клубымен серіктестігін жалғастырып, 2025 қаржы жылында оған 250 млн теңге демеушілік бөлді.

Қор сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті футбол клубтарын құру үшін «UNI Football League» арқылы 20 млн теңге демеушілік бөлуге міндеттеме алды. Бұл қаржы Қазақстанның тоғыз қаласында клубтарды ашуға, жаттықтырушыларды жалдауға, униформалар мен спорттық жабдықтар сатып алуға және футбол алаңдарын жалдауға жұмсалады.

Қор 2025 қаржы жылында ATP 250 Алматы Ашық теннис турнирін демеушілікпен қолдауға да ниетті. Жалпы қаржыландыру көлемі 450 млн теңгеге жуық болады.



БІЛІМ БЕРУГЕ ҚОЛДАУ

Есеп беру кезеңінен кейін Қор Қазақстандағы білімді қолдау бағытындағы күш-жігерін жалғастырды. Осылайша, 22 университетке қаржылай көмек көрсету үшін 1,1 млрд теңгелік ауқымды жоба іске қосылды. Freedom Sharagat бастамасымен «Қазақстан тарихы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін» атты академиялық көптомдық кітаптың жариялануы жоспарлануда. Кітап орыс тілінде жарық көріп, Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған.

Freedom Sharagat «Шын жүректен» қайырымдылық акциясына қатысып, 2024 жылдың көктемінде су тасқынына ұшыраған Батыс Қазақстан өңіріндегі 350 отбасына мектеп жабдықтарын таратты. Бұл бастама Компания қызметкерлерінің 161 млн теңгеден

астам қаражат жинауымен қаржыландырылды. Жиынтықтарға мектеп сөмкелері, киімдер және ноутбуктер кірді.

БИОӘРТҮРЛІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ҚОЛДАУ

Қор қоршаған ортаға оң әсер етуді өзінің басымдықтарының бірі ретінде қарастыруда. Осылайша, 2025 қаржы жылында Ұлытау тауларында Тұран жолбарысын қайта енгізу жобасын іске асыру үшін 100 млн теңге қаржы бөлу міндеттемесін қабылдады. Бұл қаржы қайта енгізу үшін жағдайлар жасауға және аймақтағы табиғи, тарихи және мәдени нысандарды сақтау бойынша көмек көрсетуге жұмсалады.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУҒА ҚОЛДАУ

2025 қаржы жылында Қор Қазақ ұлттық опера және балет театрына қолдау көрсету үшін 400 млн теңге бөлуді жоспарлап отыр. Бұл қаржы ғимаратты жөндеуге, оның қызмет көрсету шығындарын жабуға және театрдың статустық мақсаттары мен міндеттерін орындауға мүмкіндік береді.

БАСҚА ЖОБАЛАР

Freedom Sharagat инновацияны технологиялық секторда насихаттауға деген міндеттемесі аясында IT хабтармен ынтымақтастықты жалғастырады. 2025 қаржы жылында Қор «Terricon Valley» IT Хабы ұйымдастырған хакатонға және Freedom Lab-ты қайта жобалау мен құрылысқа 20 млн теңге демеушілік беруді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, 2024 жылдың көктемінде Қор Астанадағы TechnoWomen Central Asia: AI Forum-ды демеушілікпен қолдады. Форум әйелдердің ақпараттық технологиялар, соның ішінде жасанды интеллектіні дамытудағы қатысуына арналды.



4-ҚОСЫМША: ГЛОССАРИЙ

АББРЕВИАТУРА/ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗ	ТОЛЫҚ АТАУЫ
AIX	Astana International Exchange / Астана қор биржасы
CEO	Chief Executive Officer / Бас атқарушы директор
CFO	Chief Financial Officer / Бас қаржы директоры
CH ₄	Метан
CO ₂	Көміртегі диоксиді
COVID-19	Коронавирус инфекциясы
ESG	Environmental social governance
FINRA	Financial Industry Regulatory Authority / Қаржы қызметтерін реттеу қызметі
FY	Fiscal year / Қаржы жылы
GRI	Global Reporting Initiative
HR	Human Resources
INC.	Incorporated Company
KASE	Қазақстандық қор биржасы
LLC	Limited Liability Company
LLP	Limited Liability Partnership
LTD.	Limited Company
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate / Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті
N ₂ O	Азот оксиді
NYSE	Нью-Йорк қор биржасы
PCAF	The Partnership for Carbon Accounting Financials / Қаржы секторындағы көміртекті есепке алу бойынша ынтымақтастық
PLC	Public limited company / жауапкершілігі шектеулі ашық жариялық компания

АББРЕВИАТУРА/ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗ	ТОЛЫҚ АТАУЫ
SASB	Sustainability Accounting Standards Board
SEC	Securities and Exchanges Commission / Құнды қағаздар мен биржалар бойынша комиссия
SOX	Сарбейнз-Оксли заңы
US GAAP	United States Generally Accepted Accounting Principles / Бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидалары
USAID	Халықаралық даму бойынша АҚШ агенттігі
USD	АҚШ доллары
UX	Украин биржасы
UZCE	Өзбек республикалық валюталық биржасы
UZSE	«Тошкент» республикалық қор биржасы
АО	Акционерлік қоғам
ҚНРДА	Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттік
ЖОО	Жоғарғы оқу орны
ЖШ	Жаһандық шарт
ГДЖ	Гигаджоуль
ГКАЛ	Гигакалория
ЕМС	Ерікті медициналық сақтандыру
ЕО	Еуропалық одақ
ЖЖӨОШ	Жерді пайдалану, жер пайдаланудағы өзгеріс және орман шаруашылығы
ЖК	Жеке кәсіпкер
АЖ	Ақпараттық жүйе
АТ	Ақпараттық технологиялар

АББРЕВИАТУРА/ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗ	ТОЛЫҚ АТАУЫ
КВТСАФ	Киловатт-сағат
ТӨК	Тиімділіктің өзекті көрсеткіштері
ӨСК	Өмірді сақтандыру компаниясы
КҚ	Корпоративтік қор
МЛ	Мегалитр
МЖ	Минималды жалақы
АҚХҚ	Аралды құтқару бойынша Халықаралық қор
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
БАЭ	Біріккен Араб Эмираттары
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖШҚ	Жауапкершілігі шектеулі қоғамы
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ПГ	Парниктік газдар
ҚР	Қазақстан Республикасы
ТМ	Тәуекел менеджмент
ДК	Директорлар кеңесі
СК	Сақтандыру компаниясы
БАҚ	Бұқаралық ақпараттар құралы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТД	Тұрақты даму
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары

6-ҚОСЫМША: НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРДІҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Компанияның тұрақтылы дамуға бағытталған күш-жігерінен тыс, бақылаушы акционер Тимур Турлов жергілікті және халықаралық деңгейде тұрақты даму қағидаттарын алға жылжытуға жеке жауапкершілік танытады.

2024 жылдың мамырында Тимур Турлов Орталық Азиядағы БҰҰ Жаһандық шартының Консультативтік Комитетінің Төрағасы қызметіне кірісті. Бұл комитет трансшекаралық су, экология, аштық, кедейлік, инфрақұрылым, сондай-ақ энергия және азық-түлік қауіпсіздігімен байланысты мәселелерді тиімді шешу үшін құрылды.

2023 жылдың желтоқсанында 28-ші БҰҰ Климаттың өзгеруі конференциясы (COP28) аясында Турлов мырза Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана халықаралық қаржы орталығы және Халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығы ұйымдастырған пленарлық сессияда сөз сөйледі. Сессияның тақырыбы тұрақты энергетикалық трансформацияға инвестициялар тарту және халықаралық қаржы ұйымдарының осы процестегі рөлі болды.

Шахматты дамытудағы үлесі үшін Турлов мырза Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі тарапынан «Аккредиттелген спорт



федерациясының ең үздік президенті» ретінде марапатталды. 2023 жылдың қаңтарынан бастап, Тимур Турлов Қазақстан Шахмат Федерациясының Президенті болып қызмет атқаруда, оның мақсаты — шахмат клубтарының санын арттыру, жаңа чемпиондарды тәрбиелеу үшін негіз қаландыру және шахматты әртүрлі аймақтарда дамыту.

СПОРТТЫ ҚОЛДАУ

Қазақстанда кәсіби спортты дамыту Турлов мырзаның қаржылай қолдау көрсететін басты бағыттарының бірі болып табылады.

Турлов мырза «Freedom QJ League» атты Қазақстанның жастар футбол лигасының қамқоршылық кеңесінің төрағасы. Бұл лигада Қазақстандық футбол клубтарының жастар командалары бар. Дәл осы есептің уақытында лигада Қазақстанның барлық өңірлерінен 32 команда және 960 ойыншы болды, ал лиганың тарихында 320 матч өткізілді. Есепті кезеңде Турлов мырзаның Freedom

Holding Corp. атынан жастар лигасына қосқан жеке үлестері 1,7 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, Турлов мырза Freedom Holding Corp. атынан 2023 жылы «SUPER BOL» спорттық реалисти шоуының екінші маусымын ұйымдастыру және өткізу үшін 788,63 млн теңге көлемінде жеке қаржылық қолдау көрсетті. Спорттық реалисти шоу кастинг, екінші іріктеу матчын және финалдық кезеңді қамтиды. Финалдық кезеңде жаттықтырушылардың жетекшілігімен кәсіби футбол дайындығы мен аптасына бір рет өтетін матчтар болады, қатысушылар үшін әлеуетті скауттармен кәсіби келісімшарттарға қол қою мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жоба 14 қалада жүзеге асырылды, кастинг 16-24 жас аралығындағы барлық адамға ашық болды.



Турлов мырза Freedom Holding Corp. атынан «Bibisara Asaubayeva Foundation» қоғамдық қоры арқылы халықаралық шахмат фестивалін ұйымдастыру және өткізу үшін 28,12 млн теңге көлемінде демеушілік қаржылық қолдау көрсетті. Бұл турнир, әйгілі гроссмейстерлердің қатысуымен, 2023 жылдың сәуірінде Астанада өтті.

БІЛІМ БЕРУ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ

Тимур Турлов IQanat атты әлеуметтік білім беру жобасының қамқоршылық кеңесінің мүшесі, бұл жоба ауылдық және қалалық оқушылардың сапалы білім алудағы теңсіздігін азайтуға бағытталған. Турлов мырзаның Freedom Holding Corp. атынан IQanat-тың білім беру бағдарламаларын қолдауға қосқан жеке үлестері 106,05 млн теңгені құрады.

Білім беру теңсіздігін азайтуға бағытталған тағы бір жоба — Teach for Qazaqstan білім беру қоры. Турлов мырза Freedom Holding Corp. атынан осы қордың негізгі қызметтері мен операциялық қажеттіліктеріне 300 млн теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсетті.



₸ 2,92 млрд

Турлов мырзаның Freedom Holding Corp. атынан білім беру және спорт жобаларына көрсеткен қаржылық көмегі.

www.freedomholdingcorp.com



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, Esentai Tower бизнес-орталығы

Есепке қатысты барлық сұрақтар мен ұсыныстар бойынша ESG Басқармасына хабарласуыңызға болады.

E-mail: esg@ffin.kz

Телефон: +7 (727) 355 7555